

# РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

ТУФАН ТІЛ №2 (46), 2021  
ЕЛАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,  
ӘДЕБИ-ҒЫЛЫМИ АЛЬМАНАХ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
**Әділбек ҚАБА**

БАС РЕДАКТОР  
**Зауытбек ТҰРЫСБЕКОВ**

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ  
**Бижомарт ҚАПАЛБЕК**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
**Смағұл ЕЛУБАЙ**  
**Ерден ҚАЖЫБЕК**  
**Ауыт МҰҚИБЕК**  
**Ғабит АБЗАЛБЕК**  
**Бабақұмар ХИНАЯТ** (*Мажарстан*)  
**Асай РӘМІШ** (*Монголия*)  
**Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ** (*Ресей, Орынбор*)  
**Қадыйша АБДЫБЕКОВА** (*Қыргызстан*)  
**Роза БАҚБЕРГЕНОВА** (*Түркія*)  
**Клара САДЫРБАЕВА** (*Өзбекстан*)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ  
**Аягул ОМАРОВА**

---

МЕНШІК ИЕСІ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,  
2007 жылғы 23 шілдеде №8514-А күелігі берілген.

## МАЗМҰНЫ:

Алғы сөз ..... 3

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫҢЫЦ ТЫНЫСЫ

Жәркен Бөдеш: «Жалғыздық Құдайдан кейін ақынға жарасады» ..... 5

جارکەن بودەش: «جالعىزدىق قۇدайдان كەين اقىنعا جاراسادى» ..... 9

Járken Bódesh: «Jalǵyzdyq Qudaidan kein aqynǵa jarasady» ..... 14

Камиля Асылбашева. Бастьысы – өзінді жоғалтып алма ..... 17

كاميليا اسلىباشەۋا: باستىسى - ئوزىڭدى جوعالىتىپ الما ..... 21

Kamílá Asylbasheva. Bastysy – ózińdi joǵaltyp alma ..... 24

Ләzzат Мұләзимоғлы (Мұқсатова). «Шетелде қазақтың тілін, салт-дәстүрін, мәдениеті мен өнерін дәріpteуді және танытуды мақсат етеміз» ..... 27

Lázzat Múlázimoğly (Muqsatova). «Shetelde qazaqtyń tilin, salt-dástúrin, mádenieti men ónerin dáripteýdi jáne tanytýdy maqsat etemiz» ..... 32

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫҢЫЦ ШЫГАРМАШЫЛЫГЫ

Ыбырай Дүйсенұлы. Өлеңдері ..... 36

Назарбек Байжігітов. Ана тіліміз Хаяу анамен бірге жаралған (Лингво-публицистикалық пайымдар) ..... 39

نازاربەك بایجىگىتۆ: انا ئىلىمىز حاۋا ئانامەن بىرگە جارالغان ..... 45

Жаңалықтар ..... 53

Қазақтың салт-дәстүрлері ..... 73

Qazaqtyń salt-dástúrleri ..... 74

Мақал-мәтелдерді жалғастыр ..... 75

### ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

Айгүл Мурзинова, Алтынай Тымболова.

Этникалық стереотиптердің лингвомәдени сипаты ..... 76

Aigúl Mýrzinova, Alýa Tymbolova. Etnikalyq stereotipterdiń lángvomádeni sıpaty ..... 81

Арайлым Шормақова. Көркем дискурстағы концептілердің көрінісі ..... 85

Айдана Махамбет. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық код ..... 91





# АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының екінші санын ұсынамыз. Альманахтың ішіндегі айдарлар жиналған редакцияға келіп түсken материалдарға сәйкес өзгеріп отырады. Бұл саны «Шетел қазақтарының тынысы», «Шетел қазақтарының шығармашылығы», «Лингвомәдениеттану» атты айдарлардан тұрады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев дүние жүзі қазақтарының II құрылтайында жасаған баяндамасында: «Дүниеде қазак деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық. Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шегара болмауға тиіс, тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз берілген олардан тараған үрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажүртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа», - деп көрсетті. «Туған тіл» альманахы қашан да Елбасының осы сезін тірек етіп келеді. Журналдың негізгі мақсаттарының бірі – шетел қазақтарының тұрмысы мен өмірін, қазақи мәдениеті мен дәстүрін таныту, туған тіліне деген құрметі мен адалдығын мақтан ете отырып көрсету. Сол себептен, біз альманахтың әр нөмірінде қандастарымыздың туған тілі мен ұлты үшін атқарып жүрген еңбегін, туған жерге деген сағынышы мен сүйіспеншілігін көрсетіп келеміз. 2021 жылдың 2-нөмірінде де шетелдегі қазақ мәдени үйимдарының өмірімен таныс бола аласыздар.

Журналды биыл дүниеден өткен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері және Түркі тілдер елдері поэзиясы II фестивалінің лауреаты, ҚХР дүниеге келген ірі ақын Жәркен Бөдештің сұқбатымен ашуды жөн көрдік.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында Анкарадағы «Көк ту» қазақ мәдени қоғамының төрайымы Ләzzат Мұләзимоғлының сұқбаты берілген.



Онда Түркиядағы қазақтардың өмірі, Анкарадағы қазақ тілі курсы, қоғамның атқарып жатқан іс-шаралары мен Қазақстанмен байланысы туралы баяндалған. Ал қандасымыз Камилла Асылбашевадан алынған сұқбатта Швециядағы «Абай» қоғамдық үйімі мен оның қазақ тілі мен мәдениетін дәріптеудегі маңызы туралы айттылған.

Журналдың «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарында қазақтың ақын ұлдары мен журналистерінің шығармашылығы ұсынылып отыр. Сонымен қатар, журналдың бұл санынан Қазақстандағы және шетелдегі жаңалықтармен танысып, қазақтың салт-дәстүрі туралы да мағлұмат ала аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына ғана емес, шетелдегі қазақ диаспораларына да арналғандықтан, бірқатар мақалалар латын және тәтебілдегі тәжірибелі қазақстандық шарашкада жазумен берілген.

**Редакция алқасы**



ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ТЫНЫСЫ



**Жәркен БӨДЕШ (1944-2021)**

*1944 жылы 15 мамырда  
ҚХР-дың Тарбагатай аймагы  
Толы ауданында дүниеге келген ақын,  
Халықаралық «Алаш» әдеби  
сыйлығының және Туркі тілдер  
елдері поэзиясы II фестивалінің  
лауреаты.*

**«ЖАЛҒЫЗДЫҚ ҚҰДАЙДАН КЕЙІН АҚЫНГА  
ЖАРАСАДЫ»**

Қазақ әдебиетінің жоқтаушылары мен жанкүйерлеріне, Қазақ өлең өнерінің қадау-қадау биіктерінің бірі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Туркі тілдес елдері поэзиясы II фестивалінің лауреаты, Қазақ поэзиясына «Жұлдызға орынын Ай бермес», «Жұлдызтас», «Бөрінің асығы», «Емендер түнде бүрлейді» қатарлы жыр жинақтарын сыйлаған замана жырауы Жәркен Бөдешұлымен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

— Тәуелсіздіктің алтын таңын көрген бақытты ақын ретінде осы тәуелсіздікті қанышалықты жырлай алдыңыз?

— Қазақ ұлтына тәуелсіздік үлкен күреспен келген. Біздің атабабаларымыздың өмірі күреспен өткен. Кіммен күреспеді? Кім жағасына жармаспады? Монгол да, қытай да, орыс та, тіпті іргендегі туысқан өзбек пен қырғыз да жау болды бір кезде. Солардың бәрімен қазақ елінің еркіндігі, жерінің жат табанға тапталмауы үшін күресті. Сол қазақтың ең үлкен бақыты — тәуелсіздік! Тәуелсіздік түрғанда қазақты ешкім тобықтан қаға алмайды. Қақтырмайды да. Мен шамам келгенше жырладым. Шығарған әр кітабымның ішінде тәуелсіздік туралы топтама өлеңдерім бар. Әр ақын өз әлінше жырлады бұл тәуелсіздікті. Мен де өз әлімше, Жаратқанның аузыма салған



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ТЫНЫСЫ

сөзін, жүрекке түсірген сәулесін іркіп қалған жоқын. Бірақ құр ұрандамадым. «Қубас ат» өлеңімде ұлттың еркіндігі үшін құрескен Қабанбай батырдың бейнесін тек ерліктерін тізбелеп бере бермей, рухын жаздым. Бізге, ең алдымен, рухы керек. «Аман болса Қаракерей Қабанбай мінген қубас ат, құйрық-жалынан алар едім ту жасап», – деп жырладым. Осындағы асыл бабаларымыздың рухы жебеп жүрсе, әр қазақтың жүрегінен өшпесе, тәуелсіздігіміз мәңгі баянды бола бермек.

Азаттық пен бостандық,

Еңсесі биік осы егіз сөз.

Мағынасы терең теңіз сөз.

Сөзімнің ішіндегі алтыны,

Тілімнің ұшындағы жарқылы.

Құм кесенің тубінде,

Мұра қалған бүгінге,

Ата бабамың аузынан қалған сарқыны, – деп жырладық шамамызша. Егемендік алған жиырма алты жылдан бері қарай жырлап келем. Өле-өлгенше жырлаймын.

– «*Туган жер*» тақырыбында көп жаздыңыз. Үл тақырып сіздің тағдырыңызben тікелей байланысты. Әлі де жазып жатырсыз ба? Қандай тақырыпқа ат басын көп бұрып жүрсіз?

– Үл өмір бойы таусылмайтын тақырып. Қашан жүрегім тоқтап қалғанша жырлап өтем тұған жерімді. Үлған ешкімнің ешқандай күмәні болмасын. Осы кезде де жүректі жегідей жеп жатқан да сол сағыныш. Сондықтан фой менің:

Жайырдан асқан тауым жоқ,

Жайырдан басқа жауым жоқ,

Дертінен кеттім жауыр бол, – деп айтатыным. Бұны біреулер Жәркен тұған жерін жек көреді екен деп ойлар. Жайыр тауды сағынғаным сонша, бұл күнде «жауым» болды.

Тұған жерден кеткелі,

Сағынышым көп тегі.

Айға қарап ұлыған,

Мен бір жалғыз Көк бөрі, – дедім, тұған жерді сағынғанда. Ал басқа тақырыптарға келсек, мен кез-келген тақырыпқа бара алам. Қоғам, уақыт, осы заман, осы күнгі адамдар, тағы да басқа. Астарлап саясатты да айтып жіберем кей кездері. Оны менің кітабымды оқыған адам байқайды. Өлеңдерімнің өзегі – сарғайған сағыныш. Қалғаны өзім өмір сүріп отырған дәуір, қоғам.

– «*Айға қарап ұлыған, мен бір жалғыз көкбөрі*», – дейісіз. *Жалғыздықты әдетте құдайдың бір белгісі ретінде айтып жатады. Сіз неге жалғызырайсыз?*

– Шынында бұлай деп сұрақ қойғаның орынды. Қазақтың тәмсіл сөзі фой «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деген. Ал мен айтар едім, жалғыздық құдайдан кейін ақынға жарасады деп. Өйткені ақынның жыры Құдайдың берген дәuletі. Мәңгілік дәuletі. Сол дәuletті ақсатпауымыз керек. Биіктетуіміз, аспандатуымыз керек. Ақындық – Құдайдың берген аманаты. Жалпы әдебиеттегі жалғыздық ол ақын немесе жазушының жан дүниесінің әлеміне байланысты. Бірақ ол жасандылық болмауы тиіс. Қазір әдебиетте жасандылық жоқ дей



алмаймын. Ал құдайдың жіберген шын таланты ондайға бармайды. Олардың өзгеден дара көрініп тұратыны сол. Бұған хакім Абайды алып айтуға болады. «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным» дейді күніреніп. Құдай шын талантқа ерекше ойлау қуатын береді де, ол көптен ерекшеленіп жалғыз қалады.

*– Әдебиеттегі жаңа ағымдарға қалай қарайсыз? Ол жаққа қалам сермен көрдіңіз бе?*

– Қазіргі заманға, нарыққа, байланысты поэзияның да айтары бұрынғыдан өзгерек. Қазіргі кезде көп жастар осыны өзінше айтам деп жеткізе алмай қиналады. Басқа елдің ақындарына, анаған-мынаған еліктейді. Сөйтіп өзінің ту тіккен отанын ұмытып қалады. Абайдың өзін ескі дейтіндер бар. Абай – мәңгі Абай. Адам нені оқыса да тек керегін ғана алу керек. Поэзия қоқыспен былғанбауы тиіс. «Ізденбегенниң із қалмайды» деген сөзім бар менің. Бірақ бүгінде ізденіп жүріп адасып кеткендер қаншама. Ал өзіме келсем, өлеңде жаңалықта мен бардым. Бірақ былай бардым деп нақтылы айта алмаймын. Өлеңімді оқыған адам оны сезеді. Біздің жыраулық сарын әлемдік поэзиямен әлмисақтан бері астасып жатыр. Поэзия жаралғаннан бастап жыраулық сарын мен қара өлең әлемдік деңгейге көтеріліп кеткен. Қазақ өзінің ұлы поэзиясы арқылы басқаға үлгі болуы керек.

*– Өлеңге сөзсіз үйқас керек не?*

– Мен осы үйқас деген нәрсеге басқаша қарадым. Біреулер ең алдымен үйқасты тауып алады. Үйқасып тұрса өлең деп есептейді. Ал шын ақының көңілінен шығатын ұлы жыр Құдайдың құдіретімен сұлу сөз болып өзі төгіле салады. Жыраулардың айтып-айтып келіп қара сөзге кіріп кететіні сияқты. Өздігінен үндесіп, үйқасып тұрады.

*– Үйқассыз өлең жаздының ба?*

– Үйқассыз өлең жаздым, ондай өлең бар менде. Бала кезімде есімде қалған, қариялардан естіген Үйбек деген бүркітші туралы оқиға негізінде жазылған «кеқ» деген өлеңім. Сол оқиғаның өзі сұлу поэзия тұрса оны үйқастырып бүлдіргім келмеді. Қара сөзбен бұлақтай сыңғырлата салдым. Жүргіме табиғи қалай келді, солай жаздым. Үйқастырамын деп бұзып алмайын дедім. (Ақын осы сөзінен кейін кітабын ашып көрсетті, бір қарап проза екен деп ойлайсың бірақ төгіліп тұр).

*– Қазіргі қалам ұстап жүрген жастарды оқисыз ба? Жастар әдебиетінде тоқырау бар деген пікірге келісесіз бе?*

– Қазіргі кезде талпыныш, жақсы жазып жүрген жастар бар. Жоқ емес. Олардың қайсыбірін айтайын. Бірінен-бірін бөліп жармай-ақ қояйын. Қазір жамырап ізденіс үстінде келе жатқан жас ақындар бар. Біздің поэзиямыз солармен жаңғырады. Құдайға шүкір. Мұлдем поэзия жоқ, жасанды дегенге сенбеймін. Өлең жазғанның бәрі ақын болып кетпейді ғой. Барлығына айтарым бір-ақ нәрсе: «Поэзия – ол үлкен азап». Еңбектенбесен, маңдайынан



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ТЫНЫСЫ

тер төкпесен, жатпай-түрмай оқып тоқымасаң ол қайдан келетін дүние?! Барлығына шыдау керек. Ізденбей ақын болып кетем деген ой болмасын.

– *Жұрт арасында кешегі Кеңес одагы кезіндегі әдебиет бірсыдырығы ізге түсін, сол ізден шыга алмай қалды деген сөз бар. Соган қараганда XX гасыр әдебиеті өзіне тиесілі міндеттін орындаі алды ма?*

– Поэзияны айтсақ, ол еркіндік деген сөз ғой. Оны ешқандай саясат құрсаулай алмайды. Сол Кеңес кезінде жазылған Ілияс Жансүгіровтің «Кұлагер» поэмасын оқыған шығарсың? Қандай керемет! Қып-қысқа поэманың ішіне, жылқы мен баланың тағдырына бүкіл қазақтың тағдырын сыйдырып жіберген. Өз кезінде

шығармай қойған. Қазір бәріміз оқып жүрміз. Илиястің жүргегі шектеліп қалған жоқ. Қазір құдайға шүкір сөз еркіндігі бар. Кім не айта алам дейді соны айтсын. Бірақ соны дұрыс айта алмай жүрміз ғой. Бір Мағжанның өзі неге тұрады. Қазақ әдебиеті Кеңес тұсында да жақсы шығармаларымен дәурендең тұрды. Тоқырап қалды дегенге келіспеймін.

– *Сіздің биігіңіз кім?*

– Мен пәленбай биігім бар, соған жете алмай талпынып жүрмін деп айта алмаймын. Менің биігім – поэзия!

– Эңгімелескен: Рембек Магаз

“The Qazaq Times”



جارکمن بودهش (1944-2021) 15 مامردا ق ح ر - دیگ تارباعاتای جیلی 15 ایماعی تولی اودانسنداعی جاییر تاونندا دونیه گه که لگهن اقن، حالسقارالق «الاش» ادھبی سیلعنیک جانه تۇركى تىلەر ھلدەرى پوهزیاسى II فەستیوالنىڭ لاؤرەاتى:



## «چالعزر دیچ گو دلچان کرسن اکسها چار اسلامی»

قازاق ادەبىيەتنىڭ جوقتاۋىشلارى مەن جانكۇيەرلەرنى، قازاق ولهڭ ونەرنىڭ قاداۋ-قاداۋ بىيكتەرنىڭ ئېرى، حالىقارلىق «الاش» ادەبى سىيلەعنىڭ يەگەرى، تۈركى تىللەس ھەلدەرى پوهىزىاسى II فەستىۋالنىڭ لاقۇرەاتى، قازاق پوهىزىاسىنا «جۇلدىزغا ورنىن اىي بەرمەس»، «جۇلدىزتاس»، «عبورىنىڭ اسىعى»، «ەمەندەر تۇندا بۇرلەيدى» قاتارلى جىز جىناقتارىن سىيلاغان زامانا جىرأۋىي جاركەن بودەش ۋىمەن بولغان سۇحباتى ۋىسىپ وترمىز:

- تاؤه لسیزدیکتىڭ تائىن تاڭىن كورگەن باقىتى اقىن رەتىنە وسى  
تاؤه لسیزدیکتى قانشالىقتى جىرلاي الدىڭىز؟

- قازاق ۋۇلتىنا تاۋەللىسىزدىك ۋىلكەن كۇرەسپەن كەلگەن. ئېزدىڭ  
اتا- بابالارمىزدىڭ ئومىرى كۇرەسپەن وتكەن. كىممەن كۇرەسپەدی؟ كىم  
جاعاسىنا جارما سىپادى؟ موڭغۇل دا، قىتاي دا، ورسىن تا، ئىتىپتى بىرگە ئىدەگى  
تۈسىقان وزبەك پەن قىرعىز دا جاۋ بولدى ئېرى كەزدە. سولاردىڭ بارىمەن قازاق  
ھەنىڭ ھەركىندىگى، جەرىنىڭ جات تابانعا تاپتالماۋى ئۇشىن كۇرەستى. سول  
قازاقتىڭ ھەل ۋىلكەن باقتى - تاۋەللىسىزدىك! تاۋەللىسىزدىك تۇرغاندا قازاقتى  
ھەشكىم توپىقتان قاعا المايىدى. قاقىرىمايدى دا. وسىنداي بودلۇمەن كەلگەن  
تاۋەللىسىزدىكتى مەن شامامنىڭ جەتسىنىشە جىرلادىم. شىعارغان ئار  
كتابىمدىنىڭ شىننە تاۋەللىسىزدىك تۇرالى تويتاما وله ئىدەرم بار. ئار اقىن ئوز

## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

الىنشه جىرلادى بۇل تاۋەلسىزدىكتى. مەن دە عوز المىشە، جاراتقانىڭ اۋزىما سالغان ئىسۈزىن، جۇرەككە تۇسلىرىگەن ساۋىلەسىن بىركىپ قالغان جوقىن. بىراق قۇر ۋېرندامادىم. «قۇباس ات» ولهڭىمەدە ۋەلتىڭ ھەركىندىگى ئۇشىن كۇرەسکەن قابانباي باىردىڭ بەينەسىن تەك ھەرلىكتەرىن تىزىبەلەپ بەرە بەرمەي، رۇحىن جازدىم. بىزگە ھەنچەن رۇحى كەرەك. «امان بولسا قاراڭەرە ي قابانباي مىنگەن قۇباس ات، قۇيرىق-جالىنان الار ھەدىم تۇ جاساپ»، - دەپ جىرلادىم. وسىنداي اسىل بابالارمىزدىڭ رۇحى جەبەپ جۇرسە، ئار قازاقىنىڭ جۇرەگىنەن وشىپەسە، تاۋەلسىزدىگىمиз ماڭىرى باياندى بولا بەرمەك. ازاتتىق پەن بوسستاندىق،

ھەڭىسى بىيك وسى ھەڭىز ئىسۈز.

ماعىناسى تەرەڭ تەڭىز ئىسۈز.

ئىسۈزىنىڭ شىنىدەگى التىنى،

ئىتلىمۇنىڭ ۋەسىندىاعى جارقىلى.

قۇم كەسەنىڭ تۇبىنىدە،

مۇرا قالغان بۇگىنگە،

اتا بابامۇنىڭ اۋزىنان قالغان سارقىنى، - دەپ جىرلادىق شامامىزشا. ھەنگەمنىدەك ئىلەن جىيرما ئىلى جىلدان بەرى قارايى جىرلاپ كەلەم. وله - ولگەنلىشە جىرلايمىن.

- «تۈغان جەر» تاقىرىبىندا كوب جازدىڭىز. بۇل تاقىرىپ ئىسۈزدىڭ تاعدىرىڭىزبەن تىكەلەي بايلانىستى. ئالى دە جازىپ جاتىرسىز با؟ قاندай تاقىرىپقا ات باسىن كوب بۇرۇپ ئىجۇرسىز؟

- بۇل ئومىر بويى تاۋىسىلىمايتىن تاقىرىپ. قاشان جۇرەگىم توقتاب قالغانشا جىرلاپ وتهم تۈغان جەرمىدى. بۇغان ھەشكىمىنىڭ ھەشقاندىاي كۇمانى بولماسىن. وسى كەزدە دە جۇرەكتى جەڭىدەي جەپ جاتقان دا سول ساعىنىش. سوندىقتان عوي مەنىڭ:

جايردان اسقان تاۋىم جوق،

جايردان باسقا جاۋىم جوق،

دەرتىڭنەن كەتىم جاۋىر بوب، - دەپ ايتاتىنىم. بۇنى بىرەۋەلەر جاركەن تۈغان جەرىن جەڭ كورەدى ھەن دەپ ويلار. جايىر تاۋدى ساعىنعانىم سونشا، بۇل كۇندە «جاۋىم» بولدى.

تۈغان جەردەن كەتكەلى،

ساعىنىشىم كوب تەڭى.

ايغا قاراپ ۋىلغان،



мен өбр жаңыз көкбүрі, - дедім, төуан жерді ساعиңунанда. Ал басқа тақириптар ақалсілек, мен кең-кеңгін тақирипқа бара алам. Қоғам, ۋاقىت, وسى زامан, وسى كۇنگى ادامدار تاعى دا باسقا. استارلاپ سایасаттى دا ایتىپ جىبىرەم كەي كەزدەرى. ونى مەنىڭ كىتابىمىدى وقىغان ادام بايقايدى. وله گىدرىمنىڭ وزەگى - سارعايغان ساعىنىش. قالغانلى ئوزىم ئومىز ئ سورىپ وتسىغان ئداۋىر، қоғام.

- «ايغا قاراب ۋىلغان، мен өбр жаңыز көкбүрі», - دەيسىز. جاڭىزدىقى ادەتتە قۇدایىدିك ئىبر بەلگىسى رەتىندە ایتىپ جاتادى. ئىسز نەگە جاڭىزسىرىسىز؟

- شىنىدا بۇلай دەپ سوراڭ قويغانىڭ ورىندى. قازاقتىڭ ئاتامىل ئوزى عوی «جاڭىزدىق قۇدایغا عانا جاراسادى» دەگەن. Ал мен ايتار ھەممىم، جاڭىزدىق قۇدایدان كەين اقىنعا جاراسادى دەپ. وىتكەنى اقىنىنىڭ جىرى قۇدایىدିك بەرگەن داۋىلەتى. ماڭگىلىك داۋىلەتى. سول داۋىلەتتى اقساتپاۋىمىز كەرەك. بىىكتە تۈمىز، اسپاندات تۈمىز كەرەك. اقىندىق - قۇدایىدିك بەرگەن امانانى. جالپى ادەبىيەتتەگى جاڭىزدىق ول اقىن نەممەسە جازۇشىنىڭ جان دۇنييەسىنىڭ алەمنە بايلانىستى. بىراق ول جاساندىلىق بولماۋى ئىتىس. قازىر ادەبىيەتتە جاساندىلىق جوق دەي المايىمن. Ал قۇدایىدିك جىبەرگەن شىن تالانتى وندىغا بارمايدى. ولاردىڭ وزگەدەن دارا كورىنىپ تۇراتىنى سول. بۇغان حاکىم ابىيىدىلىق جوق دەي المايىمن. «مولا سىنداي باقسىنىڭ، جاڭىز قالدىم تاپ شىنىم» دەيدى كۆڭىرەنلىپ. قۇدایي شىن تالانتقا ھەكىشە ويلاؤ قۋاتىن بەرەدى دە، ول كۆپتەن ھەكىشەلەنلىپ جاڭىز قالادى.

- ادەبىيەتتەگى جاخا اعمىدارغا قالا ي قارايىسىز؟ ول جاققا قالام سەرمەپ كوردىڭىز بە؟

- قازىرگى زامانغا، نارىققا، بايلانىستى پوهziaianىڭ دا ايتارى بۇرۇنىدىان وزگەرەك. قازىرگى كەزدە كوب جاستار وسىنى وزىنшە ايتام دەپ جەتكىزە الماي قىنالادى. باسقا ھەلىك اقىندارىنا، اناعان - مىناعان ھلىكتەيدى. ئوسىتىپ ئوزىنىڭ تۇ تىكىكەن وتنىن ۋېتىپ قالادى. ابىيىدିك ئوزىن ھىكى دەيتىندهر بار. ابىي ماڭىگى ابىي. ادام نەنى وقىسا دا تەك كەرەگىن عانا ئۇ كەرەك. پوهzia قوقىسىپەن بىلغانباۋى ئىتىس. «ئىزدەن بەگەننەن ئىز قالمايدى» دەگەن ئوزىم بار مەنىڭ. بىراق بۇگىنده بىزدەنلىپ ئجۇرۇپ اداسىپ كەتكەننەر قانشاما. Ал وزىمە كەلسىم، وله گىدرى جاڭالىققا مەن باردىم. بىراق بىلاي باردىم دەپ ناقىلى ايتا المايىمن. وله گىمدى وقىغان ادام ونى سەزەدى. ئىزدەنلىك جىراۋلىق سارىن الەمدىك پوهziaامەن المىساقتان بەرى استاسىپ جاتىر. پوهzia جارالغاننان



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

باستاپ جراویلق سارین مهن قارا ولهڭ алмدىك دەڭگەيگە كوتەريلىپ كەتكەن. قازاق ئوزىنىڭ ۋلى پوهىزىاسى ارقىلى باسقاعا ۋلگى بولۇي كەرهەك.  
-ولەڭگە ئىزۈسىز فيقاس كەرەك پە؟

- ویقاسیز ولهک جازدگیز با؟

- ویقاسیز ولهک جازدیم، وندایی ولهک بار مهنده. بالا که زمده هسمده  
قالغان، قاریالاردان هستیگهن ویبهک ده گهن بورکتیشی تثارالی وقیعا نه گیزنه  
جازیلغان «کهک» ده گهن ولهکم. سول وقیعانیک عوزی سولو پوهزیا تورسا ونی  
ویقاستریپ بولدرگیم کهلمه دی. قارا سوزبهن بولاقتای سکھرلاتا سالدیم.  
جوره گیمه تابیعی قالای کهلدی، سولای جازدیم. ویقاسترامن ده پ بوزیپ  
المایین دهدیم. (اقن وسی سوزنهن کهین کتابین اشپ کورسه تی، عبر  
قاراپ پروزا هکهن ده پ ویلایسیلک برآق توگیلیپ تور).

- قازبرگی قالام و ستاپ جوړګه ن جاستاردي وقيسز با؟ جاستار اده بېه تىنده توپراو بار ده ګه ن پیکرگه کله سیز به؟

- قازیرگی که زده تالپینیپ، جاقسی جازب جورگهن جاستار بار. جوق  
همه‌س. ولار دلک قایسی عبرن ایتایین. ببرنهن-ءبرن عبولیپ جارمای-اق  
قویایین. قازیر جامراپ بزدهنس وستینده کله جاتقان جاس اقیندار بار.  
ءبزدیلک پوهزیامز سولارمهن جاڭعمرادی. قۇدایعا شۇكىر. مۇلدەم پوهزیا جوق،  
جاساندى دەگەنگە سەنبېيمىن. ولهڭ جازغانلىڭ ئبارى اقىن بولىپ كەپىيەدى  
عوي. اقىنى ساناۋلى ادامدار. سول ساناۋلىلار ئالى بار. بارلىغىنا ايتارىم عېرى-اق  
نارسە: «پوهزیا - ول ۋلكەن ازاپ». ھېڭىتەن بىسىڭ، ماڭدىايىڭنان تەر  
توکپەسەڭ، جاتپىاي-تۇرمای وقىپ توقيماساڭ ول قايدان كەله تىن دۇنيە؟!  
يازلىغىنا شىداۋ كەردەك. بزدهنەي اقىن بولىپ كەتم دەگەن وي بولماسىن.

-جۇرت اراسىندا كەشەگى سابىت وداعى كەزىنەدەگى ادەبىيەت ئېلىرىنىڭ ئەملىقىسى

سەدیرىعى بىزگە ئەتۇسىپ، سول بىزدەن شىعا الماي قالدى دەگەن ئاسوژ بار. سوغان قاراعاندا 20 ئاسىر ادەبىيەتى وزىنە تىيەسىلى مىننەتن ورىنىدai ئىدى ما؟

- پوهزياني ايتساق، ول هركنديك دهگهن عسوز عوي. وني هشقاندائي سيايسات قورساوالي المайдى. سول كهگهس كهزينده جازيلغان ئيلياس حانسەگب وەتىڭ «قەلاغە»، «بەماماسىن وقىحان شىغا، سىلە؟ قاندائى كە، وەمەت!



قىپ-قسقا پوهمانىڭ بىشىنە، جىلىقى مەن بالانىڭ تااعدىرىنا بۇكىل قازاقتىڭ تااعدىرىن سىيدىرىپ جىبەرگەن. ئوز كەزىنە شىعارماي قويغان. قازىز ئەبارىمىز وقىپ ئجۇرمىز. ئىلىياستىڭ جۇرەگى شەكتەلىپ قالغان جوق. قازىز قۇدایغا شۇكىر ئوز ئەركىنىدىگى بار. كىم نە ايتا الام دەيدى سونى ايتىسىن. بىراق سونى دۇرسىس ايتا الماي ئجۇرمىز عويمىز. ئېرىش ماعجانىنىڭ ئوزى نەگە تۇرادى. قازاق ادەبىيەتى سابىھت تۇسىندا دا جاقسى شىعارمالارىمەن داۋرەندەپ تۇردى. توقراراپ قالدى دەگەنگە كەلىسىپەيمىن.

- ئىسىزدىڭ بىيگىڭىز كىم؟

- مەن پالەنبىاي بىيگىم بار، سوغان جەته الماي تالپىنسىپ ئجۇرمىن دەپ ايتا المايىمىن. مەنىڭ بىيگىم - پوهزىيا!

- اڭگىمەئىزگە راحمەت!

اشتىكىمەلەسکەن: رەتبەك ماعاز

“The Qazaq Times”



## JÁRKEN BÓDESH (1944-2021)

*1944 july 15 mamyrdar QHR-dyń*

*Tarbaǵatai aimagy Toly aýdanyndaǵy Jaiyr taýynda dúniege kelgen aqyn, Halyqaralyq «Alash» ádebi syilyǵynyń jáne Túrki tilder elderi poeziasy II festivaliniń laýreaty.*

### «Jalǵyzdyq Qudaıdan kein aqynǵa jarasady»

*Qazaq ádebietiniń joqtayshylary men jankúuerlerine, Qazaq óleń óneriniń qadaý-qadaý biukteriniń biri, halyqaralyq «Alash» ádebi syilyǵynyń iegeri, Túrki tildes elderi poeziasy II festivaliniń laýreaty, Qazaq poeziasyna «Juldyzǵa orynyn Aı bermes», «Juldyztas», «Bóriniń asyǵy», «Emender túnde bürleidi» qatarly jyr jinaqtaryn syilaǵan zamana jyraýy Járken Bódeshulymen bolǵan suhbatty usynyp otymyz.*

– Táýelsizdikiń altyn tańyn kórgen baqytty aqyn retinde osy táýelsizdiki qanshalyqty jyrlai aldyńyz?

– Qazaq ultyna táýelsizdik úlken kúrespen kelgen. Bizdiń ata-babalarymyzdyń ómiri kúrespen ótken. Kimmen kúrespedi? Kim jaǵasyna jarmaspady? Mońgol da, qytai da, orys ta, tipti irgeńdegi týysqan ózbek pen qyrǵyz da jaý boldy bir kezde. Solardyń bárimen qazaq eliniń erkindigi, jeriniń jat tabanǵa taptalmaýy úshin kúresti. Sol qazaqtyń eń úlken baqyty – táýelsizdik! Táýelsizdik turǵanda qazaqty eshkim tobyqtan qaǵa almaidy. Qaqtyrmaidy da. Osyndai bodaýmen kelgen táýelsizdiki men

shamamnyń jetisinshe jyrladym. Shyǵarǵan ár kitabymnyń ishinde táýelsizdik týraly toptama óleńderim bar. Ár aqyn óz álinshe jyrlady bul táýelsizdikti. Men de óz álimshe, Jaratqannyń aýzyma salǵan sózin, júrekke túśirgen sáylesin ırkip qalǵan joqpyn. Biraq qur urandamadym. «Qýbas at» óleńimde ulttyń erkindigi úshin kúresken Qabanbai batyrdyń beinesin tek erlikterin tizbelep bere bermei, rýhyn jazdyn. Bizge eń aldymen rýhy kerek. «Aman bolsa Qarakerei Qabanbai mingin qýbas at, quiryq-jalynan alar edim tý jasap», –dep jyrladym. Osyndai asyl babalarymyzdyń rýhy jebep júrse, ár qazaqtyń júreginen óshpese, táýelsizdigimiz máńgi baıandy bola bermek.

Azattyq pen bostandyq,

Ensesi biük osy egiz sóz.

Maǵynasy tereń teńiz sóz.

Sózimniń ishindegi altyny,

Tilimniń ushyndaǵy jarqyly.

Qum keseniń túbinde,

Mura qalǵan búginge,

Ata babamnyń aýzynan qalǵan sarqyny,

– dep jyrladyq shamamyzsha. Egemendik alǵan jıyrma alty jyldan beri qaraı jyrlap kelem. Óle -ólgenshe jyrlaimyn.



– «Тýган jer» taqyrybynda kóp jazdyñyz. Bul taqyryp sizdiń taǵdrynyzben tikelei baılanysty. Álı de jazyp jatyrсыz ba? Qandai taqyrypqa at basyn kóp buryp júrsiz?

– Bul ómir boıy taýsylmaıtyн taqyryp. Qashan júregim toqtap qalǵansha jyrlap ótem týgan jerimdi. Buǵan eshkimniń eshqandai kúmáni bolmasyn. Osy kezde de júrekti jegideı jep jatqan da sol saǵynysh. Sondyqtan góı meniń:

Jaıyrdan asqan taýym joq,  
Jaıyrdan basqa jaýym joq,

Dertińnen kettim jaýyr bop, – dep aıtatynym. Buny bireýler Járken týgan jerin jek kóredi eken dep oilar. Jaıyr taýdy saǵynǵanym sonsha, bul kúnde «jaýym» boldy.

Týgan jerden ketkeli,  
Saǵynyshym kóp tegi.  
Aıǵa qarap ulyǵan,

Men bir jalgyz kókbóri, – dedim, týgan jerdi saǵynǵanda. Al basqa taqyryptarǵa kelsek, men kez-kelgen taqyrypqa bara alam. Qoǵam, ýaqyt, osy zaman, osy kúngi adamdar taǵy da basqa. Astarlap saıasatty da aityp jiberem keı kezderi. Ony meniń kitabymdy oqyǵan adam baiqaıdy. Óleńderimniń ózegi – sarǵaıǵan saǵynysh. Qalǵany ózim ómir súrip otyrǵan dáýir, qoǵam.

– «Aıǵa qarap ulyǵan, men bir jalgyz kókbóri», – deisiz. Jalgyzdyqty ádette qudaıdyń bir belgisi retinde aityp jatady. Siz nege jalgyzsyräusyz?

– Shynynda bulı dep suraq qoıǵanyń oryndy. Qazaqtyń támsil sózi góı «Jalgyzdyq

qudaıǵa góana jarasady» degen. Al men aitar edim, jalgyzdyq qudaıdan keiin aqyńga jarasady dep. Óıtkeni aqynnýjyry Qudaıdyń bergen dáýleti. Máńgilik dáýleti. Sol dáýletti aqsatpaýymyz kerek. Biiktetýimiz, aspandatýymyz kerek. Aqyndyq – Qudaıdyń bergen amanaty. Jalpy ádebiettegi jalgyzdyq ol aqyn nemese jazýshynyń jan dúniesiniń álemine baılanysty. Biraq ol jasandylyq bolmaýy tiis. Qazır ádebiette jasandylyq joq dei almaımyń. Al qudaıdyń jibergen shyn talanty ondaıǵa barmaıdy. Olardyń ózgeden dara kórinip turatyny sol. Buǵan hakim Abaidy alyp aıtýǵa bolady. «Molasyndai baqsynyń, jalgyz qaldym tap shynam» deidi kúnírenip. Qudaı shyn talantqa erekshelenip jalgyz qalady.

– Ádebiettegi jańa aǵymdarǵa qalau qaraısysz? Ol jaqqa qalam sermep kórdińiz be?

– Qazirgi zamanǵa, naryqqa, baılanysty poezianyń da aitary burynǵydan ózgerek. Qazirgi kezde kóp jastar osyny ózinshe aıtam dep jetkize almai qınalady. Basqa eldiń aqyndaryna, anaǵan – mynaǵan elikteidi. Sóitip óziniń tý tikken otanyń umytyp qalady. Abaidyń ózin eski deitinder bar. Abai máńgi Abai. Adam nenı oqysa da tek keregin góana alý kerek. Poezia qoqyspen bylǵanbaýy tiis. «İzdenbegennen iz qalmaıdy» degen sózim bar meniń. Biraq búginde izdenip júrip adasyp ketkender qanshama. Al ózime kelsem, óleńde jańalyqqa men bardym. Biraq bylai bardym dep naqtyly aıta almaımyń. Óleńimdi oqyǵan adam ony sezedi. Bizdiń jyraýlyq saryn álemdik poeziamen álmisaqtan



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

beri astasyp jatyr. Poezia jaralǵannan bastap jyraýlyq saryn men qara óleń álemdik deńgeige kóterilip ketken. Qazaq óziniń uly poeziasy arqyly basqaǵa úlgi bolýy kerek.

– *Oleńge sózsiz uiqas kerek pe?*

– Men osy uiqas degen nársege basqasha qaradym. Bireýler eń aldymen uiqasty taýyp alady. Uıqasyp tursa óleń dep esepteidi. Al shyn aqynyń kónilinen shyǵatyn uly jyr Qudaídyn qudiretimen sulý sóz bolyp ózi tóbile salady. Jyraýlardyń aítyp-aítyp kelip qara sózge kirip ketetini siaqty. Ózdiginen úndesip, uiqasyp turady.

– *Uiqassyz óleń jazdyńyz ba?*

– Uıqassyz óleń jazdym, ondaı óleń bar mende. Bala kezimde esimde qalǵan, qarialardan estigen Úıbek degen bürkitshi týraly oqıǵa negizinde jazylǵan «kek» degen óleńim. Sol oqıǵanyń ózi sulý poezia tursa ony uiqastyryp búldırgım kelmedi. Qara sózben bulaqtai syńgyrlata saldyn. Júregime tabığı qalaı keldi, solai jazdym. Uıqastyramyn dep buzyp almaiyn dedim. (Aqyn osy sózinen keiin kitabyn ashyp kórsetti, bir qarap proza eken dep oılaisyń biraq tóbilip tur).

– *Qazirgi qalam ustap júrgen jastardy oqisyz ba? Jastar ádebietinde toqyrayý bar degen pikirge kelisesiz be?*

– Qazirgi kezde talpynyp, jaqsy jazyp júrgen jastar bar. Joq emes. Olardyń qaisy birin aitaıyn. Birinen-birin bólip jarmaı-aq qoıayıy. Qazir jamyrap izdenis ústinde kele jatqan jas aqyndar bar. Bizdiń poeziamyz solarmen jańgyrady. Qudaǵa shúkir. Múldem poeziya joq, jasandy degenge senbeimin. Óleń jazgannyń bári aqyn bolyp ketpeiedi

ǵoi. Aqyny sanaýly adamdar. Sol sanaýlylar áli bar. Barlyǵyna aítarym bir-aq nárse: «Poezia – ol úlken azap». Eńbektenbeséń, mańdaıyńnan ter tókpeseń, jatpai-turmai oqyp toqymasań ol qaıdan keletin dúnie?! Barlyǵyna shydaý kerek. Izdenbei aqyn bolyp ketem degen oı bolmasyn.

– *Jurt arasynda keshegi Sábet odaǵy kezindegı ádebiet bir sydyrgy izge túsip, sol izden shyǵa almaı qaldy degen sóz bar. Soǵan qaraǵanda 20 ǵasyr ádebieti ózine tiesili mindetin oryndai aldy ma?*

– Poeziány aıtsaq, ol erkindik degen sóz ǵoi. Ony eshqandai saıasat qursaýlai almaıdy. Sol Keńes kezinde jazylǵan İlias Jansúgirovtıń «Qulager» poemasyn oqyǵan shyǵarsyń? Qandaı keremet! Qyp-qysqa poemanyń ishine, jylqy men balanyń taǵdyryna búkil qazaqtyń taǵdyryny syıdyryp jibergen. Óz kezinde shyǵarmaı qoıǵan. Qazir bárimiz oqyp júrmız. İliastiń júregi shektelip qalǵan joq. Qazir qudaǵa shúkir sóz erkindigi bar. Kim ne aita alam deidi sony aitsyn. Biraq sony durys aita almai júrmız ǵoi. Bir Maǵjannyń ózi nege turady. Qazaq ádebieti Sábet tusynda da jaqsy shyǵarmalarymen dáýrendep turdy. Toqyrap qaldy degenge kelispeimin.

– *Sizdiń biiginiz kim?*

– Men pálenbai biigim bar, soǵan jetе almai talpynyp júrmin dep aita almaimyn. Meniń biigim – poeziya!

– *Ángimeńizge rahmet!*

**Ángimelesken: Retbek Maǵaz**  
“The Qazaq Times”





## Камиля АСЫЛБАШЕВА

*Шетелде тұратын қазақ  
диаспорасының  
окушылары арасында  
«Ұлы Даға Елі» атты әдеби  
жұмыстардың  
халықаралық шығармашылық  
байқауының жүлделі орын иегері*

## БАСТЫСЫ – ӨЗІНДІ ЖОҒАЛТЫП АЛМА

- Камиля, Швецияда, алуан түрлі ұлт өкілдері тұратын елде сіз өзіңізді қалай сезінесіз?

- (қүледі) Мен өзімді жай ғана Камиля ретінде сезінемін. Менің достарым өте көп және шынымды айтсам, кімнің қай елден еkenін еске түсірмеуім де мүмкін. Мен достарымды олардың жеке қасиеттері бойынша қабылдаймын, мысалы Себастьян - көңілді, Уба - ақылды, Лаура - жұмбак, Симона - тік мінезді, Алекс - қызық мінезді және т.б., бірақ мұндай қабылдау өте салыстырмалы еkenі түсінікті.

- Сіз олармен қалай таныстыңыз?

- Біз ақпараттық технологиялар заманында өмір сүріп жатырмыз, бүгінгі таңда ешқандай мүмкіндіктердің шегі жоқ. Біздің заманымызға бір ғана нәрсе жетіспейді – ол уақыттың жетіспеушілігі.

- Көп нәрсе істеп үлгергің келеді, солай ма?

- Әрине! Осы жұмбак ғалам туралы менің мындаған, жүздеген, миллиондаған сұрақтарым бар: қайдан, қайда, қалай, қашан, не үшін? Мен өте көп саяхаттаймын, бірақ тек физикалық жағынан ғана емес, кейде виртуал түрде де саяхаттаймын, ол да өте қызық.

- Менің білуім бойынша, сіз жастарға арналған жобалармен көп жұмыс жасайсыз, солай ма?

- Менің бір өзім ғана емес, біз барлығымыз бүкіл жобаларды бірге атқарып келеміз. Шын мәнінде жобалар өте көп болды. Бірақ, бірде-бір жоба белгілі бір ұйымның ұйымдастыруымен ұсынылған емес, барлық жобалар әртүрлі ұйымдардың серіктестігі негізінде іске асып отырды, ол қоғамдық



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

болсын, мемлекеттік болсын не ұлттық болсын. Олар Германия, Ұлыбритания, Греция, Испания, Қазақстан, Италия, Кипр, Латвия, Литва, Словакия, Украина, Финляндия, Франция, Швеция, Турция, Сомали, Ресей, Эстония және басқа да көптеген елдердің қатысуымен ұйымдастырылған семинарлар, конференциялар, көрмелер, жаздық лагерьлер, шеберлік сыныптар, фестивальдер, концерттер және спектакльдер түрінде өтті.

Биыл мен Швецияға Орта Азия мен Қазақстаннан келген адамдармен белсенді жұмыс істейтін «Абай»

өзінің “Менін” жоғалтып алады. Басқа мәдениетті түсіну үшін адам ең алдымен өзінің жеке құндылықтарын бағалай білу керек. Себебі, өзін-өзі құрметтемейтін адам басқаларға құрметпен және түсіністікпен қарай алмайды.

Өзінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес “Абай” ұйымы Швецияда мәдени іс-шаралар ұйымдастырады, онда әндер орындалып, билер биленеді, Орта Азия елдері мен Қазақстанның дәстүрлі қолөнері, ұлттық тағамдары көрсетіледі. Балалар мен жастар өз тамырларын, өз тілі мен ата-бабаларының

дәстүрлерін ұмытпауы үшін “Абай” бірнеше жыл бойы үздіксіз “Әжемнің сандығы” жобасын жүргізуде, оның мақсаты – аға ұрпақ пен жастар арасындағы рухани байланысты үй жабдықтары мен жиһаздарын бірлесіп өндіру арқылы сақтау.

“Абай” ұйымы қызыметінің ерекшелігі – Наурызды Жаңа жылды қарсы алу ретінде ғана емес, ең



Текеметтің оюын таңдау үстінде

қоғамдық ұйымының Басқарма құрамына кірдім. Ұйымның негізгі міндеті – келген адамдарға Швецияда бейімделуге көмектесу, жергілікті кодтарды және зандарды ұғындыру, сонымен бірге өз тамырларын жоғалтпауға, өз мәдениеті мен дәстүрін сақтауға көмектесу, өйткені онсыз адам

алдымен Стокгольмде тұратын түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен өзара түсіністікі ілгерілету мақсатында тойлау. Наурызды тойлаған сайын әртүрлі ұлт, жас және қызығушылық танытқан қонақтар жиналады және мереке барысында тек қазақ әндері мен билері ғана емес,



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ТЫНЫСЫ



Стокгольм сахнасында «Қара жорға»  
бійн орындау сәті

“ҚАСИЕТТИ ҚАЗАҚ ЕЛІ” халықаралық өнер фестивалінің жұмысына қатысу бақыты бұйырған күндерді де үлкен ықыласпен еске аламын. Бұл ұмытылmas күндер болды, мен туған жерімде болуымнан, керемет адамдармен кездесулерден және халқымыздың бай мұрасымен байланысудан көптеген жағымды эмоциялар алдым. “Ұлы

Дала Елі” халықаралық әдеби жұмыстар байқауында жүлделі екінші орынға ие болғаным мен үшін үлкен мәртебе болды. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігі үйымдастырған орыс тілінен XIV Халықаралық олимпиадаға қатысып, Мәскеуде өткен финалға шықтым және сол жерде Құрмет

сонымен қатар басқа халықтардың әндері мен билері де тамашаланатынын мақтан тұтамыз. Өкінішке орай, пандемияға байланысты соңғы екі жыл ішінде біз дәстүрлі Наурыз мерекесін тойламай қалдық, бірақ пандемия аяқталғаннан кейін дәстүрімізді жалғастырамыз деп үміттенеміз. Балдәурен” халықаралық лагерінде демалысымды өткізіп, екі жылдан кейін Қазақстан астанасында өткен



Стокгольмда орналасқан «Абай» үйымын рәсімдеу

дипломымен және естелік сыйлықпен марапатталдым.

- **Сонда сіз әдебиетке және тілдерге де қызығады екенсіз ғой?**
- Йә, мен оқығанды өте жақсы көремін. Мен Абайды, Пушкинді және Шекспирді сүйемін, заманауи авторларды да көп оқимын, сонымен



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

қатар жазушылыққа да қызығамын, алдағы уақытта жақсы дүние шығарына сенемін. «Абай» ұйымы «Ашық кітап» атты әдеби үйірмені жүргізіп келеді, осы жобаның айналасында біз «Абай және қазақ дәстүрлері» атты кішкене кітапша және швед тіліндегі



«Ұлы Дала Елі» байқауының марапаттай кезеңі



Швед-қазақ көрмесі

«Қатысу неғұрлым көп болса, интеграция соғұрлым жақсы болады» атты Швеция мемлекеттік ұйымдары мен қоғамдық ұйымдарының қызметкерлеріне арналған нұсқаулық шығардық.

- Камиля, сіз «Абай» ұйымында қандай бағытта жұмыс істеп келесіз?
- Мені, ең алдымен, жастармен және ұлттымыздың мәдениетімен, өнерімен және әдебиетімен байланысты жобалар қызықтырады. Біз үшін салauатты өмір салты, яғни спорт, дүрыс тамақтану, таза аудағы серуен секілді мәселелер де өте қызықты.
- Сұқбатыңызға рақмет!
- Сая болыңыз!



## باستىسىن — ئوزىزدى بىعاتلىپ الما

- کاميليا، شۆهتسىيادا، ئوان ئتۇرلى ۋلت وكتىلەرى تۇراتىن ھلەدە عىسىز ئوزىزىزدى قالاي سەزىنەسىز؟

- (كۈلەدى) مەن ئوزىمىدى جاي عانا کاميليا رەتىنده سەزىنەمىن. مەنىڭ دوستارىم وته كوب جانە شىنىمىدى ايتىسام، كىمنىڭ قاي ھلەن ھكەنин ھسکە تۇسۇرمەۋىم دە مۇمكىن. مەن دوستارىمىدى ولاردىڭ جەكە قاسىيەتتەرى بويىنسا قابىلدایمىن، مىسالى سەباستيان - كوشىلىدى، ۋبا - اقىلىدى، لاۋرا - جۇمباق، سيمونا - تىك منهزدى، الەكس - قىزىق منهزدى جانە ت.ب.. ئېرەق مۇنداي قابىلداؤ وته سالىستىرمالى ھكەنى تۇسۇنىكتى.

- عىسىز ولارمەن قالاي تانىستىزىڭىز؟

- ئېز اقپاراتتىق تەحنولوگىالار زامانىدا ئومىر ئ سورىپ جاتىرمىز، بۇگىنگى تاڭىدا ھشقاندai مۇمكىنىدىكتەردىڭ شەگى جوق. ئېزدىڭ زامانىمىزغا ئېر عانا نارسە جەتسىپەيدى - ول ۋاقتىنىڭ جەتسىپەۋشىلىگى.

- كوب نارسە سىتەپ ۋلگەرگىڭىڭ كەلەدى، سولاي ما؟

- ارىينە! وسى جۇمباق عالام تۈرالى مەنىڭ مىڭداعان، جۇزىدەگەن، مىليليونداغان سۇراقتارىم بار: قايدان، قايدا، قالاي، قاشان، نە ئۇشىن؟ مەن وته كوب ساياحتاتىمىن، ئېرەق تەك فيزىكالىق جاعىنان عانا ھەمس، كەيدە ۋىرتۇل تۇردى دە ساياحتاتىمىن، ول دا وته قىزىق.

- مەنىڭ ئېلۋىم بويىنسا، عىسىز جاستارعا ارنالغان جوبالارمەن كوب جۇممس جاسايسىز، سولاي ما؟

- مەنىڭ ئېر ئوزىم عانا ھەمس، ئېر بارلىعىمىز بۇكىل جوبالاردى بىرگە اتقارىپ كەلەمىز. شىن مانىنده جوبالار وته كوب بولدى. ئېرەق، بىرە - ئېر جوبا بەلگىلى ئېر ۋىيىمنىڭ ۋىيىمىداشتىرۇمەن ۋىسنىلىغان ھەمس، بارلىق جوبالار ئارتۇرلى ۋىيىمىداردىڭ سەرىكتەستىگى نەگىزىنده سىكە اسىپ وتردى، ول قوعامدىق بولسىن، مەملەكەتتىك بولسىن نە ۋلتتىق بولسىن. ولار گەرمانىя، ۋىلېرىتانيا، گەركىيا، يېپانىя، قازاقستان، يېتاليا، كېپر، لاتۇيا، ليتۇيا، سلوواكىيا، ۋىكراينا، فينلىياندия، فرانتسيا، شۆهتسىيا، تۇرکىيا، سومالى، رەسەي، ھستونىيا جانە باسقا دا كويتەگەن ھلەردىڭ قاتىسۇمەن ۋىيىمىداشتىرلىغان سەمىنارلار، كونفەرەنتسىالار، كورمالەر، جازدىق لاگەرلەر، شەبەرلىك سىنىپتار، فەستىۋالدار، كونتسەرتتەر جانە سېكتاكىلىدەر تۇرىنده ئوتتى.



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Биел мен шөвөтсиягуа ورتа азия мен قазақстаннан келгөн адамдармен  
бесенди жөмис سстеитин «اباي» قоعامدىق өйимниڭ باسقارма قۇرامىна  
кىردىم. Өйимниڭ نەگىزگى مىنде تى - كەلگەن адамدارعا شөвөتсияدا  
بەيمىدەلۋەك كومەكتەسو، جەرگىلىكتى كودتاردى جانە زاڭداردى ۋەينىرىۋ،  
سونىمەن بىرگە عوز تامىرلارنى جوعالپاۋاعا، عوز مادەنييەتى مەن ئاستۇرىن  
ساقتاۋاعا كومەكتەسو، ويتكەنلىنى ونسىز ادام ئوزىنىڭ «مەنن» جوعالىپ الادى.  
باسقا مادەنييەتتى ئەتۇسىنۇ ئۇشىن ادام ھڭ الدىمەن ئوزىنىڭ جەكە  
قۇندىلىقتارىن باعالاي ئېبلۇ كەرەك. سەبەبى، عوزىن-عوزى قۇرمەتتەمەيتин  
ادام باسقلارعا قۇرمەتپەن جانە تۇسىنىستىكىپەن قارايى المايىدى.

ئوزىنىڭ ماقساتتارى مەن مىنده تەرىنە سايىكەس «اباي» ۋېمى  
شۆвөتсияدا مادەنی ئىس-شارالار ۋېمىدا ستىرادى، وندا اندەر ورىندالىپ، بىلەر  
بىلەنەدى، ورتا ازия ھەلدىرى مەن قازақستاننىڭ ئاستۇرلى قولونەرى، ۋەتىق  
تاعامدارى كورسەتىلەدى. بالالار مەن جاستار عوز تامىرلارنى، عوز ئىلى مەن  
اتا-بابالارنىڭ داستۇرلەرن ۋەمتىپاۋى ئۇشىن «اباي» بىرئەشە جىل بويى  
ۋەزدىكىسىز «اجەمنىڭ ساندىعى» جوباسىن جۇرگىزۈدە، ونىڭ ماقساتى - اعا  
ۇرپاق پەن جاستار اراسىنداعى رۇحانى بايلانىستى ئۇيى جابدىقتارى مەن  
جيهازدارىن بىرلەسپ ئوندىرۇ ارقىلى ساقتاۋ.

«اباي» ۋېمى قىزمەتنىڭ ھەكىشەلگى - ناۋىزىدى جاشا جىلدى قارسى  
الۋ رەتىنە عانا ھەمس، ھڭ الدىمەن ستوكگولىمە تۇراتىن ئەتۇرلى ۋلت  
وكلەردى اراسىنداعى دوستىق پەن ئوزارا تۇسىنىستىكتى تىلگەرلى تۇ  
ماقساتىندا توپلاۋ. ناۋىزىدى توپلاغان سايىن ئارتۇرلى ۋلت، جاس جانە  
قىزىعوشىلىق تائىتقان قوناقтар جىنالادى جانە مەرە كە بارىسىندا تەك قازاق  
اندەردى مەن بىلەردى عانا ھەمس، سونىمەن قاتار باسقا حالىقتاردىڭ اندەردى مەن  
بىلەردى دە تاماشالاناتىننى ماقتان تۇتامىز. وكنىشكە ورایى، پاندەمياغا  
بايلانىستى سوڭىسى ھەكى جىل شىننە ئېز ئاستۇرلى ناۋىزى مەرە كەسىن  
توبىلاماي قالدىق، بىراق پاندەميا اياقتالغاننىن كەين ئاستۇرمىزدى  
جالعاستىرامىز دەپ ۋەمتىتەنەمىز.

«بالداۋەن» حالىقارالق لაگەرنىدە دەمالىسىمىدى وتكىزىپ، ھەكى جىلدان  
كەين قازاқستان استاناسىندا وتکەن «قاسىيەتتى قازاقي ھلى» حالىقارالق ونەر  
فەستىيەللەنىڭ جۆميسىنا قاتىسىۋ باقىتى بۇيرغان كۇندەردى دە ۋلەن  
قىلاسپەن ھىشكە الامىن. بۇل ۋەمتىلماس كۇندەر بولدى، مەن تۈغان جەرىمە  
بولۇمىنان، كەرەمەت ادامدارمەن كەزدە سۈلەرددەن جانە حالقىمىزدىڭ باي  
مۇراسىمەن بايلانىسۋدان كويتەگەن جاىعىمىدى ھموتسىيالار الدىم. «ۋلى دالا ھلى»



Халықаралық адеби жүмістар байқауында жүлдөлі ھекинши өрнеки үшін болғанымен  
мен өвшін өлкен мартебе болды. Сондай-ақ, реңсій ғедеर атасының  
әбілім жаңе үлім міністерлігі өзімдістірған өрнек Тілінен XIV  
Халықаралық өзімдік атасып, мансактар өздөн токен Финнеган шығтым жаңе Сол  
жерде қормет діліл омім мен жаңе өстелік сиілілікпен мараپатталдым.

- Сонда! үсіз адебиетке жаңе тілдерге деген көзімдік үшін?

- Ея, мен өгінди үткенде жақсы көрдім. Мен абылды, պәннің менің  
шешкіндері сөзімін, заманауи ауторлардың да көп өзімін, сонимен қатар  
жазылғанда да көзімдік, дәлдүйнен өзінде жақсы дөнімін шыгарына сенімін.  
«Абай» өзімі «Ашық кітап» атты адеби өзімдік жүргізіп көледі, өзі  
жобаның айналасында өбіз «Абай жаңе қазақ дасторлары» атты кішкене  
кітапша жаңе шоғыр тіліндегі «қатисшың өзімдік көмкөйтік өзімдік мен  
сөнгілім жақсы болады» атты шоғыртсия мемлекеттік өзімдік мен  
қоғамдық өзімдіктің көрлеменің арналаудан нұсқаулық шыгарды.

- Камілия, үсіз «Абай» өзімінде қандай бағытта жүмис өстеп  
көлесіз?

- Мені, өлкән діммен, жастармен жаңе өлтіміздің мадениеттімін,  
онгерім мен жаңе адебиеттімін баяланысты жобалар көзіңдерады. Өбіз өвшін  
саладатты өзімір салтты, یағни сіпорет, дөрсіс тамақтаныш, таза өзідүйнің сарғөн  
сөхбеттің мағелләхінде үткөрді.

- Сөқбатиңжыза رقمدت!

- Саң болыңжыза!

Аңғымаған: گүлмира Аслебекова



## KAMILÁ ASYLBASHEVA

### Bastysy – ózińdi joǵaltyp alma

- Kamilá, Shvesiada, alýan túrli ult ókilderi turatyn elde siz ózińizdi qalai sezinesiz?

- (küledi) Men ózimdi jai óana Kamilá retinde sezinemin. Meniń dostarym óte kóp jáne shynymdy aıtsam, kimniń qai elden ekenin eske túsirmeyim de mümkin. Men dostarymdy olardyń jeke qasietteri boıynsha qabyldaımyн, mysaly Sebastán - kónildi, Yba - aqyldy, Laýra - jumbaq, Símona - tik minezdi, Aleks - qyzyq minezdi jáne t.b., biraq mundai qabyldaý óte salystyrmały ekeni túsinikti.

- Siz olarmen qalaı tanystyńyz?

- Biz aqparattyq tehnologıalar zamanynda ómir súrip jatyrmyz, búgingi tańda eshqandaı mümkindikterdiń shegi joq. Bizdiń zamanymyzǵa bir óana nárse jetispeidi – ol ýaqyttyń jetispeýshiliǵi.

- Kóp nárse istep úlgergiń keledi, solai ma?

- Árine! Osy jumbaq óalam týraly meniń myńdaǵan, júzdegen, milliondaǵan suraqtarym bar: qaidan, qaida, qalaı, qashan, ne úshin? Men óte kóp saıahattaimyn, biraq tek fizikalyq jaǵynan óana emes, keide virtýal túrde de saıahattaimyn, ol da óte qyzyq.

- Meniń bilýim boıynsha, siz jastarǵa arnalǵan jobalarmen kóp jumys jasaisyz, solai ma?

- Meniń bir ózim óana emes, bir barlyǵymyz búkil jobalarydý birge atqaryp

kelemiz. Shyn máninde jobalar óte kóp boldy. Biraq, birde-bir joba belgili bir uiymnyń uiymdastyryýymen usynylǵan emes, barlyq jobalar ártúrli uiymdardıý seriktestigi negizinde iske asyp otyrды, ol qoǵamdyq bolsyn, memlekettik bolsyn ne ulttyq bolsyn. Olar Germanıя, Ulybritania, Gresıя, Ispanıя, Qazaqstan, Italia, Kípr, Latvia, Lítva, Slovakia, Ýkraına, Finlándezıя, Fransıя, Shvesıя, Túrkıя, Somali, Reseı, Estonia jáne basqa da kóptegen elderdiń qatysýmen uiymdastyrylgan semınarlar, konferensıalar, kórmeler, jazdyq lagerler, sheberlik synyptar, festíváldar, konserter jáne spektáklder túrinde ótti.

Bıyl men Shvesıága Orta Azıя men Qazaqstannan kelgen adamdarmen belseñi jumys isteitin «Abaı» qoǵamdyq uiymynyń Basqarmaquramynakirdim. Uıymnyńegizgi mindeti – kelgen adamdarǵa Shvesıada beiimdelýge kómektesý, jergilikti kodtardy jáne zańdardy uǵyndyrý, sonymen birge óz tamyrlaryn joǵaltpaýǵa, óz mádenieti men dástúrin saqtaýǵa kómektesý, óıtkeni onsz adam óziniń “Menin” joǵaltyp alady. Basqa mádenietti túsiny úshin adam eń aldymen óziniń jeke qundylyqtaryn baǵalai bily kerek. Sebebi, ózin-ózi qurmettemeitin adam basqalarǵa qurmetpen jáne túsinistikpen qarai almaidy.

Óziniń maqsattary men mindetterine sáikes “Abaı” uiymy Shvesıada mádeni





is-sharalar uiymdastyrady, onda ánder oryndalyp, biler bilenedi, Orta Azia elderi men Qazaqstannyń dástúrli qolóneri, ulttyq taǵamday kórsetiledi. Balalar men jastar óz tamyrlaryn, óz tili men ata-babalarynyń dástúrlerin umytpaýy úshin “Abai” birneshe jyl boý úzdiksiz “Ájemniń sandyǵy” jobasyn júrgizýde, onyń maqsaty – aǵa urpaq pen jastar arasyndaǵy rýhanı baılanysty úı jabdyqtary men jihazdaryn birlesip óndirý arqyly saqtay.

“Abai” uiymy qyzmetiniń ereksheligi – Naýryzdy Jańa jyldy qarsy alý retinde ǵana emes, eń aldymen Stokgolmde turatyn túrli ult ókilderi arasyndaǵy dostyq pen ózara túsinistiki ilgeriletyń maqsatynda toilaý. Naýryzdy toilaǵan saiyn ártúrli ult, jas jáne qzyzyǵhylyq tanytqan qonaqtar jinalady jáne mereke barysynda tek qazaq ánderi men bileri ǵana emes, sonymen qatar basqa halyqtardyń ánderi men bileri de tamashalanatynyn maqtan tutamyz. Ókinishke orai, pandemiága baılanysty sońgy eki jyl ishinde biz dástúrli Naýryz merekesin toilamai qaldyq, biraq pandemiá

aıaqtalǵannan keiin dástúrimizdi jalǵastyramyz dep úmittenemiz.

“Baldáýren” halyqaralyq lagerinde demalysymdy ótkizip, eki jyldan keiin Qazaqstan astanasында ótken “QASIETTÍ QAZAQ ELÍ” halyqaralyq óner festivaliniń jumysyna qatysý baqyty buıyrǵan kúnderdi de úlken yqylaspen eske alamyn. Bul umytymas kúnder boldy,

men týǵan jerimde bolýymnan, keremet adamdarmen kezdesýlerden jáne halqymyzdyń baı murasymen baılanysýdan kóptegen jaǵymdy emosialar aldyn. “Uly Dala Eli” halyqaralyq ádebi jumystar baıqagyńda júldeli ekinshi orynǵa ıe bolǵanym men úshin úlken mártebe boldy. Sondaı-aq, Reseı Federasiyasynyń Bilim jáne ǵylym ministrligi uiymdastyrǵan orys tilinen XIV Halyqaralyq olımpıadaǵa qatysyp, Máskeýde ótken finalǵa shyqtym jáne sol jerde Qurmet diplomymen jáne estelik syılıqpen marapattaldym.

**- Sonda siz ádebietke jáne tilderge de qzyzyǵady ekensiz góı?**

- Iá, men oqyǵandy óte jaqsy kóremen. Men Abaidy, Pýshkındı jáne Shekspırıdi súiemin, zamańayı avtorlardy da kóp oqımyň, sonymen qatar jazýshylyqqa da qzyzyǵamyn, aldaǵy ýaqytta jaqsy dúnie shyǵaryna senemin. «Abai» uiymy «Ashyq kitap» atty ádebi úiirmeni júrgizip keledi, osy jobanyń ańalasynda biz «Abai jáne qazaq dástúrleri» atty kishkene kitapsha jáne shved tilindegi “Qatysý neǵurlym kóp



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ



bolsa, integrasía soğurlym jaqsy bolady” atty Shvesia memlekettik uiymdary men qoǵamdyq uiymdarynyń qyzmetkerlerine arnalǵan nusqaýlyq shyǵardyq.

- Kamilá, siz «Abai» uiymynda qandaı baǵytta jumys istep kelesiz?

- Meni, eń aldymen, jastarmen jáne ultymyzdyń mádenietimen, ónerimen jáne ádebietimen bailanysty jobalar qzyqtirady. Biz úshin salaýatty ómir salty, ıaǵní sport, durys tamaqtaný, taza aýadaǵy serýen sekildi máseleler de óte qzyqtqty.

- Suqbatyńyzǵa raqmet!

- Saý bolyńyz!





## ЛӘЗЗАТ МУЛӘЗИМОҒЛЫ (МҰҚСАТОВА)

*Түркия Республикасы Мәдениет  
және туризм министрлігінің  
туркітілдес Түркия елемінің  
музыкалық ән-би ансамблінде  
қобызыши, Анкарадағы «Көк тү»  
қазақ мәдени қогамының  
төрайымы*

### «ШЕТЕЛДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІН, САЛТ-ДӘСТҮРІН, МӘДЕНИЕТИ МЕН ӨНЕРИН ДӘРІПТЕУДІ ЖӘНЕ ТАНЫТУДЫ МАҚСАТ ЕТЕМІЗ»

- Ләzzат Мұләзимовы, сәлеметсіз бе! Ең алдымен, өзініздің Түркия еліне бару тарихыңызға тоқталып кетсеңіз.

- Сәлеметсіз бе! Өзім 1969 жылы Талдықорған облысы Қапал ауданы Абай ауылында туғам. Отбасымызда 7 ағайындымыз. Отбасым, әке-шешем әлі де Талдықорғанда тұрып жатыр. Мен қазіргі Нұрғиса Тілендиев атындағы музикалық мектепте қобызды бітірдім. Одан кейін Қанабек Байсейітов атындағы музикалық колледже оқыдым. Мені қобызben таныстырған, 5 жыл музикалық мектепте, 4 жыл колледже білім берген ұстазым – Жанабаева Несілжан Нұрасылқызы. 1992 жылы Алматыдағы Құрманғазы консерваториясының 4-курсында оқып жүрген кезімде Қазақстан мен Түркия арасында студенттерді қабылдау туралы келісімшарт жасалды. Қобyz

мамандығын Құрманғазы консерваториясында бітірдім, ол жердегі ұстазым профессор Каленбаева Меруерт Қабыкенқызы еді, ал оркестрлік дирижерлік мамандығын Түркияда тәмамдадым. Түркияға жолдама берген ең үлкен демеушім – профессор Касеинов Дүйсен Қорабайұлы. Ол кісі әлі қунге дейін маған ақылын айтып, көмегін аяマイ отырады. Ең алғаш 1992 жылы Стамбулға тіл үйренуге бардым. Сосын Анкараға барып, содан бері осында тұрып жатырмын. Осы жерде тұрмысқа шықтым. Бір қыз, бір ұлым бар. Ұлымды жолдасым екеуміз қазақ тілін үйренсін, тегіне жақын болсын деген мақсатта Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсірдік. Қазір сонда магистратураның 2 курс студенті. Қызым биыл 12 сыныпқа өтіп жатыр.



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

- Ләззат апай, біз сізді, ең алдымен, Анкарадағы «Көк ту» қазақ мәдени қоғамының төрайымы ретінде танимыз. Осы ұйымның құрылуды туралы айта кетсөніз.

- Мен Мәдениет министрлігіне қарасты Түркі әлемінің ән-би оркестрінде 20 жылдан бері қобызшымын. «Көк ту» қауымдастырын осыдан 3 жыл бұрын, яғни 2018 жылы құрдық. Оның негізгі мүшелері Анкарадағы қазақтар, бірақ түріктер де қауымдастық өміріне белсене араласып келеді. Қауымдастықты құрудағы негізгі мақсатымыз – Түркияда тұрып жатқан қазақтардың өз мәдениетін, өнерін, тілін, қолөнерін сақтап қалғандығын көрсету, қазақ мәдениеті мен өнерін Түркия тұрғындарына



танистыру. Біз барлық қазақ мерекелерін, әсіреле Наурыз бен Тәуелсіздік күнін атап өтеміз. Тек соңғы бір жылда, пандемияға байланысты, жоспарымыздағы біраз іс-шаралар іске

аспай қалды, кейбірі онлайн форматта Зум платформасында ғана атап өтілді.

- «Көк ту» қауымдастырының ұйымдастырумен қазақ тілін үйрететін курс ашылғаны мәлім. Осы курс жайында не айта аласыз?

- Біз сәуір айында қазақ тілін үйрету курсын аштық. Бұл курсты ашуға Салтанат Ұзақбайқызы ұсыныс жасаған еді. Бұл ұсынысты естігенімде курстың аса сұранысы болмай ма деп ойлаған едім. Бірақ, біздің қуанышымызға орай, Түркия халықтарының, оның ішінде қазақтар да, түріктер де бар, қазақ тіліне деген қызығушылығы мен сұранысының өте жоғарғы деңгейде екеніне көз жеткіздік. Оның үстіне, курс Зум платформасы арқылы онлайн форматта өткендіктен, оған тек Анкара тұрғындары ғана емес, Түркияның басқа қала тұрғындары да қатысты. 19 маусым күні курстың алғашқы 30-дан астам түлектеріне сертификаттар табысталды. Курстың екінші ағымы қыргүйек айында басталады деп жоспарлап отырмыз.

- Сіздер Қазақстанмен немесе басқа елдердегі қазақтармен бірігіп жұмыс жасаисыздар ма?

- Йә, әрине. Мәселен, наурыз айында «Көкту» қазақ мәдениеті қауымдастыры мен халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Орынбордағы өкілеттігі арасында өнер және мәдениет саласында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.



Содан бері біраз іс-шараларды бірігіп атқарып келеміз. Мысалы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Орынбор өкілдігі тарапынан ұсынылған Дүниежүзілік түрік әйелдерінің одағын құру жөніндегі алғашқы жиын «Көк ту» қазақ

Ал сәуір айында біздің Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының Тілдерді оқыту орталығы және Ресей Федерациясы Орынбор қаласындағы халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы өкілдігімен бірлесіп ұйымдастырған «Қазақ тілі-



мәдениеті қоғамының басшылығында Анкара қаласында өтті. Жиынға Әзербайжандық, Қазақстандық, Қыргызстандық, Солтүстік Кипр Түрік Республикалық, Түркменстандық, Түркиялық және Ресей Федерациясы мен Монголстан атынан қазақ, айырықша Қырым және Ноғай түріктерінен тұратын барлығы 23 әйел қатысты. Жиында одақтың аты, мақсаты мен міндеттері туралы ой-пікірлер талқыланды.

анам тілім, сарқылмайтын байлығым» атты онлайн диалог алаңы өтті. Шарада «қашықтан оқыту» бойынша сабактар циклы, бейнесабактар және бірнеше әдістемелік материалдар таныстырылды. «Көк Ту» қазақ мәдениет қоғамы шараға Түркияда қазақ тілі курсын үйлестіруші ретінде қатысты. Курс үйлеструшілері түрік тілді аудиторияға қазақ тілін оқыту бойынша пайдалы әдістемелермен танысты.



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ



Әдістемелік құралдарды пайдалана отырып мамандар шеберлік сағатын еткізді.

Мамыр айындағы Қазақстанға сапарым кезінде «Көк Ту» Қазақ мәдениеті қоғамы мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы арасында қазақ тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғау, дамыту және таныстыруды мақсат еткен қарым-қатынастар орнату Меморандумға қол қойылды.

Меморандумға «Көк Ту» Қазақ мәдениеті қоғамының атынан өзім және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының атынан оның президенті, КР ҰҒА корреспондент мүшесі, фылымдарының докторы, профессор Ерден Қажыбек қол қойдық.

- Бізге жалпы Түркиядағы қазақтар арасындағы тілдің ахуалы туралы айтып бере аласыз ба?

- Түркияда тұрып жатқан қазақтар өз тілі мен мәдениетін өте жақсы сақтап қалған. Түркияның бірнеше қалаларында жергілікті қазақтар ұйымдастырған қауымдастықтар жұмыс істейді. Біз өте ұйымшылмыз, бір-бірімізben, отбасымызben өте тығыз араласамыз. Түркияда тұрып жатқан қай қазақтың шаңырағына барсаңыз да, қазақи дәстүрдің сақталғанын байқайсыз.

- Тамаша! Болашақта қандай жоспарының бар?



әріптестік жөнінде

- Осы тамыз айының 17-27 аралығында Түркі халықтарынің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толуына байланысты Анкарадағы Тюргесінде үйымының үйымдастыруымен Венгрия және Румыния елдерінде концерт өтеді. Сол концертке мен Қазақстанның атынан қатыспақшымын.

- Ләzzat апай, сұқбатыңызға көп рақмет! Сізге сәттілік, отбасыңызға амандық тілейміз! Сау болыңыз!

- Сау болыңыздар!



**«Еркін микрофон»**  
жатысушылар пікірлері, ұсыныс-тілектері

**ЛАХАЕВА АСЕЛ ТӨРЕХАНҚЫзы**

Түркія Республикасы  
Хаджеттепе университеті  
докторантты, «Тарих және  
мәдениет» қауымдастырылғы  
жоба үйлестірушісі

**ҰЗАҚБАЙҚЫзы САЛТАНАТ**

Түркія Республикасы  
«Кек Тү» қазақ мәдениет  
қогамы қазақ тілі  
курсының үйлестірушісі

**ТАИКЕШЕВА СӘУЛЕ СОВХОЗҚЫзы**

Ресей Федерациясы  
Орынбор қаласындағы  
халықаралық «Қазақ тілі»  
қогамы екіндігі төраімы

Жанисбекова Айнурда...  
Мансурова Айнурда...  
Аманжолда...  
Сапиевасы Юлда...  
Мынайса Сабын...  
Халиловна Айнурда...  
Жанызакова Айнурда...  
Сапиевасы Юлда...  
Мынайса Сабын...  
User



**LÁZZAT MÚLÁZIMOĞLY ( MUQSATOVA)**  
*Túrkia Respýblikasy Mádeniet jáne týrızm  
ministrliginiń túrkitildes Túrkia áleminiń mýzykalyq  
án-bı ansamblinde qobyzshy, Ankaradaǵy «Kók tý»  
qazaq mádeni qoǵamynyń tóraiymy*

**«SHETELDE QAZAQTYŃ TILIN, SALT-DÁSTÚRIN,  
MÁDENIETI MEN ÓNERIN DÁRIPTEÝDI JÁNE  
TANYTÝDY MAQSAT ETEMIZ»**

- Lázzat Múlazymoǵly, sálemetsiz be!  
Eń aldymen, ózińizdiń Túrkia eline bary  
tarıhyńyzǵa toqtalyp ketseńiz.

- Sálemetsiz be! Ózim 1969 july Taldyqorǵan oblysy Qapal aýdany Abai aýylynda týǵam. Otbasymyzda 7 aǵaiyndymyz. Otbasym, áke-sheshem áli de Taldyqorǵanda turyp jatyr. Men qazirgi Nurǵisa Tilendiev atyndaǵy mýzykalyq mektepte qobyzdy bitirdim. Odan kein Qanabek Baiseitov atyndaǵy mýzykalyq kolejde oqydyrm. Meni qobyzben tanystyrǵan, 5 jyl mýzykalyq mektepte, 4 jyl kolejde bilim bergen ustazym – Janabaeva Nesipjan Nurasylyqzy. 1992 july Almatydaǵy Qurmanǵazy konervatoriásynyń 4-kýrsynda oqyp júrgen kezimde Qazaqstan men Túrkia arasynda stýdentterdi qabyldaý týraly kelisimshart jasaldy. Qobyz mamandyǵyn Qurmanǵazy konservatoriásynda bitirdim, ol jerdegi ustazym profesor Kalenbaeva Merýert Qabykenqyzy edi, al orkestrlik-dırıjerlik mamandyǵyn Túrkıada táمامdadym. Túrkıaǵa joldama bergen

eń úlken demeýshim – profesor Kaseinov Dúisen Qorabaiuly. Ol kisi áli kúnge deiin maǵan aqylyn aityp, kómegin aiamai otyradы. Eń alǵash 1992 july Stambýlǵa til úrenýge bardym. Sosyn Ankaraǵa baryp, sodan beri osynda turyp jatyrмyn. Osy jerde turmysqa shyqtym. Bir qyz, bir ulym bar. Ulymdy joldasym ekeýmiz qazaq tilin úirensin, tegine jaqyn bolsyn degen maqsatta Almatydaǵy álfarabı atyndaǵy Qazaq Ulttyq ýniversitetine túsirdik. Qazir sonda magistratýranyń 2 kýrs stýdenti. Qyzym biyl 12 synypqa ótip jatyr.

- Lázzat apaı, biz sizdi, eń aldymen, Ankaradaǵy «Kók tý» qazaq mádeni qoǵamynyń tóraiymy retinde tanımyz. Osy uiymnyń qurylýy týraly aita ketseńiz.

- Men ózim negizinde Mádeniet ministrligine qarasty Túrki áleminiń án-bı orkestrinde 20 jyldan beri qobyzshymyn. «Kók tý» qaýymdastyǵyn osydan 3 jyl buryn, iaǵní 2018 july qurdyq. Onyń negizgi mûsheleri Ankaradaǵy qazaqtar, biraq túrikter de qaýymdastyq ómirine belsene aralasyp keledi. Qaýymdastyqty qurýdaǵy



negizgi maqsatymyz – Túrkıada turyp jatqan qazaqtardyń óz mádenietin, ónerin, tilin, qolónerin saqtap qalǵandyǵyn kórsetý, qazaq mádenieti men ónerin Túrkıa túrgyndaryna tanystyrý. Biz barlyq qazaq merekelerin, ásirese Naýryz ben Táýelsizdik kúnin atap ótemiz. Tek sońgy bir jylда, pandemıaǵa baiłanysty, josparymyzdagy biraz is-sharalar iske aspaı qaldy, keibiri onlaiın formatta Zým platformasynda ǵana atap ótildi.

**- «Kók tý» qayymdastyǵynyń uiymdastyrýmen qazaq tilin úiretetiń kýrs ashylǵany málim. Osy kýrs jaiynda ne aita alasyz?**

- Biz sáýır aýnda qazaq tilin úirety kýrsyn ashtyq. Bul kýrsty ashýǵa Saltanat

Uzaqbaıqyzy usynys jasaǵan edi. Bul usynysty estigenimde kýrstyń asa suransy bolmaı ma dep oılaǵan edim. Biraq, bizdiń qýanyshymyzǵa orayı, Túrkıa halyqtarynyń, onyń ishinde qazaqtar da, túrikter de bar, qazaq tiline degen qyzyǵyshylyǵy men suransynyń óte joǵarǵy deńgeide ekenine kóz jetkizdik. Onyń ústine, kýrs Zým platformasy arqyly onlaiın formatta ótkendikten, oǵan tek Ankara turǵyndary ǵana emes, Túrkıanyń basqa qala turǵyndary da qatysty. 19 maýsym kúni kýrstyń algashqy 30-dan astam túlekterine sertifikattar tabystaldy. Kýrstyń ekinshi aǵymy qyrgúiek aýnda bastalady dep josparlap otyrmyz.





- Sizder Qazaqstanmen nemese basqa elderdegi qazaqtarmen birigip jumys jasaisyzdar ma?

- Iá, árine. Máselen, naýryz aýnda «Kóktý» qazaq mádenieti qaýymdastyǵy men halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamynyń Orynbordaǵy ókilettigi arasynda óner jáne mádeniet salasynda yntymaqtastyq jónindegi memorandýmǵa qol qoıyldy.

Sodan beri biraz is-sharalardy birigip atqaryp kelemiz. Mysaly, Halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamynyń Orynbor ókildigi tarapynan usynylǵan Dúniejúzilik túrik áielderiniń odaǵyn qurý jónindegi alǵashqy jıyn «Kók tý» qazaq mádenieti qoǵamynyń basshylyǵynda Ankara qalasynda ótti. Jıynǵa Ázerbaijandyq, Qazaqstandyq, Qyrǵyzstandyq, Soltústik Kípr Túrik

Respbýlikalyq, Túrikmenstandyq, Túrkialyq jáne Reseı Federasiasy men Mońgolstan atynan qazaq, aiyryqsha Qyrym jáne Noǵai túrikterinen turatyn barlyǵy 23 áiel qatysty. Jıynda odaqtyń aty, maqsaty men mindetteri týraly oı-pikirler talqylandy.

Alsáýır aýnda bizdiń Aqtóbe oblysynyń tilderdi damytý basqarmasynyń Tilderdi oqytý ortalıǵy jáne Reseı Federasiasy Orynbor qalasyndaǵy halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamy ókildigimen birlesip uiymdastyrǵan «Qazaq tili-anam tilim, sarqylmaıtyn bailyǵym» atty onlaın dialog alańy ótti. Sharada «qashyqtan oqytý» boıynsha sabaqtar sıkly, beınesabaqtar jáne birneshe ádistemelik materialdar tanystyryldy. «Kók Tý» qazaq mádeniet qoǵamy sharaǵa Túrkıada qazaq tili



kýrsyn úlestirýshi retinde qatysty. Kýrs úlestrýshileri túrik tildi aýditoriaǵa qazaq tilin oqytý boıynsha paıdaly ádistemelermen tanysty. Ádistemelik quraldardy paıdalana otyryp mamandar sheberlik saǵatyn ótkizdi.

Mamyr aiyndaǵy Qazaqstanǵa saparym kezinde «Kók Tý» Qazaq mádenieti qoǵamy men Halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamy arasynda qazaq tilin, mádenietin,

múshesi, filologıa gylymdarynyń doktry, profesor Erden Qajybek qol qoıdyq.

- Bizge jalpy Túrkıadaǵy qazaqtar arasyndaǵy tildiń ahýaly týraly aıttyp bere alasyz ba?

- Túrkıada turyp jatqan qazaqtar óz tili men mádenietin óte jaqsy saqtap qalǵan. Túrkıanyń birneshe qalalarynda jergilikti qazaqtar uiymdastyrgan qaýymdastyqtar jumys isteidi. Biz óte uiymshylmyz, bir-birimizben, otbasymyzben óte tygyz aralasamyz. Túrkıada turyp jatqan qai qazaqtyń shańyraǵyna barsańyz da, qazaqı dástúrdiń saqtalǵanyn baıqaisyz.

- Tamasha! Bolashaqta qandaı josparyńyz bar?

- Osy tamyz aïnyň 17-27 aralyǵynda Túrki halyqtaryniń táyelsizdik alganyna 30 jyl tolýyna bailanysty Ankaradaǵy Túrksoı uiymynyń uiymdastyryymen Vengriá jáne Rýmynıa elderinde konsert ótedi. Sol konsertke men

Qazaqstannыń atynan qatyspaqshymyn.

- Lázzat apaı, suqbatyńyzǵa kóp raqmet! Sizge sáttılık, otbasyńyzǵa amandyq tileimiz! Saý bolyńyz!

- Saý bolyńyzdar!



salt-dástúrin qorǵaý, damytý jáne tanystyrýdy maqsat etken áriptestik qarym-qatynastar ornatý jóninde Memorandýmǵa qol qoıyldy.

Memorandýmǵa «Kók Tý» Qazaq mádenieti qoǵamynyń atynan ózim jáne Halyqaralyq «Qazaq tili» qoǵamynyń atynan onyń prezidenti, QR UĞA korespondent

## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ



#### ЫБЫРАЙ ДУЙСЕНҰЛЫ

Қытай Халық Республикасы Иле Қазақ Облысы Текес ауданының Құштай деген жеріндегі 1988 жылы дүниеге келген талантты ақын.  
2007 жылды Бейжиң (Пекин) қаласындағы Орталық ұлттар университетіне Қазақ тілі мен адебиеті мамандығы бойынша оқуға түсken. 2012 жылды атаплан университетті бітіргеннен кейін, бүгінге дейін Бейжиң қаласында журналистика саласында қызмет атқарып келеді.

#### Тілек

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Естілігі елін мұндан қорыған,  
Тектілігі жылқыдай.  
Ит, құс емес, сауап ерткен соңынан,  
Балбалыңнан кем түспейтін тұрқы қай.  
Бір жүрген күн тең тұрарлық мәулітпен,  
Көкірегіне көл жасырған, тау біткен,  
Әй жанарлы, күн шырай,  
Қарсы келсе үркетүғын бұлт ұдай.  
Жүріп өткен жерінен,  
Жусан бүрлеп тұратын  
Бүй деп бастаған сөзінен,  
Бидің иісі шығатын.  
Қырық қара нар пар келмейтүғын әліне,  
Қырық бір ханның қазынасындақ құлқы бай.  
Қазақта осындақ нән жігіт бар ма әлі де,  
Бар болса солар бақытты ма екен шіркін-ай?!

Қарлығаштың қанатымен су сепкендей қауқармен,  
Сені құлатпауға ант етсем деймін.  
Ана тілім.  
Құлік болмас мынау деп ел күлкі еткендей арқаммен,  
Сені арқалаған қалпы өтсем деймін.  
Ана тілім.  
Жететүғын балбалдардай ертеңдердің ертеңдеріне,  
Көнермейтін армандардай көктер үміт көркем беліне.  
Зымыраса сен-сендей күн толқып, алмай жаға тыным,  
Өлмесіңе сенсем деймін, сенсем деймін ана тілім.



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Хақ Тәңірім қорғағанмен, жетпей  
пәннідің ақырына,  
Жер қойнына енетінім сияқты.  
Аспанды бұлт торлағанмен, күн орнында  
тұратынына,  
Сенетінім сияқты.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Кешіп өтіп келіппіз еспе құмды,  
Ешкімге айтсаң сенбейді естегінді.  
Сенем дейді «ізің жоқ бұған қалай?»  
Іштен шыққан қу шыбар жыландар-ай...  
Ақтабан шұбырындыға арандалған,  
Сен өстісін деп пе еді бабаң қарғам.  
Қанын, терін төккен жоқ, тағы да айтам,  
Сен өстісін дегеннен Абылай хан.  
Түйір ас жоқ шақ болды, тіstem нансыз,  
Тақыс заман иыққа түскенде әлсіз.  
Сүтін сауып қайындық жосығанда ел,  
Мен ішпейін, жемейін осыған бер.  
Біз қартайдық өлейік, ұрпақта үміт,  
Деп еді ғой басындан сипап тұрып.  
Онаң кейін не келді, түрме келді,  
Жоқтан қазып әйтеуір бір нелерді.  
Түгесілсін деді ме арып өліп,  
Ішіп жатты жақсындық арын езіп.  
Соның бәрін көрсе де көрмей әлем.  
Аман жеткен бүгінге өлмей әрең...  
Жасқаншақтау әкең мен шешең болды,  
Алып берер есейсе есемді енді,  
Осынымның бақытын көрсем деген,  
Сен шалқайып жүрсін деп еңкендеген...  
Кешіп өтіп келіппіз еспе құмды,  
Ешкімге айтсаң сенбейді естегінді.  
Ниетінді білмеймін бұрам қалай?  
Іштен шыққан қу шұбар жыландар-ай...

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Жел дағы шайқай алмас бәйтерегім,  
Жапанда жалғыз өсіп қайтер едің.  
Болсаң да қанша биік, зор, мәуелі,  
Жалғыздық жатпай ма әне жолда әуелі.  
Қойныңды жатпаған соң құс аралап,  
Айтшы өзің, басты айналып ұша ма бақ?  
Тұтпаса ешкім қадір көлеңкенді,  
Кең жая алармысың сен өркенді?  
Саянда қаптап өріп жегі ұл туса,  
Кеспек боп тамырынды ол кері ұмтылса.  
Сол ұрпақ, тіпті қара түндей кешше,  
«Бәйтерек» екенінді білмей кессе.  
Кешеден келіп шөлге, желге ырғалмай,  
Ертеңге бір сүйем де белгің қалмай.  
Қисайып жатсаң иен құла дұзде,  
Кім сүйеу болмақ сонда мына бізге...  
Жұртыңа өн. Жұртыңа өс. Бәйтерек!

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Әр күні жатарда...  
Сыптындыға кеткен нанның қоқымы  
сынды  
Обалды қылған күндерімнің жүлгесімен-  
Жазған  
Және жазбай қойған өлеңдерімнің  
мұрдесінен  
Кешіп өтем, несіне өтем, білмеймін,  
Тас төбеден төнер сұрак, зілдей бір.  
Мысалы, сол бала күнім, құнанммен,  
Тауға кетіп бара жатқан түн деймін.  
Сол бір түні, тас қараңғы, ай да жоқ,  
Тірелгенде зират жатқан сайға кеп.  
Мұрде ішінен атып шығып, әруақтар,



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

Кімсің, және бара жатсың қайда деп.  
Әненіне сұрап қалар секілді,  
Қорыққанда қос көрініп не түрлі.  
Бір сұық тер ағып еді арқамнан,  
Түсті төртеу, екеу қылып есімді.

\*\*\* \*\*\* \*\*\*

Ұмытшақ һәм ескермейтін қалпыммен,  
Аман-есен өттім сондай сан түннен.  
Құстай ұшып өтіп жатыр апта, айлар  
Құрғақ әзіл, құлғана діл, жалтылмен.  
Не болмақшы білмегендеге, білгенде.  
Қойшы деймін, кейде, бүйткен бір мен  
бе?!

Несібені несиеге бергендей,  
Парызымды қарыз етіп жүргенде.  
Бұл тұн яки келер күн,  
Қайталанып ежелгім,  
Сыптырындыға кеткен нанның қоқымы  
сынды

Обалды қылған күндерімнің жүлгесімен-  
Жазған және жазбай қойған  
өлеңдерімнің мүрдесінен  
Атып шығып әруақтар  
Кімсің десе, қайда десе не дермін!!!

Несібені несиеге бермейді!  
Несібені несиеге бермейді!





**Назарбек БАЙЖІГІТОВ,  
журналист**

*Кыргыз журналистикасына сіңірген  
еңбегі үшін Қыргыз Республикасының  
Құрмет грамотасымен, қыргыз  
мемлекетінің дамуына қосқан ерекше  
салымы үшін Қыргыз Республикасының  
Ұкіметінің Құрмет грамотасымен  
марапатталған. Бірнеше жылдардан  
бері халықаралық «Түркістан»  
газетінің Қыргызстандагы тілшісі,  
2018 жылдың қыркүйек айынан бастап  
«Егемен Қазақстанның» штаттан  
тыс тілшісі. Қыргыз Республикасының  
Журналистер одагының, Элем  
халықтары жазушылар одагының  
мүшесі.*

**АНА ТІЛІМІЗ ХАУА АНАМЕН БІРГЕ ЖАРАЛҒАН  
(ЛИНГВО-ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ПАЙЫМДАР)**

**Ә дегенде сөз болған**

«Ә дегенде сөз болған». Киели төрт кітаптың бірі Библия осылай басталады. Бірақ, оның қандай сөз екені айтылмаған. Бала кезімізде, бір күні әкеміз ең бірінші пайда болған сөз «агузи би-иллахи мина шайтан ир-ражим», - деп қалды. Әкем жарықтық араб жазуын өте жаксы меңгерген, ескіше сауатты кісі еді. Ауыл ақсақалдары үйімізге жиналып әкемізге кітаптарды оқытатын. Бұл Қазан төңкерісіне дейінгі Қазан және Уфа шаһарларында

жарық көрген кітаптар еді. Олардан есімде қалғаны «Хисса-сул-Анбия» («Пайғамбарлар хиссалары»). Сондай-ақ, үйімізде 1904 жылы Қазандағы бапаханадан шыққан Құран да болды. Әкемнің 1925-1926 жылдары Ташкентте Қырғыз ел ағарту институтында бір жылдай оқып, бітірмей кетіп қалғаны да бар. Қала өміріне үйрене алмай-ақ қойыпты. Әкем әлгі алғашқы сөз «500 мың жылда жараган» деп айтатын. Кітаптардан оқыды ма, біреулерден естіді ме, білмеймін, бірақ, өзі ойдан шығармағаны анық.



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

Өзімше «жаңаша» ой жүгіртсем, бұл сөз ғаршыдан (ғарыштағы ғаршыдан) 500 мың жылда жеткен болар. Бұл біздің жыл есептеуіміз, ал ғаршылық жыл есебімен секундтар шығар. Жердің арғы бетіндегі Америкадан бір секундта хабар алып жатқанымыз сондай ойға жетелейді. Қыргызстанда Шойын Өмірәлі деген оқымысты бар. Бірде әңгімелесіп отырғанымызда ол жер бетінде ең бірінші пайда болған сөздік дыбыстар «ғ» және «з» деп қалды (қыргыз әліппесінде «ғ» әрпі жоқ, дегенмен, «ғ» дыбысы бар, мысалы, «багыт» деп жазып, үндестік заңына орай «бағыт» деп айтады). Ол мұны бізге (біз екеу едік, жаңымда Қыргызстанның «Құт білім» газетінің редакторы бар) анатомиялық түрғыдан ауыздың артикуляциялық табигатына таянып дәлелдеді. Шойынның әкесі де ескіше сауатты кісі болған. Әкесі Қожа Ахмет Яссайдің «Хикметін» оқып жүреді екен. Содан да болса керек, Шойын Өмірәлі сонау, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қыргыздың «Ала-Тоо» («Алатау») журналына «Хикметтен» үзінділерді алғаш рет қыргызшалап жариялаған ғалым. Сонымен, «ғ» мен «з» «ағузи» сөзінің тіреуіші болып отыр. Ауызды ашқанда а дыбысы шығып, «у» дыбысы «ғ» мен «з»-ны жалғайды.

*Адам ата қайда жерленген?*

1985 жылы мамыр айында Мәскеуге барған сапарымда «Академ книгиның»

құркесінен Хишам-аль-Калби деген автордың «Книга об идолах» деген кітабын көріп қалып, алған едім. Бұл бойынша Қыргызстанның «Советская Киргизия» газетіне публицистикалық мақала да жаздым. Оған Қыргыз КСР-інің Тарих институты «Басуға болады» деп виза қойып берген. Ол кезде интернет жоқ болғандықтан мақала кітапханалар мен мұрағат қойнауында қалды.

Аль-Калби (738 – 819, не 821 жылдары өмір сүрген араб ғалымы) жер бетін топан су алғанда Нұх пайғамбар өз кемесіне 18 мың ғаламды (адамдар мен жан-жануарларды) салып алғанын жазады. Кемеде 8 адам болыпты: Нұх пайғамбар (с.ғ.с.) және үш баласы, барлығы жұбайларымен. Олардың кемедегі бөлмесінде Адам Ата әлейкі саламның мәйіті де болған. Сүйек салынған табыт ерлер мен әйелдерді бөліп тұрған перде рөлін атқарған. Нұх пайғамбар (с.ғ.с.) Адам Атанаң (с.ғ.с.) сүйегін су шайып кетіп, жоғалтып алмайық деп, көмілген жерінен қазып алып, кемеге әдейі салып алған. Адам Атанаң (с.ғ.с.) моласы сол жердегі Науз деп аталатын таудың етегінде екен. Науз тауының Хауз (Қазығұрт) тауы екенінде еш күмәнданбаймын. Біріншіден, Аль-Калби Науз тауы Гиндукеш (Хинд – Н.Б.) тауларының бір пүшпағы екенін жазған. Қазығұрт Гиндукештің солтустік сілемі Памир тауларына үштасып кетеді.



Екіншіден, автор таудың аты әртүрлі таңбаланғанын да тілге тиек еткен. Араб жазуында сөз басында «н» әрпі мен «х» әрпі өте ұқсас екенін, және Аль-Калби заманындағы кітаптар қолдан қолға көшіріліп, баспадан кітап шығарған заманға жеткенше солай болғанын еске алсақ, біздің тұжырымымыз шындыққа сәйкес келеді. «Ғұрт» (гурт) сөзін түркітанушы В.Радлов өз сөздіктерінде «отар мал» деген түсіндіріпті. Кемеге малдың барлық түрі салынғаны белгілі.

Кеме «гофер» деген ағаштан жасалған. Бұл өзі суға салсаң оңайлықпен шірімейтін ағаш екен. «Көпір» сөзінің бастауы осы сөзде жатыр. Көпірді суға төзімді ағаштан салатыны ақиқат.

Енді Адам Атаниң (с.ғ.с.) есімінің мағынасына тоқталайық. Көне еврей тіліндегі мәнісі – «қызылт балшық (-тан жасалған)». Әлбетте, мен сөздердің пайда болуын зерттеген ғалым емеспін. Дегенмен, сырт көзben байқағандарымды ортаға салып отырмын, Сөздердің таяныш- тіреулери, өзегі дауыссыз дыбыстар екені мәлім. Олай болса, ӘМ дыбыстарының өзегіне үңілейік. ДЕМ. Алла-тағала адамды балшықтан жасағанда аузына ДЕМ үрлеп жан кіргізген. ӘДМ. Дәмді аузы арқылы ғана білуге болады. ӘЫМ. Әым білмейді (аузын ашып ештеңе демеді). Әым – ылғал (балшық), аӘЫМ (ҚАДАМ) – адымдал жүру адамға ғана айттылады.

### *Әдемінің төркіні қайдан?*

Негізі, Адамның атын кім қойған? Алла-тағала ма, еврейлер ме? ӘДЕМ – Адам Ата, Хая аны жерге түспей тұрғанда мекендеген пейіштегі баубақша. Эдем еврей сөзі. Ана тілімізде «ӘДЕМІ» деген әдемі сөз бар. Алла-тағала адамды өзіне ұқсастырып, әдемі етіп жаратқан делінеді. Адам сөзінің тегі осы сөзден көрінетіндей. Енді, грек тіліндегі ДЕМократияға барайық. Демос – халық, яғни адамдар. Кратос – билік. Халық (адамдар) билігі. Дұма. Орысша. Халық өкілдерінің жиыны. Думать – ойлау. ДұМше. Қазақша – шала сауатты, білімсіз, ойлауы нашар. Дұмді – ақылы толық деген мағынаға жақын.

### *Хая аナンың есімі қайдан шыққан?*

Адам мен Хая аны Эдем бағынан (Әдемі бақтан) жерге қуылды. Алла-тағала періштелері арқылы оларға бақтағы жемісті алып, жеп қоймандар деді. «Алманы алма» деді. Алманы жеген Хая анада ойлау сезімі – ұят сезімі пайда болды да, денесін жапырақпен жаба қойды. Сол сэтке дейін ол жануар еді, алма жеген соң оған ақыл кіріп, адам болды. Сосын Хая аны Адам атага ақыл айта бастады. Әйелдердің күйеуіне ақыл үйрету әдеті сол уақытта басталды.

О баста Алла-тағала Хаяны адамның қисық қабырғасының титімдей



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

ұшын сындырып алып, содан жаратқан еді. Діни әпсаналарда солай. Бүгінгі ғылыми көзқараспен алғанда, бұл адамның әмбрионын клондау. Қазақта «қабырғаңмен кеңес» деген сөз бар. «Әйеліңмен кеңес» дегені. Енді «хауа» сөзінің төркініне тоқталайық. Еврейше – хава, өмір беруші, тірі. Арапша – хавва, махаббат сөзінің түбірі. Қазақша – қабырға, қабыртқа. Ыртқа жалғауы омыртқа және жұмыртқа сөздерінде кездеседі. Қабырға адамның қеудесін жапқан қаптың ұстындары. Хая Аナンың есімі Адам Атаның ҚАБыргасынан жаралғаннан кейін солай ҚАБ – ХЕВА – ЕВА аталып қалған. «Б» дыбысының «ү»-ға айналып кетуі түркі тілдерінде кездеседі. Мысалы, «даба» сөзі «дауа» деп айтыла береді. Бұдан шығар қорытынды, «Қаб» сөзі қазақтан Батысқа кетіп, Хая болып қайта оралған.

### Ай лав ю – Мен сени сүйемін

«Осы жұрт Іскендерді біле ме еken?», - деп ұлы Абай «Іскендер» поэмасын бастағандай, осы жұрт ағылшындық «лав» (love) сөзінің қазақтан шыққанын біле ме еken?! Бұл сөз дүние жүзінің көптеген елдерінде бар. Орыс тілінде – любовь, түбірі люб. Сонау Прибалтика елдерінде – «лепс», неміс тілінде «ливе». «Жақсы лепес – жарым ырыс» мақалын және «лебіз» сөзін еске алыңыз. Лебіз – жүректен шыққан жылы сөз. Қазақтың жүргегі қалай соғады. Лұпілдеп, лұп-лұп

етіп. Орыстың «восклицательный знагы» «леп белгісі» деп алынған. Леп белгісі – жүректен шыққан таңдану белгісі. Сүю – жүректің ишараты.

*Манас және Алпамыс  
есімдерінің ұқсастығы*

Қырғыз халқының орасан зор эпикалық дастаны «Манастың» бас қаһарманы Манастың есімінің шығу тегі туралы жорамалдар көп. Алдымен есімді кім қойғанына тоқталайық. Дастанның Сагымбай Орозбақов айтқан вариантында бұл туралы былай жырланған:

...Отырған ерлер терледі,  
Аузына бір ат келмеді,  
Ат қоя алмай абдырап,  
Ақылманның барлығы  
Тұрды иығы салбырап.  
Ақ сәлделі дуана,  
Асасы қолда сылдырап,  
Қайдан келді жан білмес,  
Пайда болды қылдырап.  
Бердіке айтты сол кезде:  
«Ат қойып берсең балаға  
Жиналғандардың сауабын,  
Алар едің, дуана!  
Қойып берсең, жақсы ат бек,  
Куанар еді аспан – көк».

Дуана баланың атын «Манас» деп қойды. Ол Манастың әкесі Жақып тартулаған алтын-күмісті, қамқа тонды алмай, бір кезде көзден ғайып болды.



Бұр дуана емес Қызыр (Қыдыр әлейкі салам) әулие болса керек. Жиналған ел жақсы ат қойылды деп қуанды. Демек, сол уақыттарда бұл сөз қыргыз үшін түсінікті болған. Біздің жорамалымызда «ман» адам, жәй адам емес, ақылды адам. «Ас» биік, деген сөз – биіктен асу, етістіктің бүйрық райы – ас. Қырғызда да «асқар» деген сөз бар. Асқар таудың асқарының бірінші буыны. Және қыргыздар «аспанды» «асман» дейді. Егер буындардың орнын ауыстырғандай болсақ, қайтадан «манас» сөзі шығады. «Ман» сөзі «адам»-ның синонимі еkenі айдан айқын. «Ман»-мен бітетін адам аттары қазақ-қыргыз тілдерінде көп, мысалы, Бегман, Қалқаман т.т.

Тіпті, мен қазақтың ежелден келе жатқан найман руын сонау Нұх пайғамбар заманынан бар ел деп есептеймін. Найман – нұғман, Нұһман. Көнілге алатын нәрсе емес – қазақта «Найман қу ма, сайтан қу ма?» деген сөз бар. Біздің бір жаман әдетіміз бар. Кейбір сөздердің мағынасына терең үніле бермейміз. Бұл жерде «ку» деген сөз, «тапқыш» деген мағынада болып тұр. Олар қу болып, кімді алдапты? Керісінше, тығырықтан шығудың шешімін тапқан дана ел. Кезінде Найман мемлекетін құрган наймандармен исі қазақ мактанды тиіс. АҚШ-тың ғалымдары адамдардың аталық хромосомдарын зерттегендегі, жер бетіндегі адамдар 4 адамнан тараған болуы мүмкін деген жиынтық шығарған. Біздің пайыммызыда, бұлар жоғарыда сөз

болған Нұх пайғамбар (с.ғ.с.) және оның үш баласы болса керек-ті.

Әл-хисса, Манасқа қайта оралайық. Манас санскрит тілінде «ақыл-есті адам» дегенді білдіреді. Ежелгі үнділер адамды «ману» деген. Ағылшындар адамды «ман» дей береді. Немістер «ман», «менш» дейді. Меніш деген қазақта да адам аты бар. Немістерде Томасс Манн, Генрих Манн деген ағайынды атақты жазушылар болған.

Алпамысқа келейік. Қазақ пен қарақалпақта «Алпамыс», өзбек және башқұртта «Алпамыш», татарларда «Алпамша», алтайлықтарда «Алып Манаш» жырлары бар. Манас пен Алпамыстың бір адам емес еkenі ғылыми жақтан дәлелденген. Өйткені, екі дастанның сюжеттері де, кейіпкерлері де, оқиғалар болған жер атаулары да бір-біrine ұқсамайды. Әйтсе де, Алпамыс есімі Манасқа байланысты қойылған деп бағамдаймын. Дәлел: «Алпамыс» «Алып Памыстың» қысқарған түрі. Алпамыс «Дәде Корқыт кітабына» «Байбөрі ұлы Бамсы Бәйрек» болып кірген.

Пікірімізді мығымдау үшін қыргыз бер қазақтың сөздерін салыстырып көрейік. Қырғызша – музоо, қазақша – бұзау, қырғызша – мурун, қазақша – бұрын (мурунку өткөн заманда – бұрынғы өткен заманда), жоғарыда сөз болған асман – аспан. Тіпті, бертінде, орыстың «печь» сөзін қыргыз «меш», қазақ «пеш» деп алған. Демек, «Манас» атауы қазаққа кіргенде «Памас» не «Бамас» болып, келе-



## ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

келе Памыс болып қалған. Яғни, Алпамыс туылғанда қазақтар Алып Манастай бала туылды деп, есімін Алып Манас қойған. Уақыт өте бұл Алпамысқа айналған.

Тау қойнауларында басқа елдерден оқшау жайласқан қырғыз елінде түркі тіліне ортақ көптеген сөздер сол күйінде сақталып қалды. Мысалға «қасқыр» сөзін алайық. Оны қырғыздар «қарышқыр» дейді. Қасқыр тосыннан бейmezгіл ұлиды. Оны қырғыз кемпірлері «жағын қарышқыр (қарыскыр)», - деп қарғайды. Содан бөрі қарышқырға айналған. «Қарышқыр» қазақта қысқара отырып, «қасқыр» болған. Бөрі демекші, қырғыздар «көкпарды» «көк бөрү» дейді. Сөздердің қысқаруы қырғыз тілінде бар. Мысалы, «Матисак» («Маатисак») деген адам аты. Бұл екі пайғамбардың есімдерінің қосындысы: Мухаммад-Исаак. Мухаммад – Мамат – Маат – Мат. Ысындардың алғашқы буыны «Мат»-тан «Маткерим, Матқабыл т.т. есәмдер қалыптасқан).

Манас пен Алпамыстың өмір сүрген дәуірлеріне келсек, кеменгер жазушы, «Манас» эпосын зерттеген Мұхтар Әуезов

Манас дәуірін VIII-IX деп санайды. Манасты зерттеушілердің көбісі осы уақытты дұрыс көріп отыр. Алпамыстың дәуірі фольклоршы Әуелбек Қоңыратбаев бастаған ғалымдардың пайымдауында X ғасырдан бері қарай. Біздің ойымызша, сол IX ғасыр мен XIII ғасырдың басындағы монгол шапқыншылығына дейінгі аралықта.

1999 жылы, біз, қазақтар, ұйықтап жатқанда, өзбек билігі «Алпамыш батырды» ЮНЕСКО-ның мәдени құндылықтарының тізіміне енгізіп, үкіметі ЮНЕСКО-мен бірігіп, эпостың 1000 жылдығын Термез қаласында тойлады, салтанатты түрде Алпамыш батырдың зәулім ескерткішін ашты. Мен бұған ашынбаймын, қайта қуанамын. Себеп: өзбектер Алпамыс батырды «біздікі» деп, өздерінің қазақпен кіндіктес бір халық екенін дәлелден, тас белгі орнатты, сол қолына садақ, он қолына қыран құс ұстаған алып мұсіннің тұғырына Алпамыс батырдың есімін қашап жазды.





نازاربهک بایجىگىتۇۋ، جۇرنالىست،  
قىرعىز جۇرنالىستىكاسىنا سىڭىرگەن  
هېبىهەگى ئوشىن قىرعىز رەسپۇبلىكاسىنىڭ  
قۇرمەت گراموتاسىمەن، قىرعىز مەمەلە كەتنىڭ  
دامۇينا قوسقان ھەكىشە سالىمى ئوشىن قىرعىز  
رەسپۇبلىكاسى ۋەكىمەتنىڭ قۇرمەت  
گراموتاسىمەن ماراپاتتالغان. بىرنەشە  
جىلدان بەرى حالقىارالىق «تۈركىستان»  
گازەتنىڭ قىرعىزستاندابى ئىلىشىسى،  
2018 جىلدىڭ قىركۇيەك اىينان  
باستاپ «ھەگەمن قازاقستاننىڭ» شتاتتان  
تىس ئىلىشىسى. قىرعىز رەسپۇبلىكاسىنىڭ  
جۇرنالىستەر و داعىنىڭ، الەم حالىقتارى  
چاژۋىشلار دادلىك مۇشەسى.

انا عتلهمز شاۋا انامەن بىرە بارالغان  
(لينگو- يۈچىلىتىسىستىكالىق يايىمىدار)

اًدھگەندھ عسوز بولغان

«ءا ده گهنه عسوز بولغان». کيهلی ءتورت کيتاپتىڭ ئېرى «بېبىلیا» وسىلەي باستالادى. ئېراق، وىڭ قاندای عسوز ھكەنى ايتىلماعان. بالا كەزىمىزدە، ئېر كۇنى اكەمىز ھڭ ئېرىنىشى پايدا بولغان عسوز «اڭۋىزى بى-يللاحي مينا شايتان ير-راجيم»، - دەپ قالدى. اكەم جارىقتنىق اراب جازۋىن وته جاقسى مەڭگەرگەن، ھسکىشە ساۋاتتى كىسى ھدى. اۋىل اقساقىللارى ئۆيىمىزگە جىنالىپ اكەمىزگە كيتاپتاردى وقتاتىن. بۇل قازان توڭكەرسىنە دەينىڭى قازان جانە ۋفا شاھارلارىندا جارىق كورگەن كيتاپتار ھدى. ولاردان ھىسمەدە قالغانى «حىيسا-سۇل-انبىا» («پايامبارلار حىيسالارى»). سوندای-اق، ئۆيىمىزدە 1904 جىلى قازاندابى باسپاحاندان شىققان قۇران دا بولدى. اكەمنىڭ 1925-1926 جىلدارى تاشكەنتتە قىرعىزىل اعارتۇ يىستىتۇنىدا ئېر جىلداي وقىي، بىتىرمەي كەتىپ قالغانى دا بار.



قالا و مىرىنە ۋىرەنە الماي - اق قويىپتى. اكھم الگى العاشقى ئوسۇز «500 مىڭ جىلدا جارالغان» دەپ ايتاتىن. كىتاپتاردان و قدى ما، بىرەۋەردىن ھستىدى مە، بىلمەيمىن، ئېراق، ئوزى ويدان شىعار ماغانى انىق.

وزىمىشە «جاڭاشا» وي جۇڭىرسىم، بۇل ئوسۇز ئارشىدان (عارضىتلىك ئارشىدان) 500 مىڭ جىلدا جەتكەن بولار. بۇل ئېزدىڭ جىل ھسەپتەۋىمىز، ال عارشىلىق جىل ھسەبىمەن سەكۈندىtar شىعار. جەردىڭ ارجى بەتىندەگى امەرىكادان ئېرى سەكۈندىتا حابار الپ جاتقانىمىز سوندىي وىغا جەتلەيدى. قىرعىزستاندا شوين ئومرالى دەگەن و قىمىستى بار. بىردىن اڭگىمەلەسىپ و تىرعانىمىزدا ول جەر بەتىندە ھڭ ئېرىنىشى پايدا بولغان سوزدىك دېبىستار «گ» «جانە «ز» دەپ قالدى (قىرعىز الپەسىنەدە «ع» ئارپى جوق، دەگەنەن، «ع» دېبىسى بار، مىسالى، «باڭت» دەپ جازىپ، ۋىنەستىك زائىنا و راي «باعىت» دەپ ايتادى). ول مۇنى بىزگە (ئېز ھكەۋ ھدىك، جانىمدا قىرعىزستاننىڭ «قۇت ئېلىم» گازەتنىڭ رەداكتورى بار) انانۆمىيالىق تۇرۇدان اوېزدىڭ ارتىكۈلىياتىيالىق تابىعاتىنا تايانتىپ دالەلدى. شويننىڭ اکھسى دە ھاسكىشە ساۋاتتى كىسى بولغان. اكھسى قوجا احمدەت ياسساۋىدىڭ «ھىكمەتن» و قىپ جۇرەدى ھكەن. سودان دا بولسا كەرەك، شوين ئومرالى سونماۋ، و تكەن عاسىردىڭ توقسانىنىشى جىلدارنىڭ باسىندا قىرعىزدىڭ «لا-تۇو» («لاتۇو») جۇرنالىنا «ھىكمەتنەن» ۋېزىنلىھەردى العاش رەت قىرعىزشالاپ جارىالاغان عالىم. سونىمەن، «ع» مەن «ز» «اعۋىزى» ئوسۇنىڭ تىرەۋىشى بولىپ و تىر. اوېزدى اشقاىدا دېبىسى شىعىپ، «ۋ» دېبىسى «ع» مەن «ز» -نى جالعايدى.

### ادام اتا قايدا جەرلەنگەن؟

1985 جىلى مامىر اىيندا ماسكەۋىگە بارغان ساپارىمدا «اكادем كنيگانىڭ» كۇركەسەن حىشام - ال - كالبىي دەگەن اوْتوردىڭ «كىنيگا وب يدولاح» دەگەن كتابىن كورىپ قالىپ، العان ھىم. بۇل بويىشا قىرعىزستاننىڭ «سۆۋەتسكايا كىرگىزيا» گازەتنە پۇبلېتىسىتىكالىق ماقالا دا جازدىم. وغان قىرعىز كىسر - نىڭ تارىح يىستىيتوتى «باسۇغا بولادى» دەپ ۋىزا قويىپ بەرگەن. ول كەزدە يىتەرنەت جوق بولغاندىقتان ماقالا كىتاپخانالار مەن مۇراغات قويىناۋىندا قالدى.

ال - كالبىي (738 - 819، نه 821 جىلدارى ئومىرى سۇرگەن اراب عالىمى)



Жер бетин توپан سو ئاعاندا نۇح پايىعامبار ئوز كەمەسىنە 18 مىڭ عالامدى (ادامدار مەن جان - جانۋارلاردى) سالىپ ئاعانىن جازادى. كەمەدە 8 ادام بولىپتى: نۇح پايىعامبار (س.ع.س.). جانه ئۇش بالاسى، بارلىقى جۇبایلارىمەن. ولارىدىڭ كەمەدەگى بولمەسىنە ادام اتا الىيکى سالامنىڭ ئمايتى دە بولغان. سۇيەك سالىنغان تابىت ھىلەر مەن اىھەلدەردى ئېولىپ تۇرغان پەردى ئەرولىن اتقارغان. نۇح پايىعامبار (س.ع.س.) ادام اتائىڭ (س.ع.س.) سۇيەگىن سو شايىپ كەتىپ، جوغالىتىپ المايىق دەپ، كومىلگەن جەرىنەن قازىپ ئىپ، كەمەگە ادەيى سالىپ ئاعان. ادام اتائىڭ (س.ع.س.) مولاسى سول جەردەگى ناۋىز دەپ اتالاتىن تاۋدىلىڭ ھەتكەن. ناۋىز تاۋىنىڭ حاۋىز (قازىعۇرت) تاۋى ھەكتىنەدە ھەش كۇماندانبايمىن. بىرىنىشىدەن، ال - كالبى ناۋىز تاۋى گىندۇشكەش (حىيند - ن.ب.) تاۋلارىنىڭ ئېرى پۇشپاىى ھەكتىن جازغان. قازىعۇرت گىندۇشكەشتىڭ سولتۇستىك سىلەمى پامىر تاۋلارىنا ۋشتاسىپ كەتەدى. ھەكتىنەن، اوْتۇر تاۋدىلىڭ اتى ئارتۇرلى تاشبىلانغاننى دا تىلىگە تىيەك ھەتكەن. اراب جازۋىندا ئەسوز باسىندا «ن» ئارپى مەن «ح» ئارپى وته ۋىقساس ھەكتىن، جانه ال - كالبى زامانىندىاعى كىتابپار قولدان قولغا كوشىرىلىپ، باسپادان كىتاب شىعارغان زامانغا جەتكەنلىك سولاي بولغاننى ھىكە الساق، ئېزدىلىڭ تۈجىرىمىمىز شىندىققا سايىكەس كەلەدى. «عۇرت» (گۇرت) ئەسوزىن تۇركىتاتۇشى ۆ. رادلۇۋ ئۆز سوزدىكتەرىنىدە «وتار مال» دەپ ئەتۇسىندرىپتى. كەمەگە مالدىلىڭ بارلىق ئۇرۇي سالىنغانى بەلگىلى.

كەمە «گوفەر» دەگەن اعاشتان جاسالغان. بۇل ئوزى سوغا سالساڭ وڭايىلىقىپەن شىرىمەيتىن اعاش ھەكتىن. «كويپر» ئەسوزىنىڭ باستاۋى وسى سوزدە جاتىر. كۆپردى سوغا ئۆزىمىدى اعاشتان سالاتىنى اقىقات. ھەندى ادام اتائىڭ (س.ع.س.). ھىسىمنىڭ ماعىنەسىنَا توقتالايدىق. كونە ۋۆرەي تىلىنەگى ئامانسى - «قىزىغىلىت بالشىق ( - تان جاسالغان)». البهتە، مەن سوزدەردىلىڭ پايدا بولۇشىن زەرتتەگەن عالىم ھەمىسىن. دەگەنمەن، سىرت كۆزبەن بايقاعاندارىمىدى ورتاعا سالىپ وترىمن، سوزدەردىلىڭ تايانىش - تىرەۋلەرى، وزەگى داۋىسىز دېبىستار ھەنى ئەمالىم. ولاي بولسا، دم دېبىستارنىڭ وزەگىنە ۋىخىلەيىك. دەم. اللا - تاعالا ادامدى بالشىقتان جاساعاندا اۋزىنا دەم ۋەلەپ جان كىرگىزگەن. ئەدم. ئەدامدى اۋز ارقىلى عانا بىلۇڭگە بولادى. دەم. دەم بىلمەيدى (اۋزىن اشىپ ھىشىتەگە دەمەدى). دەم - سلعال (بالشىق)، ادام (قادام) - ادىمداپ ئەجۇرۇ ئادىمعا عانا ايتىلادى.



## ادهمنىڭ توركىنى قايدان؟

نهگىزى، ادامنىڭ اتسن كىم قويغان؟ اللالا - تاعالا ما، ھۆرەيلەر مە؟ دەم - ادام اتا، حاۋا انا جەرگە تۇسپەي تۇرغاندا مەكەندەگەن پەيشتەگى باۋ - باقشا. دەم ھۆرەي ئوزى. انا تىلىمىزدە «ادەمى» دەگەن ادەمى ئوز بار. اللالا - تاعالا ادامدى وزىنە ۋىساستىرىپ، ادەمى ھەتىپ جاراتقان دەلىنەدى. ادام ئوزنىڭ تەگى وسى سوزدەن كورىنەتىنەدى. ھندى، گىرەك تىلىنىڭ گى دەمۈكرا提ىغا بارايىق. دەموس - حالق، ياعنى ادامدار. كراتوس - بىلىك. حالق (ادامدار) بىلىگى. دۇما. ورسىشا. حالق و كىلدەرىنىڭ جىينى. دۈمات - ويلاۋ. دۇمىشە. قازاقشا - شالا ساۋاتتى، ئېلىممسىز، ويلاۋى ناشار. ئەدمى - اقلى تولىق دەگەن ماعىناعا جاقىن.

## حاۋا انانىڭ دىسمى قايدان شىققان؟

ادام مەن حاۋا انا دەم باعنان (ادەمى باقتان) جەرگە قۇبىلى. اللالا - تاعالا پەرىشتەلەرى ارقىلى ولارعا باقتعايى جەمىستىلىپ، جەپ قويماڭدار دەدى. «المانى الما» دەدى. المانى جەگەن حاۋا انادا ويلاۋ سەزىمى - ۋىيات سەزىمى پايدا بولدى دا، دەنەسىن جاپراقيپەن جابا قويدى. سول ساتكە دەين ول جانۋار دەدى، الما جەگەن سوڭ وغان اقىل كىرىپ، ادام بولدى. سوسىن حاۋا انا ادام اتاعا اقىل ايتا باستادى. اىھەلمەردىڭ كۇيەۋىنە اقىل ۋىرەتۇ ادەتى سول ۋاقتىتا باستالدى. و باستا اللالا - تاعالا حاۋانى ادامنىڭ قىسىق قابىرغاسىنىڭ تىتىمدەي ۋىشى سىندرىپلىپ، سودان جاراتقان دەدى. ئەدىنى ئاپسانالاردا سولاي. بۇگىنگى عىلەملىكى كۆزقاراسپەن العاندا، بۇل ادامنىڭ ھېرىيونىن كلونداۋ. قازاقتا «قابىرغاڭمەن كەڭھەس» دەگەن ئوز بار. «ايەلىڭمەن كەڭھەس» دەگەنلى. ھندى «حاۋا» ئوزنىڭ توركىنинە توقتالايمىق. ھۆرەيشە - حاۋا، ئومىر بەرۋىشى، ئەترى. اراپشا - حاۋوا، ماحاببات ئوزنىڭ ئۆبىرى. قازاقشا - قابىرغا، قابىرتقا. بىرتكا جالعاۋى ومىرتقا جانە جۇمۇرتقا سوزدەرنىنە كەزدەسەدى. قابىرغا ادامنىڭ كەۋدەسىن جاپقان قاپتىڭ وستىندارى. حاۋا انانىڭ دىسمى ادام اتаниڭ قابىرغاسىن جارالعاننان كەين سولاي قاب - حەۋا - ھۆۋا اتالىپ قالغان. «ب» دېسىنىڭ «ۋ» - عا اينالىپ كەتۋى تۇرکى تىلەرنىنە كەزدەسەدى. مىسالى، «دابا» ئوزى «داۋا» دەپ ايتىلا بەرەدى. بۇدان شىعار قورىتىنىدى، «قاب» ئوزى قازاقстан باتىسقا كەتىپ، حاۋا بولىپ قايتا ورالغان.



اي لاۋ يىۋ - مەن سەنى سۇيەمن

«وسى جۇرت سىكەندىرىدى بىلە مە كەن؟»، - دەپ ۋلى اباي «سىكەندىر» پوهماسىن باستا عاندىي، وسى جۇرت اعىلىشىندىق «لاۋ»(love) عسوزىنىڭ قازاقстан شىققانىن بىلە مە كەن؟! بۇل ئىسۈز دۇنييە ئجۇزىنىڭ كۆپتەگەن مىلدەرنىدە بار. ورس تىلىنىدە - لىيقبۇو، ئتۇبىرى لىيۋب. سوناۋ پىرىپالىتىكا مىلدەرنىدە - «لەپس»، نەمىس تىلىنىدە «لىيۋه». «جاقسى لەپەس - جارىم بىرس» ماقالىن جانە «لەبىز» عسوزىن سىكەنىڭىز. لەبىز - جۇرەكتەن شىققان جىلى ئىسۈز. قازاقتىڭ جۇرەگى قالايمى سوعادى. لۇپىلدەپ، ئلۇپ-ئلۇپ ھەتىپ. ورسىتىڭ «ۋۆسکلىيتىساتەلنى زناڭى» «لەپ بەلگىسى» دەپ ئىنعنان. لەپ بەلگىسى - جۇرەكتەن شىققان تاڭدانۇ بەلگىسى. ئىسۇيۋ - جۇرەكتىڭ يىشاراتى.

ماناس جانە الپامىس دىسمەدرىنىڭ ۋىلساستىغى

قىرعىز حالقىنىڭ وراسان زور ھېيكالىق داستانى «ماناستىڭ» باس قاھارمانى ماناستىڭ ھىمىننىڭ شىعۇتەگى تۈرالى جورامالدار كوب. الدىمەن ھىمىدى كىم قويغانىنا توقتالايمىق. داستاننىڭ ساڭىمباي وروزباقوۋ ايتقان ۋارىياتىندا بۇل تۈرالى بىلاي جىرلانعان:

... وترغان ھىلەر تەرلەدى،  
اۋىزىنا ئېرىت كەلمەدى،  
ات قويماي ابىرىپ،  
اقلىماننىڭ بارلىقى  
تۇردى يىعى سالبىرىپ.  
اقدادلى دۇانا،  
اساسى قولدا سىلدىرىپ،  
قايدان كەلدى جان بىلمەس،  
پايدا بولدى قىلىرىپ.  
بەردىكە ايتتى سول كەزدە:  
«ات قويىپ بەرسەڭ بالاعا  
جىنالغانداردىڭ ساۋابىن،  
الار ھەدىڭ، دۇانا!



## ШТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫң ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ

قوییپ بھرسەڭ، جاقسى ات بەك،  
قۋانار ھدى اسپان - كوك».

دۇانا بالانىڭ اتنى «ماناس» دەپ قويىدى. ول ماناستىڭ اکھسى جاقىپ تارتۇلاغان التىن-كۆمىستى، قامقا توندى الماي، ئېرىزىدە كوزدەن عايىپ بولدى. بۇر دۇانا ھەمس قىزىر (قىدىر الھىكى سالام) اۋلۇيە بولسا كەرەك. جىنالغان ھل جاقسى ات قويىلىدى دەپ قۋاندى. دەمەك، سول ۋاقتىتاردا بۇل عسوز قىرعىز ئۈشىن تۇسنىكتى بولغان. ئېزدىڭ جورامالىمىزدا «مان» ادام، ئاجاي ادام ھەمس، اقىلىدى ادام. «اس» بىيىك، دەگەن عسوز - بىيكتەن اش، ھتىستىكتىڭ بۇيريق رايى - اس. قىرعىزدا دا «اسقار» دەگەن عسوز بار. اسقار تاۋدىڭ اسقارنىڭ ئېرىنىشى بۇنى. جانە قىرعىزدار «اسپاندى» «اسمان» دەيدى. ھەر بۇنداردىڭ ورنىن اوستىرغاندای بولساق، قايتادان «ماناس» عسوزى شىعادى. «مان» عسوزى «ادام» - نىڭ ئىسینوئىمى ھەننى يىدان اىقىن. «مان» - مەن بىتەتنى ادام اتتارى قازاق-قىرعىز تىلдерىنде كوب، مىسالى، بەگمان، قالقамان ت.ت.

ئىپتى، مەن قازاقتىڭ ھەلدەن كەلە جاتقان نايىمان رۇن سوناۋ نۇح پايىمبار زامانىنان بار ھل دەپ ھەپتەيمىن. نايىمان - نۇعمان، نۇھمان. كوشىلگە الاتىن نارسە ھەمس - قازاقتى «نايىمان قۇ ما، سايitan قۇ ما؟» دەگەن عسوز بار. ئېزدىڭ ئېرى جامان ادەتمىز بار. كەيىر سوزدەردىڭ ماعىنسىنا تەرەڭ ۋىڭلە بەرمەيمىز. بۇل جەردە «قۇ» دەگەن عسوز، «تاپقىش» دەگەن ماعىنادا بولىپ تۇر. ولار قۇ بولىپ، كىمدى الداپتى؟ كەرسىنىشە، تىعرىقتان شىعۇدىڭ شەشىمن تاپقان دانا ھل. كەزىنە نايىمان مەملەكەتىن قۇرغان نايىماندارمەن ئىسى قازاق ماقتائۇغا ئىتىس. اقش-تىڭ عالىمدارى ادامداردىڭ اتالىق حرومۇسومدارىن زەرتتەگەنە، جەر بەتىنەگى ادامدار 4 ادامان تاراعان بولۇي مۇمكىن دەگەن جىينتىق شىعارغان. ئېزدىڭ پايىممىزدا، بۇلار جوعارىدا عسوز بولغان نۇح پايىمبار (س.ع.س.). جانە ونىڭ ئۈش بالاسى بولسا كەرەك-ءىتى.

ئال-حىيسىسا، ماناسقا قايتا ورالايق. ماناس سانسکريت تىلىنە «اقىل-ھستى ادام» دەگەندى بىلدىرەدى. ھەلگى ۋىندىلەر ادامدى «مانۋ» دەگەن. اىلىشىندا ادامدى «مان» دەي بەرەدى. نەمىستەر «مان»، «مەنش» دەيدى. مەنىش دەگەن قازاقتىدا ادام اتى بار. نەمىستەرde توماسىس مان، گەنرىچ مانن دەگەن اعاينىدى اتاقتى جازۋىشلار بولغان.

الپامىسا كەلەيىك. قازاق پەن قاراقالپاقدا «الپامىس»، وزبەك جانە باشقۇرتتا «الپامىش»، تاتارلاردا «الپامشا»، тايلىقтарدا «الب ماناش»



Жерларى بار. Манас пен الپамистил өбір адам ھмес ھ肯і علمىي жақтан дағалдаңған. Виткені، ھکі дастаннің сиёжеттегі ھәрі ھ، қеңіпкөрлөрді ھ، өзігілар болуан жер аташтары да өбір-бірнеше өсімадайты. Айтсан ھ، алпамис ھсімі манасқа баяланысты قولдуан ھеп бағамдаймын. Дағел: «алпамис» «البِ پَامِسْتِلُّ» قىسقارتар үтөرى. алпамис «دادе қорқыт китабына» «ءابایبورى ۋلى بامسى بايرەك» بولىپ كىرگەن.

پىكىرمىزدى معىمداۋ ئۇشىن قىرعىز بەن قازاقтыл سوزдерин سالпистىرپ қорەيىك. قىرعىزشا - مۇزوو، قازاقشا - بۇزاۋ، قىرعىزشا - مۇرۇن، قازاقشا - بۇرىن (مۇرۇنچۇق وتكۈن زاماندا - بۇرىنىعى وتكەن زاماندا)، جوغارىدا ئوز بولуан اسمان - اسپان. ئىتپىتى، بەرتىندە، ورىستىل «پەچ» ئوزىن قىرعىز «مەش», قازاق «پەش» ھەپ العان. دەمەك، «манас» اتاۋى قازاققا كىرگەنде «پاماس» نە «باماس» بولىپ، كەلە ھەپ ماناستاي بولىپ قالуан. ياعنى، алпамис تۈلۈغاندا قازاقтар الپ مانастاي بالا تۈبىلدى ھەپ، ھسىمن الپ مانас قولуان. ۋاقت وته بۇل الپامисقا اينالуан.

تاۋ قولىناۋلارىندا باسقا ھىلдерدەن وقشاۋ جايلاسقان قىرعىز ھىلندە تۇركى تىلىنە ورتاق كويتەگەن سوزдер سول كۇينىدە ساقتالىپ قالدى. مىسالىغا «قاسقىر» ئوزىن الايق. ونى قىرعىزدار «قارىشىقىر» دەيدى. قاسقىر توسىننان بەيمەزگىل ۋىلەتى. ونى قىرعىز كەمپىرلەردى «جاعىڭ قارىشىقىر (قارىسقىر)», - دەپ قارعايدى. سودان ئورى قارىشىقىرعا اينالуان. «قارىشىقىر» قازاقتا قىسقара وترىپ، «قاسقىر» بولуان. ئورى دەمەكشى، قىرعىزدار «كۆكپاردى» «كۈك ئورۇ» دەيدى. سوزдерدىڭ قىسقارتۇرى قىرعىز تىلىндە بار. مىسالى، «ماتىساك» («ماٰتىساك») دەگەن адам اتى. بۇل ھکى پايامباردىڭ ھىمدەرنىڭ قولىنىسى: مۇحامмاد-يساڭ. مۇحامмاد - مامات - مات - مات. سىمىداردىڭ العاشقى بۇنىي «مات» - تان «ماٰتىكەرىم، ماتكابىل ت.ت. ھىمەدرە قالبىتاسقان).

манас пен الپامистىل ھومىر سۇرگەن داۋىرلەرنە كەلسەك، كەمەڭىھە جازۇشى، «ماناس» ھپوسىن زەرتتەگەن مۇحتار اوھزۇۋ مانас ھداۋىرىن VIII-IX دەپ سانайдى. مانастى زەرتتەۋشىلەردىڭ كوبىسى وسى ۋاقتىنى دۇرسى كورىپ وتر. алпамистىل ھداۋىرى فولكلورشى اوھلەك قوڭراتاباھۇ باستاعان عالىمداردىڭ پايىمداۋىندا X عاسىرداң بەرى قاراي. ھېزدىڭ ويىمىزشا، سول IX عاسىر مەن XIII عاسىردىڭ باسىنداعى مونغۇل شاپقىنىشلىغىنا دەينىڭى ارالىقتا.

1999 جىلى، ئەبىز، قازاقتار، ۋېقتاپ جاتقاندا، وزبەك بىلىگى «الپامىش



باتىردى» يۇنەسکو-نىڭ مادەنىي قۇندىلىقتارىنىڭ تىزىمىنە ھنگىزىپ، ۋۆكىمەتى يۇنەسکو-مهن بىرىگىپ، ھېسىتىڭ 1000 جىلدىعىن تەرمەز قالاسىندا توپلاپلىدە، سالتاناتتى تۇردىن الپامىش باتىردىنىڭ ئازۇلىم ھىكەرتىكىشىن اشتى. مەن بۇغان اشىنبايىمىن، قايتا قۇانامىن. سەبەپ: وزبەكتەر الپامىش باتىردى «بىزدىكى» دەپ، وزدەرىنىڭ قازاقىپەن كىندىكىتەس ھېرى حالق ھەنن دالەلдەپ، تاس بەلگى ورناتتى، سول قولىنا ساداق، وڭ قولىنا قىران قۇس ۋىستاعان الپ ئەمۇسىننىڭ تۇعىرىنا الپامىش باتىردىنىڭ ھىسىملىق قاشاپ جازدى.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

### Дулат Исабеков шығармалары швед тіліне аударылды

Жазушы, драматург Дулат Исабековтың шығармалар жинағы швед тілінде жарық көрді. Бұл – Альфред Нобельдің Отанында басылған алғашқы қазақ әдебиеті. Кітапқа автордың «Гаунартас», «Сүйекші», «Дермене», «Өкпек жолаушы», «Біз соғысты көрген жоқпызы» атты бес повесі және бірнеше әңгімесі енген. Жинақты швед академигі, Нобель сыйлығының лауреаты Бенгт Самуэльсон аударған. Швециялық сыншылардың жоғары бағасын алған туынды 1000 данамен басылды. Драматургтың пьесаларына европалық театрлар қызығып отыр. «Бөрте» пьесасын Вена, Цюрих, Брюссель театrlары сахналauға дайындықты бастап кетіпті. Ал күні кеше Дулат Исабеков шығармасының желісімен түсірілген «Балуан Шолак» фильмі үшінші Еуразия кинофестивалінде арнайы дипломмен мараттады.

### Әлемнің тағы үш елінде «Abai үйі» іске қосылады

Монголия, Ресей және Қырғызстанда «Абай үйі» мәдени-іскерлік орталығы жобасы іске қосылады. Бұл жобашетелдегі

қандастармен мәдени-гуманитарлық және іскерлік байланыстарды дамыту мақсатында жұмыс істейді. Откен жылы «Абай үйі» Ресей, Өзбекстан, Түркия, Германия және Украина да ашылған. Ал дүниежүзінде бұдан бөлек 250-ге жуық Қазақ мәдени орталықтары бар. Сонымен қатар, әлемнің 12 елінде қандастарымызды ана тілінде оқытатын «қазақ тілі» сыныптары ашылған. Бейресми мәліметтерге сүйенсек, шетелде 5 млн-нан 7 млн-ға дейін этникалық қазақ тұрады.

### Берлинде Қазақстанға арналған фотокөрме ашылды

Германия астанасы Берлин қаласында «Табиғат, мәдениет, халық. Таң қалдыратын Қазақстан» атты фотокөрме ашылды. Ол ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен астана күніне орайластырылған. Көрмені Германиядағы елшілігіміз бен «Қазан» қауымдастыры бірлесіп ұйымдастырыды. Берлиннің ең ірі сауда орталығында киіз үй бой көтерді. Мұнда шапан киіп, домбыра тартуға болады. Сондай-ақ ұлттық әуендеріміз шырқалады. Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері Құрманғазы мен Дина Нұрпейісовның күйлері мен халық әндерінен құралған



## ЖАЦАЛЫҚТАР

ерекше бағдарлама өзірлеп келді. Өнерпаздарымыздың құлақтың қурышын қандыратын дауысы мен шеберлігі жергілікті көрермендерді таң қалдырды.

### Қазақ өнерпаздары Уфада өнер көрсетті

Башқұртстан астанасында алтыншы дүниежүзілік фольклориада етіп жатыр. Халықаралық өнер форумы 4 жылда бір үйімдастырылады. Ресейде алғаш рет өтті. Оған әлемнің 37 елінен фольклор ансамбльдері келген. Қазақстан атынан Үлттық гвардияның ән және би ансамблі өнер көрсетті. Кешелі бері олар Башқұртстан өңірлерін аралап, концерт қойды. Жалпы форумға келген әр ұжым өз үлттының дәстүрлі өнері мен мәдениетін паш етеді. Биыл форум аясында екі



әлемдік рекорд орнатылды. Яғни, 57 елдің және 71 үлттың өкілінен құралған

2700 адам бірлесіп, хор айтты. Мәдени форум 10 шілдеде аяқталады. Жабылу салтанатында Ulytau тобы өнер көрсетеді деп жоспарланған.

### Қазақстандық туынды Лондонда «Үздік анимациялық фильм» атанды

Ұлыбритания астанасы Лондонда осымен үшінші рет өткізілген ECG кинофестивалінің қорытындысы жарияланды. Еуразия елдерінің кино сайысында Ұлыбритания, Ресей, Беларусь, Қырым Республикасы, Украина, Өзбекстан, Қыргызстан, Әзіrbайжан, Қазақстан, Франция, Португалия, Қытай және Түркия мемлекетінен жалпы жиыны 46 фильм көрсетілді. Лондонның қақ ортасындағы Premier Cinema кинотеатрында өткен марапаттау рәсімінде Мақсұт Сәрсембаев

пен Мансұр Сәрсембаевтың «Hacked Future» («Бұлінген болашак») атты қазақстандық фильмі «Үздік сценарий» аталымын жеңіп алды. Ал Ділшат Рахматулиннің «Серый гусь «Despair» туындысы «Үздік анимациялық фильм» атанды. Тағы бір қазақстандық кинотуынды

«Baluan Sholak» құрмет дипломымен марапатталды.



## JAÑALYQTAR



**Dýlat Isabekov shyǵarmalary  
shved tiline aýdaryldy**

Jazýshy, dramatýrg Dýlat Isabekovtyń shyǵarmalar jınaǵy shved tilinde jaryq kórdi. Bul – Alfred Nobeldiń Otanynda basylǵan alǵashqy qazaq ádebieti. Kitapqa avtordyń «Gaýhartas», «Súiekshi», «Dermene», «Ókpek jolaýshy», «Biz soǵysty kórgen joqpyz» atty bes povesi jáne birneshe ángimesi engen. Jinaqty shved akademigi, Nobel sylyǵynyń laýreaty Bengt Samýelson aýdarǵan. Shvesialyq synshylardyń joǵary baǵasyn alǵan týndy 1000 danamen basyldy. Dramatýrgtyń pesalaryna eýropalyq teatrlar qzyǵyp otyr. «Bórte» pesasyn Vena, Súrih, Brüssel teatrлary sahnalaýǵa

daiyndyqty bastap ketipti. Al kúni keshe Dýlat Isabekov shyǵarmasynyń jelisimen túsimilgen «Balýan Sholaq» filmi úshinshi Eýrazia kinofestivalinde arnaıy diplommen marapattaldy.

**Álemniń taǵy úsh elinde  
«Abai uii» iske qosylady**

Mońgolia, Reseı jáne Qyrqyzstanda «Abai úui» mádeni-iskerlik ortalıǵy jobasy iske qosylady. Bul joba sheteldegi qandastarmen mádeni-gýmanitarlyq jáne iskerlik bailanystardy damytý maqsatynda jumys isteidi. Ótken jyly «Abai úui» Reseı, Ózbekstan, Türkia, Germania jáne Ýkraına



## **ЖАЦАЛЫҚТАР**

da ashylǵan. Al dúniejúzinde budan bólek 250-ge jýyq Qazaq mádeni ortalıqtary bar. Sonymen qatar, álemniń 12 elinde qandastarymyzdy ana tilinde oqytatyn «qazaq tili» synyptary ashylǵan. Beiresmı málimetterge súiensek, shetelde 5 mln-nan 7 mln-ǵa dein etníkalyq qazaq turady.

### **Berlinde Qazaqstanǵa arnalǵan fotokórme ashylǵy**

Germania astanasy Berlin qalasynda «Tabıǵat, mádeniet, halyq. Tań qaldyratyn Qazaqstan» atty fotokórme ashylǵy. Ol el Táýelsizdiginiń 30 jyldyǵy men astana kúnine orailastyrylgan. Kórmeni Germaniadaǵy elshiligidimiz ben «Qazan» qaýymdastyǵy birlesip uiymdastyrdy. Berlinniń eń iri saýda ortalıǵynda kiız úı boı kóterdi. Munda shapan kiıp, dombyra tartýǵa bolady. Sondaı-aq ulttyq áyenderimiz shyrqalady. Qazaq ulttyq óner ýniversitetiniń stýdentteri Qurmanǵazy men Dına Nurpeiisovnyń kúileri men halyq ánderinen quralǵan erekshé baǵdarlama ázirlep keldi. Ónerpazdarymyzdyń qulaqtyń quryshyn qandyratyn daýysy men sheberligi jergilikti kórermenderdi tań qaldyrdy.

### **Qazaq ónerpazdary Ýfada óner kórsetti**

Bashqurtstan astanasynda altynshy dúniejúzilik fólklorıada ótip jatyr. Halyqaralyq óner forýmy 4 jylda bir uiymdastyrylady. Reseide alǵash ret ótti. Oǵan álemniń 37 elinen fólklor ansámblderi

kelgen. Qazaqstan atynan Ulttyq gvardianyń án jáne bı ansambli óner kórsetti. Kesheli beri olar Bashqurtstan óírlerin aralap, konsert qoıdy. Jalpy forýmǵa kelgen ár ujym óz ultynyń dástúrli óneri men mádenietin pash etedi. Bıyl forým aiasynda eki álemdik rekord ornatyldy. Iaǵní, 57 eldiń jáne 71 ulttyń ókilinen quralǵan 2700 adam birlesip, hor aitty. Mádeni forým 10 shildede aiaqtalady. Jabyly saltanatynda Ulytau toby óner kórsetedi dep josparlanǵan.

### **Qazaqstandyq týyndy Londonda «Úzdik animasialyq film» atandy**

Ulybritaniaastanasy Londonda osymen úshinshi ret ótkizilgen ECG kínofestivaliniń qorytyndysy jarıalandy. Eýrazıa elderiniń kino saıysynda Ulybritania, Reseı, Belarýs, Qyrym Respýblikasy, Ýkraına, Ózbekstan, Qırğızstan, Ázirbaijan, Qazaqstan, Fransıa, Portýgalıa, Qytai jáne Túrkıa memleketinen jalpy jiyny 46 film kórsetildi. Londonnyń qaq ortasyndaǵy Premier Cinema kínoteatrynda ótken marapattáy rásiminde Maqsut Sársembaev pen Mansur Sársembaevtyń «Hacked Future» («Búlingen bolashaq») atty qazaqstandyq filmi «Úzdik senarı» atalymyn jeńip aldy. Al Dilshat Rahmatýlinniń «Seryı gýs «Despair» týyndysy «Úzdik animasialyq film» atandy. Taǵy bir qazaqstandyq kínotýyndy «Baluan Sholak» qurmet diplomymen marapattaldy.

<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie>



## دۋلات يسابه ڪوٽ شعارمalarى شۆهد تىلىنە اۋدارىلدى

جازوشى، دراماتۇرگ دۋلات يسابه ڪوٽ تىڭ شعارمالار جىناعى شۆهد تىلىنە جارىق كوردى. بۇل - الفرەد نوبەلدىڭ وتانىندا باسلغان العاشقى قازاق ادەبىيەتى. كىتاپقا اوْتوردىڭ «گاۋاھارتاس»، «سۇيەكشى»، «دەرمەنە»، «وکپەك جولاۋشى»، «ءېبىز سوعىستى كورگەن جوقىز» اتنى بەس پووهسى جانە بىرنەشە ئىگىمەسى ھنگەن. جىناقتى شۆهد اکادەمیگى، نوبەل سىلىعىنىڭ لاقرەاتى بەنگت سامۋەلسون اۋدارغان. شۆھىتىلىق سىنىشلاردىڭ جوعارى باعاسىن العان تۈنىدى 1000 دانامەن باسلدى. دراماتۇرگىتىڭ پەسالارىنا ھۇروپالىق تەاترلار قىزىعىپ وتر. «بورتە» پەساسىن ۋەنا، تىيۇرىخ، برىۋىسىھەل تەاترلارى ساحنالاۋغا دايىندىقتى باستاپ كەتىپتى. ال كۇنى كەشە دۋلات يسابه ڪوٽ شعارماسىنىڭ جەلىسىمەن تۇسیرىلگەن «بالۋان شولاق» ئەفيلىمى ئۇشىنىشى ھۇرازىيا كىنوفەستىيۇالىنە ارنايى دىپلوممەن ماراپاتتالدى.

## الەمنىڭ تاعى ئۇش ھلىنە «Abai ui» سىكە قوسلاادى

موڭغۇلیا، رەسەي جانە قىرعىزستاندا «اباي ئۇيى» مادەنى-سىكەرلىك ورتالىقى جوباسى سىكە قوسلاادى. بۇل جوبا شەتەلەگى قانداستارمەن مادەنى-گۇمانىتارلىق جانە سىكەرلىك بايلانىستاردى دامتۇ ماقساتىندا جۇمسى سىتەيدى. وتكەن جىلى «اباي ئۇيى» رەسەي، وزبەكستان، تۇركىا، گەرمانىيا جانە ۋىكراينا دا اشلىغان. ال دۇنيە جۇزىنە بۇدان بولەك 250-گە جۇقىق قازاق مادەنى ورتالىقتارى بار. سونىمەن قاتار، الەمنىڭ 12 ھلىنە قانداستارىمىزدى انا تىلىنە وقتاتىن «قازاق ئىلى» سىنىپتارى اشلىغان. بېرىھىسمى مالىمەتتەرگە سۇيەنسەك، شەتەلە 5 ملن-نان 7 ملن-عا دەين ھتىكالىق قازاق تۇرادى.



بىرلەيندە قازاقستانغا ارنالغان فوتوکورمە اشىلدى

گەرمانىا استاناسى بەرلىن قالاسىندا «تابىعات، مادەنىيەت، حالق. تالڭىز قالدىراتىن قازاقستان» اتتى فوتوكورمە اشىلدى. ول هل تاۋەلسىزدىگىنىڭ 30 جىلدىمىز مەن استانا كۇنىنه ورایلاستىرىلغان. كورمەنى گەرمانىاداعى ھەشىلىگىمىز بەن «قازان» قاۋىمداستىعى بىرلەسپ ئىمداستىردى. بەرلىيننىڭ ھڭ ئىرى ساۋدا ورتالىعىندا كېيز ئۇي بوي كوتەردى. مۇندا شاپان كېىپ، دومبىرا تارتۇغا بولادى. سونداي-اق ۋلتىق اوھنەدرىمىز شرقالادى. قازاق ۋلتىق ونەر ۋئىۋەرسىتەتنىڭ ستۇدەنتتەرە قۇرمانعازى مەن دينا نۇرپەيسوؤننىڭ كۈيەرەرى مەن حالق اندهرىنەن قۇرالغان ھەكىشە باعدارلاما ازىزلىھەپ كەلدى. ونەرپازدارسىزدىڭ قولاقتىڭ قولوشىن قاندىراتىن داۋىسى مەن شەبەرلىكى جەرگىلىكتى كورەرمەندەردى تالڭىز قالدىرىدى.

## فازاق و نمرپازداری ۋەفادا و نىر كورس تىتى

باشقۇرتسان استاناسىندا التىنىشى دۇنيە جۇزىلىك فولكلور يادا ئوتىپ  
جاتىر. حالىقارالىق ونھر فورۇمى 4 جىلدا ئېرىر ئىمداستىريلادى. رەسەيدە  
العاش رەت ئوتتى. وغان الەمنىڭ 37 ھلينەن فولكلور انسامبىلەرى كەلگەن.  
قازاقيستان اتنىان ۋلتتىق گۆواردىيانىڭ ئان جانە بى ئانسامبىلى ونھر كورسەتتى.  
كەشەلى بەرى ولار باشقۇرتسان وئىرلەرین ارارلاپ، كونتسەرت قويىدى. جالپى  
فورۇمۇغا كەلگەن ئار ۋەچىم ئوز ۋلتتىنىڭ ئەداستۇرلى ونھرى مەن مادەنیيەتن پاش  
ەتەدى. بىيىل فورۇم اياسىندا ھكى الەمدىك رەكورد ورناتىلدى. ياعنى، 57 ھلدىڭ  
جانە 71 ۋلتتىڭ وکىلىنەن قۇرالغان 2700 ادام بىرلەسىپ، حور ايتتى. مادەنی  
فورۇم 10 شىلدەدە اياقتالادى. جابىلۇ سالتاناتىندا Ulytau توبى ونھر كورسەتەدى  
دەپ جوسيارلانعان.



## قازاقстандық تؤندى لوندوندا «ۋۇزدىك ائيماتسیالىق فيلم» اتандى

ولېرىتانيا استاناسى لوندوندا وسىمەن ئۇشىنىشى رهت وتکىزىلگەن ECG كىنوفەستىۋالىنىڭ قورىتىندىسى جارىالاندى. ۋۇزلىك ھەلدەرلىنىڭ كىنۇ سايىسىندا ولېرىتانيا، رەسەي، بەلارۋىس، قىرىم رەسىۋېلىكاسى، ۋەگىراینا، وزبەكستان، قىرعىزستان، ئازىربايجان، قازاقستان، فرانتسيا، پورتۇگاليا، قىتاي جانە تۈركىيا مەملەكتەنەن جالپى جىينى 46 فيلم كورسەتىلدى. لوندوننىڭ قاق ورتاسىنداعى Premier Cinema كىنوتەاترىندا وتكەن ماراپاتتاۋ راسىمنىدە ماقسۇت سارسەمباھۆ پەن مانسۇر سارسەمباھۆتىڭ («بۇلۇنگەن بولاشاق») «Hacked Future» اتى قازاقстанدىق ئەفيلىمى «ۋۇزدىك ستىسەنارىيى» اتالىمنىن جەڭىپ الدى. ال ئەدىلىشات ئاراحماتۇلىنىڭ «Серый гусь» «Despair» تۈنۈدىسى «ۋۇزدىك ائيماتسیالىق فيلم» اتандى. تاعى ئىبر قازاقстанدىق كىنوتۇنىدى «Baluan Sholak» قۇرمەت دىپلومىمەن ماراپاتتالدى.



## ДУНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫң КИШІ ҚҰРЫЛТАЙЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯ

Дүниежүзі қазақтарының Кіші құрылтайы 2021 жылғы 22-24 қыркүйек аралығында Ыстамбұл қаласында өтеді деп межеленген. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылмақшы шараның жауапкершілігі жоғары. Соған байланысты ауқымды істің әзірлік барысы жөнінде Қазақстанның Ыстамбұл қаласындағы бас консулдығымен онлайн конференция болып өтті. Онда Кіші құрылтайға қатысатын делегаттардың тізімін, шараның өтетін орынын және бағдарламасын нақтылау сияқты бірқатар қағидатты жайттар қаралды.

Онлайн конференцияға Қазақстан Республикасының Ыстамбұл қаласындағы бас консулы Әлім Байел және «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры» РКБ Төрағасының орынбасары Әділбек Үбірайымұлы, қауымдастық қызметкерлері Латифа Мұқашқызы, Қарлығаш Бекпатшақызы қатысты.

Бас консул Әлім мырза жергілікті билік өкілдерімен мәміле жүргізіп, шараны Ыстамбұл қаласының Бағжылар аудандық мәдени орталығында өткізу жөнінде келісімге келгендерін жеткізді.

Кіші құрылтайда шетелде жүрген қандастарға тарихи Отандары жөнінде

кеңінен мағлұмат беріліп, Еуропадағы қазақ диаспорасы ахуалының бүгіні мен ертеңі талқыланбақ.

Сырттағы отандастардың өзекті мәселелерін, проблемаларын қарап, ұсыныстарын талқылайтын пікір алмасу платформасына Түркия Республикасындағы және оған таяу көршілес Еуропадағы қазақ диаспорасы жетекшілері мен белсенділері қатысады. Олардың бірқатарымен нақты мәселелер жөнінде жеке кездесулер өтпекші.

Одан білек Қазақстан делегациясының қазақ диаспорасы жастарымен және басқа да өкілдермен бейресми кездесулері жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Бағжылар ауданында Мұстафа Өзтүрік атындағы саябағының ашылу рәсімі; Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Қазақ мемлекеті – ортағасырлық тарихи дереккөздерде» және Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері жөніндегі көрмелер ұйымдастырылмақшы.

Онлайн конференция барысында осы жайлардың бәрі рет-ретімен пысықталып, ұйымдастыру шараларының қалыпты жүріп жатқанына Дүниежүзі қазақтары қауымдастыры атынан консулдықтағы дипломаттарға алғыс білдірілді.



## ҚАУЫМДАСТЫҚ ӨКІЛДЕРІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ЕРЕЖЕП МӘМБЕТҚАЗИЕВПЕН КЕЗДЕСТИ

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының шетелдегі қазақтарды қолдау, мәдени-рухани жақтан байланыс орнату жұмыстары жалғасуда. 29 маусым күні Қауымдастықтың Бірінші орынбасарының кеңесшісі Дәурен Жанузаков пен Қауымдастықтың Шығыс Қазақстан облысындағы филиал басшысы Совет Имангалиев Ресейдегі Астрахань облысының тумасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының академигі, Қазақстан-Американ еркін университетінің Президенті (1993-1995 ж.), Білім министрі болған Ережеп Әлқайырұлы Мәмбетқазиевпен кездесіп,

қазақтарының мәдени жағдайын, кездесіп отырған мәселелерін талқылады.

Ескере кететін жай Астрахань облысында 2010 жылғы санақ бойынша 150 мың қазақ қоныстанған. Бұл Ресейдегі қандастарымыз ең көп шоғырланған өлке болып есептеледі. Жергілікті қазақтардың тілі мен мәдениеті айтарлықтай деңгейде емес. Ережеп Әлқайырұлы осы өнірдің тумасы болғандықтан көптеген ішкі мәселелермен хабардар. Қазіргі танда осы мәселелерді белсене көтеріп, оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында қолдау көрсетуін сұрап Ресей Президентіне хат жолдауда. Сонымен



## ЖАЦАЛЫҚТАР

қатар, 2019 жылы Е.Мәмбетқазиев Астрахань облысының губернаторы И.Ю. Бабушкинмен кездесіп өлкедегі қазақтардың тілі мен мәдениетін дамыту, қазақ мектептерін ашу және оларға жағдай жасау төнірегіндегі проблемаларды шешу мәселесін қолға алатындығына келісті.

Е. Мәмбетқазиев тарапынан Володар ауданы Калинино елді мекеніндегі өзі оқыған қазақ мектебін оку құралдары және кітаптармен қамтамасыз етіп, мектеп жанына қазіргі талапқа сай

шағын спорттық алаң салынды. Сонымен қатар Е. Мәмбетқазиев өзі басқарып отырған университеттің бас ғимаратынан еліміздің шығысындағы қауымдастықтың филиалына арнайы қызметтік бөлме беруге дайын екендігін ескертті. Болашақта да Қауымдастықтың жұмысына көзіл бөліп, қолдайтынын білдірді.

*Дүниежүзі қазақтары  
қауымдастығының  
баспасөз қызметі*



## АБАЙ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ДӘРІС-КОНЦЕРТ ӨТТИ



«Отандастар қоры» және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты бірлесіп өзара түсіністік және әріптестік туралы меморандум аясында Мемлекетіміздің мерейін асырып, ұлтымызды ұлықтай түсетін Ұлы Абай күніне арналған «АДАМЗАТТЫҢ БӘРІН СҮЙ «БАУЫРЫМ» ДЕП...» аталатын дәріс-концертін өткізді.

Бұл іс-шара Ұлы ақын-ағартушы, жазба қазак әдебиетінің, қазак әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай Құнанбаевтың күніне орай үйимдастырылды.

Шараның басты мақсаты – ақынның шығармашылығын зерттеп, дәріптейтін «Абай академиясының» алдағы жоспарларын шетелдегі отандастарымызға таныстырып, алдағы уақытта отандастарымызben бірлесе жұмыс атқарып, ақын өнерін одан әрі ұлықтау.

Мерекелік іс-шарада Отандастар қорының вице-президенті Мағауия Қанапияұлы Сарбасов, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ басқарма төрағасы-ректор Ерлан Бәттәшұлы Сыдықов, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, философия ғылымдарының кандидаты, доцент,



## ЖАЦАЛЫҚТАР

«Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жандос Әубәкір және шетелдегі қазақ мәдени орталықтарының өкілдері мен отандастарымыз: Нуртазинова Галина Нуркеновна - Deutsch-Kasachische Gesellschaft - Германия-Қазақстан қоғамының жетекшісі; Омар Хабсатар - Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры

Елеутаев Куаныш Жолдасбекович - Ресей Федерациясы, Омбы қаласындағы «Омбы қазақтары» өнірлік қоғамдық бірлестігінің жетекшісі онлайн қосылып Ұлы Абай Құнанбаевтың күніне арналған құттықтау сөздерін айтЫп кетті.

«Былтыр Абай жылы мемлекеттік деңгейде өте ауқымды аталып өтті. «Отандастар қоры» да өз тарапынан



мен Отандастар Қорының Монголиядағы бөлімшесінің жетекшісі; Ерол Йолжұ - Ыстамбұлдағы «Қазақ-түрік білім беру және зерттеулер» ассоциациясы басшысының орынбасары; Қазақ Асқар Иса - Иран қазақтары мәдени іс-шараларының жетекшісі; Ибраев Есенгалий Камзееевич-Ресей Федерациясы Түмен облысы қазақтарының ұлттық-мәдени автономиясының төрағасы;

атсалысып, онлайн концерттер, конференциялар мен шығармашылық сайystар ұйымдастырыды. Шетелдегі қандастарымыз сондай қызығушылықпен қатысып, алғыстарын әлі күнге дейін білдіріп жатыр», - деді Мағауия Қанапияұлы.

Іс-шара барысында «Абай мерейтойы» кітабының тұсаукесері де өтті.



## DÚNIEJÚZI QAZAQSTANNYŃ KISHI QURYLTAIYN JÓNINDEGI KONFERENSIA

Dúniejúzi qazaqtarynyń Kishi quryltaiy 2021 jylgy 22-24 qyrkúiek aralyǵynda Ystambul qalasynda ótedi dep mejelengen. Táýelsizdiktiń 30 jyldyǵy aiasynda uiymdastyrylmaqshy sharanyń jaýapkershiliǵi joǵary. Soǵan bailanysty aýqymdy istiń ázirlik barysy jóninde Qazaqstannyń Ystambul qalasyndaǵy bas konsýldyǵymen onlaín konferensia bolyp ótti. Onda Kishi quryltaiǵa qatysatyn delegattardyń tizimin, sharanyń ótetin orynyn jáne baǵdarlamasyn naqtylaý siaqty birqatar qaǵıdatty jaittar qaraldy.

Onlaín konferensiáǵa Qazaqstan Respýblıkasynyń Ystambul qalasyndaǵy bas konsýly Álim Baıel jáne «Dúniejúzi qazaqtarynyń qaýymdastyǵy» RQB Tóraǵasynyń orynbasary Ádilbek Ybyraimuly, qaýymdastyq qyzmetkerleri Latifa Muqashqyzy, Qarlyǵash Bekpatshaqyzy qatysty.

Bas konsýl Álim myrza jergilikti bılık ókilderimen mámile júrgizip, sharany Ystambul qalasyň Baǵjylar aýdandyq mádeni ortalyǵynda ótkizý jóninde kelisimge kelgenderin jetkizdi.

Kishi quryltaida shetelde júrgen qandastarǵa tarıhi Otandary jóninde keńinen maǵlumat berilip, Eýropadaǵy qazaq

diasporasy ahýalynyń búgini men erteńi talqylanbaq.

Syrtaǵy otandastardyń ózekti máselelerin, problemalaryn qarap, usynystaryn talqylaityn pikir almasý platformasyna Türkia Respýblıkasyndaǵy jáne oǵan taıaý kórshiles Eýropadaǵy qazaq diasporasy jetekshileri men belsendileri qatysady. Olardyń birqataremen naqty máseleler jóninde jeke kezdesýler ótpekshi.

Odan bólek Qazaqstan delegasiyasynyń qazaq diasporasy jastarymen jáne basqa da ókildermen beiresmi kezdesýleri josparlanylп otır. Sondaı-aq, Baǵjylar aýdanynda Mustafa Óztúrik atyndaǵy saıabaǵynyń ashylý rásimi; Qazaqstan Táýelsizdiginiń 30 jyldygyna arnalǵan «Qazaq memleketi – ortaǵasyrlyq tarıhi derekközderde» jáne Táýelsiz Qazaqstannyń jetistikteri jónindegi kórmeler uiymdastyrylmaqshy.

Onlaín konferensiá barysynda osy jailardyń bári ret-retimen pysyqtalyp, uiymdastyrý sharalarynyń qalypty júrip jatqanyna Dúniejúzi qazaqtary qaýymdastyǵy atynan konsýldyqtaǵy diplomattarǵa algys bildirildi.

Jumyla kótergen júktiń jeńil bolatyny aian.



## «ҚАЗАҚСТАН ЖҮРЕГІМДЕ!» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОТОБАЙҚАУЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Отандастар қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2021 жылдың 1 маусымынан 15 тамыз аралығында «Қазақстан – жүрегімде!» атты халықаралық фотобайқауын үйімдастырған.

Бұл байқауға 14 жақын және алыс шет елдегі этникалық қазақстар және өзге ұлт өкілдері мен елге оралған қандастар барлығы 90 үміткер тіркелді, соның ішінде: Өзбекстан, Ресей, Беларус, Қарақалпақстан, Иран, Монголия, Қыргызстан, Нидерланды, Украина, Литва, Қытай, Бельгия, Финляндия және Қазақстан.

Нақты атап айтқанда, фотожұмыстарын жолдаған 11 елден 42 отандасымыз, соның ішінде: Ресей, Монголия, Өзбекстан, Иран, Беларус, Литва, Қытай, Украина, Бельгия, Финляндия, Қазақстан, барлығы 83 фотожұмыстар келіп түсті.

Номинациялар бойынша: «Әдемі тұлғалар» - 28; «Менің сүйікті өлкем» - 31; «Тұрмыс және салт-дәстүр» - 24.

Барлық қабылданған жұмыстар қазылар алқасымен әділ бағаланып байқаудың жүлделі орындары бойынша белгіленіп нәтижесі шығарылды.

Комиссия шешімімен «Әдемі тұлғалар» номинациясы бойынша - 3; «Менің сүйікті өлкем» номинациясы бойынша - 3; «Тұрмыс және салт-дәстүр» номинациясы бойынша - 3 және ерекше шығармашылық көрініс көрсеткен бойынша - 4 жеңімпаз анықталды. Олар диплом және сыйлықтармен, ерекше шығармашылық көрініс көрсеткен жеңімпаздар құрмет грамотасымен марапатталады. Ал байқауға қатысып, керемет туындысы және көрсеткен белсенділігі үшін отандастарымыз арнайы сертификаттар алады.



## ЖАҢАЛЫҚТАР

### Өзбекстанда қазақ этномәдени орталығының демеушілігімен алғашқы STEM- мектеп ашылды

Білім ұясының күрылышына демеушілік еткен көрші елдің белгілі меценаты мен қазақ этномәдени орталығы екен, деп хабарлайды «Хабар 24». Жаңадан бой көтерген мектепте 150 бала қазақ тілінде білім алады. Бұл Төменгі Шыршық ауданында 1968 жылы іргесі қаланған мектеп. Келмеске кеткен кеңес дәуірінен бері тұрған білім ұясының қабырғасы сөгіліп, шетінен қирай бастаған. «Апатты жағдайда тұрған ғимаратта оқу балалар үшін аса қауіпті болған» дейді мұғалімдер.



Айгүл Тұралова, №45 орта мектебінің мұғалімі:

— Есқі мектебіміз енді ондай деп айта алмаймын. Бірақ қазіргі заманауи талаптарға сай емес еді. Зертханалар бар,

бірақ үлкен мүмкіншіліктер болмады. Мұндай жағдайлар, мұндай жарық сыйыптар жоқ еді.

Түйткілді мәселенің түйінін тарқатуға Өзбекстанның танымал меценаты мен жергілікті жердегі қазақ этномәдени бірлестігі атсалысқан. Демеушілер тарапынан тиісті қаражат бөлініп, жаңа мектеп салынды. Айта кету керек, бұл Өзбекстанның алғашқы STEM, яғни жаратылыстану, технология, математика сынды бағыттарды біріктіріп оқытатын алғашқы мектеп. Білім ұясының /ашылу салтанатына орай Қазақстанның Өзбекстанның елшілігі тарапынан қазақтың ұлы ақыны Абайдың қара сөздер жинағы сыйға тартылды. Елмұрат

Миралиев, №45 орта мектебінің директоры:

— Бұл жерде бізде үш тілде сабактар өтіледі. Қазақ, өзбек және орыс тіліндегі сыйыптар мыз бар. 600-ге жуық оқушымыз оқиды. Соларға бүгінгі күнде 50-ге жуық педагогтар тәлім береді.

Жаңадан бой көтерген білім ұясы 600 орынға шақталған. Мектептегі 150 бала қазақ тілінде оқиды. Солардың бірі – Нагима Мейірбекова. 7-сынып оқушысы жаңа білім ұясында тәлім алу мәртебе



## **ЖАЦАЛЫҚТАР**

дейді. Нафима Мейірбекова, №45 орта мектебінің оқушысы:

– Мен қазақ тілінде білім аламын. Осы оқулықтардың барлығы жеткілікті. Қазіргі мектебіміз өте заманауи, барлық жағдай жасалған. Осы мектепте оқу біз үшін мәртебе.

Жалпы қазір Төменгі Шыршық ауданында 52 мектеп жұмыс істейді. Соның 18-нде қазақ сыйлықтары бар екен.

### **Қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадада 26 жүлде еншіледі**

Қазақстандық оқушылар халықаралық пән олимпиадасында 2 алтын, 13 күміс және 11 қола медаль еншіледі. Білім бейгесі онлайн форматта ұйымдастырылды. Әлемнің

түкпір-түкпірінен 200-ден өрен бақ сынасты. Нәтижесінде 26 отандасымыз биология, информатика, география, физика-математика сындарында жеңіс тұғырынан көрінді. Жүлдегерлер мен мұғалімдерге бағалы сыйлықтар табысталды. Еске салайық, өткен жылы осы жарыста 16 оқушымыз жүлделі орындардан көрінген еді.

Дархан Өте, «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының президенті:

– Әлемнің ең мықты университетіне жолдама алды. Олар академиялық жетістіктеріне мән береді. Орын алған балаларды кеше ғана министр Асхат Аймағамбетов марапаттады, облыс әкімдері де марапаттап жатыр. Мұғалімдерімізге, оқушыларымызға Дубайды 5 қонақ үйге жолдама беріп жатырмыз.



## «QAZAQSTAN JÚREGIMDE!» HALYQARALYQ FOTOBAIQAÝNYN NÁTIJESİ

Otandastar qory Qazaqstan Respýblikasy Táýelsizdiginiń 30 jyldyǵyna orai 2021 jyldyń 1 maýsymynan 15 tamyz aralyǵynda «Qazaqstan – júregimde!» atty halyqaralyq fotobaıqaýyn uiymdastyrǵan.

Bul baiqaýǵa 14 jaqyn jáne alys shet eldegi etnikalyq qazaqstar jáne ózge ult ókilderi men elge oralǵan qandastar barlyǵy 90 úmitker tirkeldi, sonyń ishinde: Ózbekstan, Reseı, Belarýs, Qaraqalpaqstan, Iran, Mońgolia, Qyrǵyzstan, Níderlandy, Ýkraına, Lítva, Qytai, Belgia, Finlándia jáne Qazaqstan.

Naqty atap aitqanda, fotojumystaryn joldaǵan 11 elden 42 otandasymyz, sonyń ishinde: Reseı, Mońgolia, Ózbekstan, Iran, Belarýs, Lítva, Qytai, Ýkraına, Belgia, Finlándia, Qazaqstan, barlyǵy 83 fotojumystar kelip tústi.

Nominasialar boıynsha: «Ádemi tulǵalar» - 28; «Meniń súiikti ólkem» - 31; «Turmys jáne salt-dástúr» - 24.

Barlyq qabyldanǵan jumystar qazylar alqasymen ádıl baǵalanyp baiqaýdyń júldeli oryndary boıynsha belgilenip nátijesi shyǵaryldy.

Komisia sheshimimen «Ádemi tulǵalar» nominasiasy boıynsha - 3; «Meniń súiikti ólkem» nominasiasy boıynsha - 3; «Turmys jáne salt-dástúr» nominasiasy boıynsha - 3 jáne erekshे shyǵarmashylyq kórinis kórsetken boıynsha - 4 jeńimpaz anyqtaldy. Olar diplom jáne sylyqtarmen, erekshе shyǵarmashylyq kórinis kórsetken

jeńimpazdar qurmet gramotasymen marapattalady. Al baiqaýǵa qatysyp, keremet týyndysy jáne kórsetken belseñdiliǵi úshin otandastarymyz arnaıy sertifikattar alady.

### Ózbekstana qazaq etnomádeni ortalyǵynyń demeýshilikimen alǵashqy STEM-mektep ashyldy

Bilim uıasynyń qurylysyna demeýshilik etken kórshi eldiń belgili mesenaty men qazaq etnomádeni ortalyǵy eken, dep habarlaıdy «Habar 24». Jańadan boı kótergen mektepte 150 bala qazaq tilinde bilim alady. Bul Tómengi Shyrshyq aýdanynda 1968 jyly irgesi qalanǵan mektep. Kelveske ketken keňes dáýirinen beri turǵan bilim uıasynyń qabyrǵasy sógilip, shetenen qırai bastaǵan. «Apatty jaǵdaida turǵan gímaratta oqý balalar úshin asa qaýipti bolǵan» deidi muǵalimder.

Aıgúl Turalova, №45 orta mektebiniń muǵalimi:

– Eski mektebimiz endi ondaı dep aita almaimyn. Biraq qazirgi zamanaýı talaptarǵa saı emes edi. Zerthanalar bar, biraq úlken múmkinshilikter bolmady. Mundai jaǵdailar, mundai jaryq synyptar joq edi.

Túıtkildi máseleniń túiinin tarqatýǵa Ózbekstannyń tanymal mesenaty men jergilikti jerdegi qazaq etnomádeni birlestigi atsalsysqan. Demeýshiler tarapynan tiisti



## ЖАҢАЛЫҚТАР

qarajat bólínip, jańa mektep salyndy. Aita ketý kerek, bul Ózbekstandaǵy alǵashqy STEM, ıaǵní jaratylystaný, tehnologıa, matematıka syndy baǵyttardy biriktirip oqytatyn alǵashqy mektep. Bilim uıasynyń ashyly saltanatyna orai Qazaqstannyń Ózbekstandaǵy elshiligi tarapynan qazaqtyń uly aqyny Abaıdyń qara sózder jınaǵy syıǵa tartyldy. Elmurat Miraliev, №45 orta mektebiniń direktory:

– Bul jerde bizde úsh tilde sabaqtar ótiledi. Qazaq, ózbek jáne orys tilindegi synyptarymyz bar. 600-ge jýyq oqýshymyz oqıdy. Solarǵa búgingi kunde 50-ge jýyq pedagogtar tálım beredi.

Jańadan boı kótergen bilim uıasy 600 orynga shaqtalǵan. Mekteptegi 150 bala qazaq tilinde oqıdy. Solardyń biri – Naǵima Meirbekova. 7-synyp oqýshysy jańa bilim uasakinda tálım alý mártebe deidi. Naǵima Meirbekova, №45 orta mektebiniń oqýshysy:

– Men qazaq tilinde bilim alamyn. Osy oqýlyqtardyń barlyǵy jetkilikti. Qazirgi mektebimiz óte zamanaýı, barlyq jaǵdai jasalǵan. Osy mektepte oqý biz úshin mártebe.

Jalpy qazir Tómengi Shyrshyq aýdanynda 52 mektep jumys isteidi. Sonyń 18-nde qazaq synyptary bar eken.

Qazaqstandyq oqýshylar halyqaralyq olimpiadada 26 júlde enshiledi

## Qazaqstandyq oqýshylar halyqaralyq olimpiadada 26 júlde enshiledi

Qazaqstandyq oqýshylar halyqaralyq pán olimpiadasynda 2 altyn, 13 kúmis jáne 11 qola medal enshiledi. Bilim báigesi onlain formatta uiymdastyryldy. Álemniń túkpir-túkpirinen 200-den óren baq synasty. Nátijesinde 26 otandasymyz biologıa, informatıka, geografıa, fizika-matematıka syndarynda jeńis tuǵyrynan kórindi. Júldegerler men muǵalimderge baǵaly syılıqtar tabystaldy. Eske salaiyq, ótken july osy jarysta 16 oqýshymyz júldeli oryndardan köringen edi.

Darhan Óte, «Bilim-Innovasia» halyqaralyq qoǵamdyq qorynyń prezidenti:

– Álemniń eń myqty ýniversitetine joldama aldy. Olar akademıalyq jetistikterine mán beredi. Oryn alǵan balalary keshe góana ministr Ashat Aımaǵambetov marapattady, oblys ákimderi de marapattap jatyr. Muǵalimderimizge, oqýshylarymyzǵa Dýbaıda 5 qonaq úige joldama berip jatyrmyz.



## САЛТ-ДӘСТҮР

### Тасқорық

Торғай шырылдағанда отарын өргізген қойшы қойларын шырқата жайып келіп, көлеңке аяқ астына тығылған шақта өзіне таныс бұлақ басына немесе өзен жағасына малын іреді. Әрине түскі тамақ ішу үшін отарына шаң қаптырып, түс кезінде топырлатып ауылға айдал келу малдың қас-қабағына қараған елдің әдетінде болмайды. Әсіресе, отарлап бағатын койдың аяқ оты қанып, тұғы жеткен су көзіне іліксе болды - күн ыстықта тойынған мал шөлін басқан соң бырдай болып жусайды, бауырларын су табанындағы салқын шымға басып рақаттанады. Сол кезде қойшы түскі тамағын әзірлеуге кіріседі. Алдымен айналасынан тезек теріп, шақаттақырлау жерге от жағады. Денгейіне қаланған тезек ортасына қаз жұмыртқасындаі алты-жеті тас тастайды. Соңсоң белінен саптаяғын шешіп алады да, өзіне мәлім сауын қойлардың үш-төртеуін сауып алады. Мұнан әрі қойшы саптаяқ толы сүтін алып от басына келгенде шоқайна ортасындағы манағы тастардың әбден кызып, бал-бұл жанып жатканын көреді. Іле тал-теректің айыр бұтағын шымшұыр етіп алып, қызған тастың біреуін от ортасынан шымшып алады. Шымшып алған күлін үріп жіберіп, саптаяқтағы сүтке батырса быж-ж етіп күйген сүттің иісі ен даланы кернеп кеткендей болады.

Осылайша койшы екінші тасты, үшінші тасты сүтке батырып алады. Ал төртінші, бесінші тасты батырғанда саптыаяқтағы сүт суынан арылып, сап сары болып қойылып, бұлк-бұлкетіп қайнай бастайды. Сол кезде тасқорықтың дәмін білетін қойшы суығанша шыдамы таусылып, сілекейін жұтынады. Коржынынан құрт-ірімшігін алып, тасқорықтан ұрттап қойып отырғанда Сахара қойшысының реңінен осы тірлігіне әбден риза пейіл аңгарылар еді.

### Тәбәрік

«Тәбәрік» - бәйгеден не құдалықтан алған сый-сияпатынан, кәдесінен бөлісу. Мұндайда сыйлық алған адам міндетті түрде бөлісуі керек. Бұдан бас тартқан адам дәстүрді бұзушы болып есептеледі. Оны көпшілік алдында құлқі етеді, айыптайды.

### Шүлен тарту

Байлар мен билер тұрмыстары нашар жақын туыстары мен ауылдастарына үнемі қамқорлық жасап отырған. Бұл әсіресе күзге қарай, жиын-терім кезінде кең етек алған. Қайырымдылық жасаушылар мұқтаж жандарға мал, ақша, тұрмыстық заттар, ас-ауқат берген. Мұны «шүлен тарату» деп атаған. Әрі бұны олар жақсы атану үшін емес, өздерінің міндеті деп есептеген.



**Tasqoryq**

Torgai shyryldaǵanda otaryn órgizgen qoıshy qoilaryn shyrqata jaiyp kelip, kóleńke aiaq astyna tyǵylǵan shaqta ózine tanys bulaq basyna nemese ózen jaǵasyna malyn iiredi. Árine túski tamaq ishý úshin otaryna shań qaptyryp, tús kezinde topyrlatyp aýylǵa aídap kely maldyń qas-qabaǵyna qaraǵan eldiń ádetinde bolmaidy. Ásirese, otarlap baǵatyn koídyn aiaq oty qanyp, tuıaǵy jetken sý kózine ilikse boldy - kún ystyqta toıyngán mal shólin basqan soń byrdai bolyp jýsaıdy, baýyrlaryn sý tabanyndaǵy salqyn shymǵa basyp raqattanady. Sol kezde qoıshy túski tamaǵyn ázirleýge kirisedi. Aldymen ainalasynan tezek terip, shaqattaqyrlaý jerge ot jaǵady. Deńgeiine qalanǵan tezek ortasyna qaz jumyrtqasyńdai alty-jeti tas tastaídý. Sonsoń belinen saptaıaǵyn sheship alady da, ózine málím saýyn qoılardyń úsh-tórteýin saýyp alady. Munan ári qoıshy saptaıaq toly sútin alypotbasyna kelgende shoqaina ortasyndaǵy manaǵy tastardyń ábden kyzyp, bal-bul janyp jatkanyň kóredi. İle tal-terektiń aýır butaǵyn shymshýyr etip alyp, qyzǵan tastyń bireýin ot ortasynan shymshyp alady. Shymshyp alǵan kúlin úrip jiberip, saptaıaqtagy sútke batyrsa byj-j etip kúigen súttiń iisi en dalany kernep ketkendeı bolady. Osylaısha koıshy ekinshi tasty, úshinshi tasty sútke batyryr

alady. Al tórtinshi, besinshi tasty batyrǵanda saptaıaqtagy sút sýynan arylyp, sap sary bolyp qoılyp, búlk-búlk etip qainaı bastaídý. Sol kezde taskoryqtyń dámın biletin qoıshy sýygansha shydamy taýsylyp, silekeiin jutynady. Korjynnan qurt-irimshigin alyp, tasqoryqtan urttap qoıyp otyrǵanda Sahara qoıshysynyń reńinen osy tirligine ábden rıza peiil ańgarylар edi.

**Tábárik**

«Tábárik» - báigeden ne qudalyqtan alǵan syı-sıapatynan, kádesinen bólisý. Mundaıda syılıq alǵan adam mindetti túrde bólisýi kerek. Budan bas tartqan adam dástúrdi buzýshy bolyp esepteledi. Ony kóphsilik aldyńda kúlki etedi, aiyptaídý.

**Shúlen tarty**

Bailar men biler turmystary nashar jaqyn týystary men aýyldastaryna únemi qamqorlyq jasap otyrǵan. Bul ásirese kúzge qaraı, jiyn-terim kezinde keń etek alǵan. Qaiyrymdylyq jasaýshylar muqtaj jandargá mal, aqsha, turmystyq zattar, as-aýqat bergen. Muny «shúlen taratý» dep ataǵan. Ári buny olar jaqsy ataný úshin emes, ózderiniń mindeti dep eseptegen.



Салт-дәстүр туралы мақал-мәтелдердің қалып қалған сөздерін табыңыз.

1. Өзі ..... болып көрмеген,  
..... сыйлай да білмейді.
2. Артында баласы қалса –  
..... қалды де.  
Артында сөзі қалса –  
..... қалды де.
3. ..... – жұз жылдық,  
..... – мың жылдық.
4. Бала тәрбиесі - .....
5. Ит тойса иесін танымас,

Жаманға ..... бітсе, жақынын танымас.

6. Қой егіз туса, шәптің басы ..... шыгады.
7. ..... тонға жарамаса да,  
Жолға жарайды.
8. Үлкен үйдегі күлсө,  
Кіші үйдегі .....
9. Асыңа тойғызбасаң да,  
..... тойғыз.
10. .... жасар бала алыстан келсе,  
..... жасар көрі алдынан шығар.

Ребустарды шешіңіз:



”””



”””



”””



+ K





## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

\**Мақала 2021-2023 жылдарға арналған гылыми және (немесе) гылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің Фылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты)*



**А.С. Мурзинова, А.О. Тымболова**

*<sup>1</sup>ҚазҰКызПУ, қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD, [msai2013@mail.ru](mailto:msai2013@mail.ru)*

*<sup>2</sup>Әл-Фарағи атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.д., профессоры, [tumbolova@mail.ru](mailto:tumbolova@mail.ru)*

### ЭТНИКАЛЫҚ СТЕРЕОТИПТЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Антрапоөзектік бағытқа негізделген тіл білімі жүйесінде этникалық стереотиптердің аксиологиялық табиғатын айқындау – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын жекедара қарастырмай, кешенді түрде зерттеуге бағыт-бағдар береді, әрі қазіргі жаһандану үдерісіндегі ұлтаралық, мәдениетаралық, экономикалық, әлеуметтік-саяси қақтығыстарды болдыры-

мауға, ұлттық тілдер мен мәдениеттер сұхбаттастырын дұрыс ұйымдастыруға, этномәдени тұластық пен тұрақтылықты берік сақтауға жол ашады.

Қазіргі тіл білімінде «этникалық стереотип» терминін В.А.Маслова, О.В.Белова, Р.В.Бухаева «этномәдени стереотип», «этностереотип» терминдерімен мағыналас, мәндес ұғым ретінде қарастырып, оған



мынандай анықтама береді: «этномәдени стереотип дегеніміз – кез келген ұлттың типтік ерекшеліктерін сипаттайтын түсініктер жиынтығы» [1, 13], «этномәдени стереотип – бұл бағалауыштық мәндегі бейне ғана емес, сонымен бірге дүние бейнесін құрайтын маңызды концепт» [2, 5], «этностереотип – белгілі бір этномәдени ұжым туралы этнотілдік санада тұрақты, стандартты ассоциациялар негізінде жинақталып, коннотациялық бояуы қанық тілдік бірліктер арқылы жарыққа шығатын пайымдаулар жиынтығы» [3, 99]. Демек, этникалық стереотип – этнотілдік деректерде бейнеленген этномәдени ұжым туралы бағалауыштық мәндегі (жағымды-жағымсыз) жиынтық бейне ғана емес, сонымен бірге аксиологиялық дүниетанымы арқылы туындаған ұлттық-мәдени стереотиптердің маңызды көрсеткіші [4, 41].

Этникалық стереотип – этномәдени ұжымның ғасырлар бойы этнотілдік санасында жатталған, аксиологиялық мәнге ие болған таңба. Яғни, этномәдени ұжымның құндылық бағдарына, әлеуметтік-мәдени өміріне, тарихи-саяси жағдайына байланысты қалыптасқан, тілінде рәсімделген лингвомәдени кодтық бірлік.

Этникалық стереотиптің «өзім/өзге» бейнелеріне байланысты туындаитын автостереотип және гетеростереотип деген түрлери кездеседі. Автостереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның өзі туралы өздерінің арасында кең тараған мінез-құлқын, ақыл-ой өрісін, құндылық бағдарын кескіндейтін тұрақты

түсініктерінің тілдегі бейнесі болса, гетеростереотип – белгілі бір этномәдени ұжымның әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи қарым-қатынасына байланысты туындаған өзге этномәдени ұжым туралы тұрақты көзқарастарының тілдегі көрінісі болып табылады.

Мысалы, **«Қазақтың ақылы көзінде, қасиеті сөзінде»** паремиясында аталы сөзді киелі культке балайтын қазақ халқының данагөйлік, ділмарлық қасиеттері автостереотиптесе, **«Türk’ün akı gözünde»** (сөзбе-сөз ауд. түріктің ақылы көзінде)

паремиясында көзбен көрген нәрсені шындық деп қабылдайтын түрік халқының ұлттық мінезі автостереотиптесе, Ал, **«Türk karır, kılıcı karımaż»** (сөзбе-сөз ауд. түрік қартайғанмен, оның қылышы ешқашан қартаймайды)

паремиясында түрік халқының қайсарлығы бейнеленген [5, 450].

**«An Englishman word is his bond»** паремиясында да ағылшын халқының ұстамдылығын, өз сөзіне беріктігін сипаттайтын автостереотипі көрініс берген. **«Bond»** (сөзбе-сөз ауд. байланыс) – ағылшын этномәдени кеңістігінде сенімнің, келісімнің, достықтың белгісі ретінде рәмізделеді. Ал, **«Түрікмен төрін бермес»** паремиясында қазақ халқының көршілес түрікмен халқы туралы гетеростереотипі бейнеленген. Аталған гетеростереотиптің туындауына түрікмен жұртының салт-дәстүрі негіз болған. **Tər** – атадан-балаға жалғасқан мұрагерге тиесілі сакральді орын саналғандықтан, түрікмендер өзге, бөтен елдің азаматын төріне отырғызыбайды [6]. **«Кивать как**



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

**жид на молитве»** тұрақты теңеуінде орыс халқының еврей жұрты жайлы гетеростереотипі кескінделген. Аталмыш гетеростереотиптің қалыптасуына еврей халқының діни рәсім кезіндегі бас изеу ишарасы ықпал еткен. «*To have danced at an Irish wedding*» фразеологизмінде ағылшын халқының ирландықтар туралы гетеростереотипі суреттелген. Бұл гетеростереотиптің жасалуына ирландықтардың үйлену тойындағы дәстүрлі биі уәж болған. Түрік тіліндегі «*Cingene çalar, Kürt oynar*» (сөзбе-сөз ауд. сыған ойнайды, күрт билейді) паремиясында сауық-сайраншыл сығандар мен күрттердің мінезд-құлқы бейнеленіп, жағымсыз мәндегі гетеростереотипін қалыптастырган [5].

Автостереотип пен гетеростереотип этномәдени ұжымның бағалау өлшемдері негізінде пайда болатындықтан, олардың мазмұны эмоционалды-бағалауыштық реңктерге бай келеді.

««Сұраса келе қарын бөле шыгады» дейтін қарга тамырлы қазақпыз» ([www.samituly.kz](http://www.samituly.kz)).

«*No unas, russkikh, dušanara spashi*: уж если в омут – так с головой!» (Тысяча и две ночи (сборник), 14 б.).

«*When two Englishmen meet each other, their first talk is about weather*» (Brian Gilliland. His gentle hand, 222 б.).

Қазақ халқы бір-бірімен кездескен, танысқан жерде жеті атасын, нағашы жұртын, құда-жекжатын, т.б. туыс болып шыққанға дейін сұраса, орыс халқы танысқан жерде ішкі жан дүниесін бүкпей, ашық-жарқын әңгіме-

дүкен құрады, ал ағылшын халқының таныстығы ауа-райын тілге тиек етумен басталады. Осындай бағалау аргументтері автостереотиптердің өзгешелігін сипаттауға уәж болған. Мәселен, бірінші прагемада туысшыл қазақ халқының, екінші прагемада ашық мінезді орыс халқының, үшінші прагемада тез тілтабысқыш ағылшын халқының ұнамды жиынтық бейнелері кескінделген.

Кез келген этномәдени ұжым өзінің не өзгенің бейнесін жасау үшін визуалды көрген, таныған, ой елегінен өткізген ақиқат дүниелеріне сүйенеді. Сол ақиқат дүниелер туралы түсініктер мен пайымдаулардың ұнамды не ұнамсыз болуына қарай автостереотип пен гетеростереотиптің жағымды не жағымсыз коннотациялық мазмұны жасалады [7, 71]. Демек, этникалық стереотиптер (автостереотип, гетеростереотип) әр этностың ұлттық-мәдени ерекшелігіне (баспана, киім-кешек, тағам, мінезд-құлқы, түр-әлпет, т.б.) байланысты қалыптасып, жағымды/жағымсыз коннотациялық мәндерге ие болады.

Әр этностың өзіндік ерекшелігіне байланысты этнотілдік санасында орнықкан автостереотиптер мен гетеростереотиптердің жағымды/жағымсыз коннотациялық мәндерін төменде берілген прагемалардан байқауға болады.

### **Баспанаға қатысты:**

«Шаңырақты көтерген,

**Жұз түрлі ұлт –**

**Жұз уықтай»** (Ө.Ақынбекұлы.

Тәуелсіз Қазақстан, 1 б.).



Қазақ киіз үйінің уық саны – кереге қанатына қарай 16-204 аралығында болған. Киіз үй шаңырағының мықтылығына уықтарының беріктігі жауап берген. Осындай ұлттық мәдени фрейм «*жұз түрлі ұлт – жұз уықтай*» тұрақты теңеуінде орнысып, прагемада Қазақстан туралы жағымды автостереотиптің вербалдануына ықпал еткен. Келтірілген прагемада «*уық*» хрематониміне – тату тұратын ұлт өкілдері (қазақ, орыс, татар, қырғыз, түрік, неміс, т.б.) баланып, ауызбіршілігі жарасқан мемлекеттің бейнесін ассоциациялауға өзек болған.

«Алпауыт күшке ие державалар саяси ойын тақтасындағы көпе-көрнеу озырылышқа пен жымысқы жүрістері арқылы *бірнеше жұрттың туырлығын тіліп*, өз тұтастықтарын өздеріне ойран еткізді» (<https://adisteme.kz>).

**«Туырлығы тілінген жұрттар»** фразеологизмінде қазақ халқының жаугершілік заманынан елес беретін фреймі бекіген. Ежелгі ғұрып бойынша жауласқан жақ дүшпанының туырлығын тілгілеп, өзінің бәтуасыз өшпендейлігін білдірген [8]. Этномәдени санаға сіңген осындай ойбейне арқылы алпауытты елдердің саяси ойыншығына айналып, өз ішінде есігі ойран, төрі талқан болған мемлекеттер жайлы жағымсыз гетеростереотип қалыптасқан.

**«An Englishman's home is his castle»** паремиясындағы «castle» (қамал) хрематонимі – ағылшын халқының тастан түрғызылған ежелгі зәулім сарайын білдіреді. **Ол** – Ұлыбританияның ұлттық символы

болып саналады. «*Castle*» хрематонимі – ағылшын этномәдени кеңістігінде беріктік пен қауіпсіздіктің, жұмбақтық пен тыныштықтың нышаны ретінде ұғынылады. Яғни, «*an Englishman's home is his castle*» паремиясында берік қамал ретінде ассоциацияланған «*home*» (үй) хрематонимі – ағылшын халқының жүрегі, өзгелерден оқшауландыратын жұмбақ әлемі, жұмағына айналған рухани қорғаны ретінде кескінделіп, жағымды этикалық бағалау мәніндегі өз бейнесін (автостереотип) сипаттауға негіз болған.

#### Тағамга қатысты:

«Қазақ неге жиған-терген ырысын,

**Жемі нандай үлестірді маңайға?**

(<https://arka-azhary.kz>).

**«Жемі нан»** гастронимі – қазақ халқының ұннан әзірленіп, майға пісірілетін рәсімдік тағамын білдіреді. Дәстүрлі қазақы ортада жеті нанды жұма құндері пісіріп, құран оқытып, «аруақтарға тие берсін» деген ниетпен көрші-қолаңға үлестіреді. **«Жемі нан»** гастронимі – қазақ этномәдени кеңістігінде құдайы садақа ретінде рәмізделген. Келтірілген прагемада «*жиган-терген ырысын жемі нандай үлестірғен қазақ*» фразеологизмі арқылы қолы ашық, аңғал қазақ халқының ұнамсыз этикалық бейнесі айшықталған.

«Здесь русским духом пахнет. **Хлеб-соль водит!**» (Л. Алексеева. В деревне, 49 б.).

**«Водить хлеб-соль»** (нан мен тұз алып шыгу) жосыны – орыс ұлттық мәдениетінде қонақжайлышты



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

түспалдайды. Аталған жосын бойынша орыс халқы қадірлі мейманды нан-тұзбен қарсы алып, оған нан мен тұздан ауыз тигізеді. Осы жосынның ұлттық-мәдени фреймі «*Русский человек хлеб-соль водит*» паремиясында бекіп, меймандос орыс ұлттының ұнамды жиынтық бейнесін кескіндеуге уәж болған.

«Yes, they're *alime-juicers*» (L.L.Hope. The moving picture girls at Sea, 116 б.).

Келтірілген мысалда американдықтардың ағылшын халқы туралы жағымды гетеростереотипі бейнеленген. Бұл гетеростереотиптің туындауына байырғы британ кемелерінің ас мәзірінде кеңінен қолданылған *lime juice* (лайм шырыны) сусыны арқау болған.

Ұлыбритания елінде шай ішудің өзіндік этикеттік жосындары мен уақыттық атаулары қалыптасқан. Мысалы, таңғышай – «*breakfast tea*», сәске түстегі шай – «*low tea*» (төмен шай), тал түстегі шай – «*high tea*» (жоғары шай), кешкі бестегі шай – «*five o' clock tea*» деп аталған. «*High tea*» мен «*five o' clock tea*» – отбасы мүшелерінің басын біріктіретін рәсімдік шайы. Осыған орай, «*five o' clock tea*» (пол. *Fajfoklok*) дәстүрі – поляк этномәдени санасында ағылшын халқы туралы жағымды гетеростереотиптің жасалуына ықпал еткен.

### Кім-кешекке қатысты:

«*Ала шапандылар* экономикалық кеңістіктің ұтымды тұстарын тұсінді» (<https://qazaqstan.tv.news>).

«*Ала шапандылар*» фразеологизмінде қазақ ұлттының

көршілес өзбек жұрты туралы ұлттық-мәдени тұсінігі бейнеленген. *Ала шәй шапан* – өзбек халқының ұлттық киімін рәміздейтін вестоним ретінде қазақ этномәдени санасында гетеростереотипін қалыптастырған.

«*Айыр қалпақтылар* ойын талаптарымен келіспей, тіпті додаға шықпай қойды» (КТК жаңалықтары, 21.08.2017).

«*Айыр қалпақтылар*» фразеологизміндегі «*айыр қалпақ*» вестонимі – қыргыз халқының ақ киізден тігілген ұлттық бас киімін білдіреді. *Ол* – қазақ этномәдени санасында қыргыз ұлтын бейнелейтін вестоним ретінде қатталып, гетеростереотиптің жасалуына арқау болған.

### Түр-әлпетке қатысты:

«*Қаракөз*» (қазақ қызы), «*қарадомалақ*» (қазақ баласы), «*голубоглазые*» (орыстар), «*узкоглазые*» (қытайлар), «*lily-white*» (агылшындар мен американдықтар), «*yellow man*» (қытайлықтар), «*gündüz feneri*» (африкандықтар), «*beyaz Türk*» (ақ түрік), «*siyah Türk*» (қара түрік), «*Gerçi nâzıkdır o pâkîze beden*» (еврей қыздары) т.б. секілді этномәдени ұжым өкілдерінің түр-әлпеті негіз болған автостереотиптер мен гетеростереотиптерді жатқызуға болады.

Түйіндей келгенде, әр халықтың этнотілдік санасында жатталған этникалықстереотиптерді (автостереотип, гетеростереотип) өзі не өзге этномәдени ұжым туралы бағалауыштық мәндегі жиынтық бейнелер деуге болады.



**A.S. Mýrzinova, A.O.Tymbolova**

**1QazUQyzPÝ, qazaq til biliminiň teoriasy men ádistemesi  
kafedrasynyň aǵa oqytýshysy, PhD, msai2013@mail.ru**

**2Ál-Farabi atyndaǵy QazUY, f.g.d., profesory, tumbolova@mail.ru**

## **ETNIKALYQ STEREOTIPTERDÍN LINGVOMÁDENI SIPATY**

Antropoózektik baǵytqa negizdelgen til bilimi júesinde etnikalyq stereotipterdiń aksiologyalyq tabíyatyn aıqynday – til men mádeniettiń ózara bailanysyn jeke-dara qarastyrmaı, keshendi túrde zertteýge baǵyt-baǵdar beredi, ári qazirgi jahandaný úderisindegi ultaralyq, mádenietaralyq, ekonomikalyq, áleýmettik-saıası qaqtygystardy boldyrmaýga, ulttyq tilder men mádenietter suhbattastyǵyn durys uiymdastyrýǵa, etnomádeni tutastyq pen turaqtylyqty berik saqtaýǵa jol ashady.

Qazirgi til biliminde «etnikalyq stereotip» terminin V.A.Maslova, O.V.Belova, R.V.Býhaeva «etnomádeni stereotip», «etnostereotip» terminderimen maǵynalas, mández uýgm retinde qarastryp, oǵan mynandai anyqtama beredi: «etnomádeni stereotip degenimiz – kez kelgen ulttyń tiptik erekshelikterin sıpattaityn túsinikter jiyntygy» [1, 13], «etnomádeni stereotip – bul baǵalaýshtyq mández beine óana emes, sonymen birge dúnie beinesin quraıtyn mańyzdy konsept» [2, 5], «etnostereotip – belgili bir etnomádeni ujym týraly etnotildik sanada turaqty, standartty asosiasıalar negizinde jınaqtalyp, konotasıalyq boıaýy qanyq tildik birlikter arqyly jaryqqa shyǵatyn paıymdaýlar jiyntygy» [3, 99]. Demek, etnikalyq

stereotip – etnotildik derekterde beinelengen etnomádeni ujym týraly baǵalaýshtyq mándezi (jaǵymdy-jaǵymsyz) jiyntyq beine óana emes, sonymen birge aksiologyalyq dúnietanymy arqyly týndaǵan ulttyqmádeni stereotipterdiń mańyzdy kórsetkishi [4, 41].

Etnikalyq stereotip – etnomádeni ujymnyń ǵasyrlar boıy etnotildik sanasynda jattalǵan, aksiologyalyq mänge ıe bolǵan tańba. Iaǵní, etnomádeni ujymnyń qundylyq baǵdaryna, áleýmettik-mádeni ómirine, tarıhi-saıası jaǵdaıyna bailanystyqalyptasqan, tilinde rásimdelgen lingvomádeni kodtyq birlik.

Etnikalyq stereotiptiń «ózim/ózge» beinelerine bailanysty týndaıtyn avtostereotip jáne geterostereotip degen túrleri kezdesedi. Avtostereotip – belgili bir etnomádeni ujymnyń ózi týraly ózderiniń arasynda keń taráǵan minez-qulqyn, aqyl-oi órisin, qundylyq baǵdaryn keskindeitín turaqty túsinikteriniń tildegi beinesi bolsa, geterostereotip – belgili bir etnomádeni ujymnyń áleýmettik-saıası, mádeni-tarıhi qarym-qatynasyna bailanysty týndaǵan ózge etnomádeni ujym týraly turaqty kózqarastarynyń tildegi kórinisi bolyp tabylady.



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

Mysaly, «Qazaqtyń aqyly kózinde, qasietisózinde» paremiasynda atalysózdikielei kúltke balaityn qazaq halqynyń danagóilik, dilmarlyq qasietteri avtostereotiptelse, «Türk’ün aklı gözünde» (sózbe-sóz aýd. túriktiń aqyly kózinde) paremiasynda kózben kórgen nárseni shyndyq dep qabyldaityn túrik halqynyń ulttyq minezi avtostereotiptelgen. Al, «Türk karır, kılıcı karımaż» (sózbe-sóz aýd. túrik qartağıanmen, onyń qylyshy eshqashan qartaımaýdy) paremiasynda túrik halqynyń qaisarlyǵy beinelengen [5, 450].

«An Englishman word is his bond» paremiasynda da aǵylshyn halqynyń ustamdylygyn, óz sózine beriktigin sıpattaityn avtostereotipi kórinis bergen. «Bond» (sózbe-sóz aýd. bailanys) – aǵylshyn etnomádeni keńistiginde senimniń, kelisimniń, dostyqtyń belgisi retinde rámizdeledi. Al, «Túrikmen tórin bermes» paremiasynda qazaq halqynyń kórshiles túrikmen halqy týraly geterostereotipi beinelengen. Atalǵan geterostereotiptiń týyndaýyna túrikmen jurtynyń salt-dástúri negiz bolǵan. Tór – atadan-balaǵa jalǵasqan muragerge tiesili sakraldi oryn sanalǵandyqtan, túrikmender ózge, bóten eldiń azamatyn tórine otyrǵyzbaidy [6]. «Kıvat kak jid na molitve» turaqty teńeýinde orys halqynyń evrei juryt jaily geterostereotipi keskindelgen. Atalmysh geterostereotiptiń qalyptasýyna evrei halqynyń dini rásim kezindegı bas izeý išharasy yqpal etken. «To have danced at an Irish wedding» frazeologizminde aǵylshyn halqynyń irlandyqtar týraly geterostereotipi sýrettelgen. Bul geterostereotiptiń jasalýyna irlandyqtardyń úilený toiyndaǵy dástúrlı bii ýaj bolǵan. Túrik tilindegi «Çingene ǵalar, Kürt oynar» (sózbe-sóz aýd. syǵan

oınaidy, kúrt bileidi) paremiasynda saýyq-saıranshyl syǵandar men kúrtterdiń minez-qulqy beinelenip, jaǵymsyz mándegi geterostereotipin qalyptastyrǵan [5].

Avtostereotıp pen geterostereotıp etnomádeni ujymnyń baǵalaý ólshemderi negizinde paıda bolatyndyqtan, olardyń mazmuny emosionaldy-baǵalaýshtyq reńkterge baı keledi.

««Surasa kele qaryn bóle shyǵady» deitin qarǵa tamyrly qazaqpypyz» ([www.samituly.kz](http://www.samituly.kz)).

«No ý nas, rýsskih, dýsha naraspashký: ýj esli v omýt – tak s golovoı!» (Tysácha 1 dve nochı (sbornik), 14 b.).

«When two Englishmen meet each other, their first talk is about weather» (Brian Gilliland. His gentle hand, 222 b.).

Qazaq halqy bir-birimenz kezdesken, tanysqan jerde jeti atasyn, naǵashy jurty, quda-jekjatyn, t.b. týys bolyp shyqqanǵa deiin surasa, orys halqy tanysqan jerde ishki jan dúniesin búkpei, ashıq-jarqyn ángime-dúken qurady, al aǵylshyn halqynyń tanystyǵy aýaraıyn tilge tiek etýmen bastalady. Osyndai baǵalaý argýmentteri avtostereotipterdiń ózgesheligin sıpattayǵa ýaj bolǵan. Máselen, birinshi pragemada týysshyl qazaq halqynyń, ekinshi pragemada ashıq minezdi orys halqynyń, úshinshi pragemada tez tiltabysqysh aǵylshyn halqynyń unamdy jiyntyq beineleri keskindelgen.

Kez kelgen etnomádeni ujym óziniń ne ózgeniń beinesin jasáy úshin vízýaldy kórgen, tanyǵan, oı eleginen ótkizgen aqıqat dúnielelerine súienedi. Solaqıqatdúnielertýraly túsinikter men paıymdaýlardyń unamdy ne unamsyz bolýyna qaraı avtostereotıp pen geterostereotiptiń jaǵymdy ne jaǵymsyz



konotasialyq mazmuny jasalady [7, 71]. Demek, etnikalyq stereotipter (avtostereotip, geterostereotip) ár etnostyń ulttyq-mádeni ereksheligue (baspana, kiim-keshek, taǵam, minez-qulyq, túr-álpet, t.b.) bailanysty qalyptasyp, jaǵymdy/jaǵymsyz konotasialyq mánderge ie bolady.

Ár etnostyń ózindik ereksheligue bailanysty etnotildik sanasynda ornyqqan avtostereotipter men geterostereotipterdiń jaǵymdy/jaǵymsyz konotasialyq mánderin tómende berilgen pragemalardan baiqaýǵa bolady.

**Baspanaǵa qatysty:**

«Shańyraqty kótergen,

Júz túrli ult –

Júz ýyqtai» (Ó.Aqypbekuly. Táýelsiz Qazaqstan, 1 b.).

Qazaq kiiz úiiniń ýyq sany – kerege qanatyna qaraı 16-204 aralyǵynda bolǵan. Kiiz úi shańyraqynyń myqtylyǵyna ýyqtarynyń beriktigi jaýap bergen. Osyndai ulttyq-mádeni freim «júz túrli ult – júz ýyqtai» turaqty teńeýinde ornygyp, pragemada Qazaqstan týraly jaǵymdy avtostereotiptiń verbaldanýyna yqpal etken. Keltirilgen pragemada «ýyq» hrematonimine – tatý turatyn ult ókilderi (qazaq, orys, tatar, qyrǵyz, túrik, nemis, t.b.) balanyp, aýyzbirshiliǵi jarasqan memlekettiń beinesin asosiasialaýǵa ózek bolǵan.

«Alpaýyt kúshke ie derjavalar saıası oıyn taqtasyndaǵy kópe-kórneý ozbyrlyq pen jymysqy júristeri arqyly birneshe jurttýn týyrlyǵyn tilip, óz tutastyqtaryn ózderine oıran etkizdi» (<https://adisteme.kz>).

«Týyrlyǵy tilingen jurttar» frazeologızminderde qazaq halqynyń jaýgershilik zamanynan eles beretin freimi

bekigen. Ejelgi góryp boıynsha jaýlasqan jaq dushpanynyń týyrlyǵyn tilgilep, óziniń bátýasyz óshpendiligin bildirgen [8]. Etnomádeni sanaǵa sińgen osyndai oibeine arqyly alpaýytty elderdiń saıası oıynshyǵyna aınalyp, óz ishinde esigi oıran, tóri talqan bolǵan memleketter jaıly jaǵymsyz geterostereotip qalyptasqan.

«An Englishman's home is his castle» paremiasyndaǵy «sastle» (qamal) hrematonımı – aǵylshyn halqynyń tastan turǵyzylǵan ejelgi záylim sarayın bildiredi. Ol – Ulybritaniyaný ulttyq sımvoly bolyp sanalady. «Castle» hrematonımı – aǵylshyn etnomádeni keńistiginde beriktik pen qaýipsizdikiń, jumbaqtyq pen tynshtyqtyń nyshany retinde uǵynylady. Iaǵní, «an Englishman's home is his castle» paremiasynda berik qamal retinde asosiasialanǵan «home» (úi) hrematonımı – aǵylshyn halqynyń júregi, ózgelerden oqshaýlandyratyn jumbaq álemi, jumaǵyna aínalǵan rýhani qorǵany retinde keskindelip, jaǵymdy etikalyq baǵalaý mánindegi óz beinesin (avtostereotip) sıpattayǵa negiz bolǵan.

**Taǵamǵa qatysty:**

«Qazaq nege jíǵan-tergen yrysyn,

Jeti nandai úlestirdi mańaiǵa?» (<https://arka-azhary.kz>).

«Jeti nan» gastronımı – qazaq halqynyń unnan ázirlenip, maıǵa pisiriletin rásimdik taǵamyn bildiredi. Dástúrli qazaqy ortada jeti nandy juma kúnderi pisirip, quran oqytyp, «karyaqtarǵa tie bersin» degen nietpen kórshi-qolańǵa úlestiredi. «Jeti nan» gastronımı – qazaq etnomádeni keńistiginde qudaıy sadaqa retinde rámizdelgen. Keltirilgen pragemada «jíǵan-tergen yrysyn jeti nandai



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

úlestirgen qazaq» frazeologizmi arqyly qoly ashyq, ańǵal qazaq halqynyń unamsyz etikalyq beínesi aishyqtalǵan.

«Zdes rýsskím dýhom pahnet. Hleb-sol vodít!» (L. Alekseeva. V derevne, 49 b.).

«Vodít hleb-sol» (nan men tuz alyp shyǵý) josyny – orys ulttyq mádenietinde qonaqjailyqty tuspaldaıdy. Atalǵan josyn boıynsha orys halqy qadirli meımandy nantuzben qarsy alyp, oǵan nan men tuzdan aýyz tigizedi. Osy josynnyń ulttyq-mádeni freimi «Rýsski chelovek hleb-sol vodít» paremiasynda bekip, meımandos orys ultynyń unamdy jiyntyq beínesin keskindeýge ýaj bolǵan.

«Yes, they're a lime-juicers» (L.L.Hope. The moving picture girls at Sea, 116 b.).

Keltirilgen mysalda amerikandyqtardyń aǵylshyn halqy týraly jaǵymdy geterostereotipi beínelengen. Bul geterostereotiń týndaýyna baiyrǵy brıtan kemeleriniń as mázirinde keńinen qoldanylǵan lime juice (laım shyryny) sýsyn arqaý bolǵan.

Ulybritania elinde shai ishýdiń ózindik etikettik josyndary men ýaqyttyq ataýlary qalyptasqan. Mysaly, tańǵy shai – «breakfast tea», sáske tústegi shai – «low tea» (tómen shai), tal tústegi shai – «high tea» (joǵary shai), keshki bestegi shai – «five o' clock tea» dep atalǵan. «High tea» men «five o' clock tea» – otbasy músheleriniń basyn biriktiretin rásimdik shaiy. Osyǵan orai, «five o' clock tea» (pol. Faifoklok) dástúri – polák etnomádeni sanasynda aǵylshyn halqy týraly jaǵymdy geterostereotiń jasalýyna yqpal etken.

Kiim-keshekke qatysty:

«Ala shapandylar ekonomikalıq keńistikiń utymdy tustaryn túnsidi» (<https://qazaqstan.tv.news>).

«Ala shapandylar» frazeologizminde qazaq ultynyń kórshiles ózbek juryt týraly ulttyq-mádeni túsinigi beínelengen. Ala sháii shapan – ózbek halqynyń ulttyq kiimin rámizdeitin vestonım retinde qazaq etnomádeni sanasynda geterostereotipin qalyptastyrgan.

«Aıyr qalpaqtalar oyn talaptarymen kelispeı, tipti dodaǵa shyqpaı qoidy» (KTK jańalyqtary, 21.08.2017).

«Aıyr qalpaqtalar» frazeologizmindegi «aıyr qalpaq» vestonımı – qyrǵız halqynyń aq kiizden tigelgen ulttyq bas kiimin bildiredi. Ol – qazaq etnomádeni sanasynda qyrǵız ultyn beíneleitín vestonım retinde qattalyp, geterostereotiptiń jasalýyna arqaý bolǵan.

Túr-álpetke qatysty:

«Qarakóz»(qazaqqyzı), «qaradomalaq» (qazaq balasy), «golýboglazye» (orystar), «ýzkoglazye» (qytaiłar), «lily-white» (aǵylshyndar men amerikandyqtar), «yellow man» (qytailyqtar), «gündüz feneri» (afrikandyqtar), «beyaz Türk» (aq túrik), «siyah Türk» (qara túrik), «Gerçi nāzikdür o pákīze beden» (evrei qyzdary) t.b. sekildi etnomádeni ujym ókilderiniń túr-álpeti negiz bolǵan avtostereotipter men geterostereotipterdi jatqyzýǵa bolady.

Túiindekelgende, árhalyqtyń etnotildik sanasynda jattalǵan etnikalyq stereotipterdi (avtostereotip, geterostereotip) ózi ne ózge etnomádeni ujym týraly baǵalaýyshtyq mändegi jiyntyq beíneler deýge bolady.





**Арайлым Ботанқызы  
ШОРМАКОВА**

**PhD, ҚР ҰҒА Ғылыми  
журналдар шығару бөлімінің  
мензгерушісі**

## **КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ КОНЦЕПТИЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ (Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БІР ШОҚ ЖИДЕ» ПОВЕСІ БОЙЫНША)**

Әлемнің бейнесі – адамның дүниетанымындағы негізгі элемент, адамның шынайы әлемді қабылдауы, оның тілдік әрі нақты бейнесі, өмірлік іс-әрекетінің белгісі. Соңғы уақытта «әлемнің бейнесі» ғылыми айналысқа еніп, гуманитарлық ғылымдардың әр тарауында өзінше зерттеле бастады. Әйткені ақпараттық коммуникация заманы ұлттық дүниетаным мен ұлттық құндылықтарға бет бүрғызды. Әр ғылым саласындағы ғалымдардың бір арнаға тоғыстаратын ортақ пікір: «әлемнің бейнесі» – ақиқат болмыс туралы әр халықтың қоғамдық санасындағы жиынтық білімі» екендігі. Ал оны зерттептануда танымдық лингвистиканың алатын орны ерекше. Әр елдің дүниені тануы әралуан болғандықтан, әр халықтың мәдениеті оның тілінде кодталады. Ол кодтарды қазіргі тіл білімінде ерекше қарқынмен зерттеліп жатқан концептілер арқылы ашуға болады. «Концепт–адамсанасының ойлау бірліктері

мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибелі бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарлы құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті, және лингвомәдениеттаннымдық лингвистикалардың негізгі ұғымдарының бірі». Концепт туралы ғалымдардың ойы – әртүрлі. Орыс тіл білімінде кейбірі оны термин ретінде қарастыrsa (В.И. Карасик, С.А. Аскольдов), енді біреулері (Д.С. Лихачев, В.Т. Москвин) ұғыммен теңестіреді. В.А.Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпы ұлттық концептілер деп таратады.

«Концепт» терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды өткен ғасырдың бірінші жартысында тұнғыш рет орыс философы С.А.Аскольдов ұсынған. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде концептіні былайша ұғындырады: «... мысленное образование, которое замещает



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одногоЙ оИтожерода». Осымен сабактастырып, В.З.Демьянков, Ю.С.Степановұғым мен концептінің ара жігін ажыратады. Осы текстес концепт туралы пікірлердің ішінен қазіргі кезде көптеген ғалымдар тарапынан қолдау тауып, ғылыми тәжірибеде қолданылып жүрген – А.Вежбицкаяның анықтамасы. Ғалым концептіні адамның әлем туралы тиянақталған мәдени түсініктегі бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі ретінде таниды.

Отандық тіл білімінде концепт ұғымына қатысты мәселелерді Н.Уәлиев, З.Ахметжанова, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Ислам, Н.Аитова, Ж.Жампейісова, Э.Оразалиева, Г.Мұратова, Б.Тілеубердиев т.б. ғалымдар өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады.

Зерттеуші А.И. Карасик концептілерді когнитивтік және мәдени деп ажыратып, когнитивті концептілерді қоршаған ортадағы шындықты құрылымдап және оны қайта құратын индивидуалды мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар ретінде анықтаса, ал мәдени концептілер сол мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін бекітетін ұжымдық мазмұнды болып келетін менталды құрылымдар деп түйген. Мазмұндық тұрғыдан концептілерді параметрлік және параметрлік емес менталды бірліктер деп ажыратады. «Параметрлік концептілерге объектілердің әр түрлі шынайы сипаттамаларын салғастыратын классификациялаушы

категорияретіндекізметететінконтцептілер жатады (кеңістік, уақыт, сандар, сапа және т.б.). Параметрлік емес менталды бірліктерге заттық мазмұндағы концептілер жатады. Параметрлік емес концептілер регулятивті (мазмұнда басты орын құндылықтық компонент болатын концептілер, мысалы, бақыт, міндет және т.б.) және регулятивті емес (әр түрлі сипаттағы синкретті менталды бірліктер: саяхат, сыйлық және т.б.».

Ғалымның пікірінше, нақты бір халықтың менталитетінің өзіндік ерекшеліктерін танып-білуде регулятивті концептілердің қосар үлесі зор. Регулятивті концептілер, оларға өзін-өзі ұстауда басты бағдар ретінде сүйеніп маңызды концепт санайтын тілдік тұлғалардың өрісінің қаншалықты, қандай деңгейде болуына байланысты әр түрлі болып келеді. Мәселен, олар әмбебап (ақиқат, жақсылық, сұлулық) болуы мүмкін, сонымен қатар ұлтқа тән – жан, тағдыр, сағыныш сияқты және әлеуметтік тұрғыдан ерекше маңызға ие – ақылдылық, ар-намыс тәрізді концептілер болса, барша адамзатқа тән құндылықтардың жеке-авторлық модификацияларын да қамтиды. «Көп өлшемді менталдық құрылым бола отырып концепт үш маңызды өлшемге, яғни бейнелі (образный), ұғымдық (понятийный) және құндылық (ценностный) өлшемдерге ие» – дей келе, оларды былайша сипаттайды: концептінің бейнелі жағы дегеніміз – біздің жадымызда бейнелетін оқиғалардың, құбылыстардың, заттардың, көру, есту, дene арқылы сезіну (тактильдік), дәм, иіс, түйсігі арқылы қабылданатын сипаттамалары, тәжірибелік білімнің релеванттық белгілері. Ұғымдық жағы



– концептінің тілде бекітілуі, оның белгіленуі, сипатталуы, белгілік құрылымы, дефинициясы, нақты концептінің ешқашан оқшау өмір сүрмейтін концептілер қатарына қатысты салыстырмалық сипаттамасы. Концептінің құндылық жағы – бұл психикалық құрылымының жеке адам үшін де, ұжым үшін де маңызды болуы. Құндылық аспектісінде қарастырылатын концептілердің жиынтығы ғаламның құндылық бейнесін жасайды». Яғни концептінің бейнелік көрінісі – объектінің көру, иіскеу, сезіну, және т.б. сипаттамалары сияқты когнитивтік белгілер қатарына ие. Бұл белгілер түйсік арқылы қабылданып, адам және табиғат әлеміндегі басқа объектілерді түсіндіруші рөлінде көрініс табады.

Енді осы концептілер таралуы жағынан әлемдік, жалпы халықтық, әлеуметтік топтық және жеке авторлық болып бөлінеді. Авторлық концепт дегенде біздің көңілімізді бірден аударған Әбіш Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде» шығармасы.

Заманымыздың заңдары Әбіш Кекілбаев – адам жаңының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген, терең философиялық ойларды ұлттық ұғыммен бере алған философ жазушы. Оның кейіпкерлері өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар қазақ халқының толыққанды өкілдері. Сондықтан да олардың әрқайсысы ұлттық ерекшелігімен көрінеді. Жазушының шеберлігі – кейіпкер дүниесінің тереңіне баруы, кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім ірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға беруі, ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы

толғап жеткізуі. Осы шебер қаламгерлігі «Бір шоқ жиде» повесінде де анық байқалады. Жалпы концептілер әсіресе түр-тұс атауларында, сандық символикада, туыстық атауларда, зоонимдер мен фитонимдерде анық көрініс табады. Соның ішінде «жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген» қазақтар үшін өсімдіктердің алатын орны ерекше. Біздің халқымыздың өмірі өсімдіктермен тығыз байланысты, себебі қазақтың тарихи қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық – көшпелілікке негізделген малшаруашылығы екені белгілі. Мал жағдайына байланысты шығысы мен батысына ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-байтақ жерде көшпенді ғұмыр кешкен қазақ қауымы осы өлкелердегі өсімдіктерді де жақсы білгенін айта келіп, орыс миссионері Ф.Щербина былай деп жазады: «Казах – превосходный ботаник: у него существует довольно сложная и разнообразная наменклатура для обозначения разного рода растений и широкое знакомство с кормовым значением каждого растения для разных видов скота и в разные времена года... Казахи вообще умеют превосходно пользоваться не только разными видами растений, но и различными частями степи. Малының бабы жер түгіне байланысты болғандықтан: шаруа құлағы жусанды; қараматау болса, тоқты егіз табар т.с.с. тұрақты тіркестерді қалыптастырған. Қазақтың халық шипагерлігінің осыдан 600 жылдай бұрын сонау XV ғасырда Қазақ хандығы туын тіктеген кезден бастап-ақ ілім-ғылым негізі қаланғанын қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты медициналық



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

энциклопедиялық еңбегі айқындал берді. Шипагерлік баян халықпен қауышқанға дейін өсімдіктердің қазақша атаулары жөнінде ақпарат беретін еңбек Н.И.Анненковтың 1878 жылдың жарық көрғен «Ботанический словарь» деген кітабы делініп келді. Өсімдіктердің қазақ тіліндегі халық атауларын жинап, жариялауға алғашқы кезде шетелдік ботаник-ғалымдар көп еңбек сінірген. Мәселен, И.В.Ларин (1930), Н.В.Павлов (1947) еңбектерінде 300-ге жуық өсімдік атаулары берілген. Одан кейін оның саны «Орысша-қазақша сөздікте» (1954) және С.Арзыметов (1955) пен Т.Мұсакұловтың (1959, 1960) сөздіктерінде толықтырыла түскен. 9 томдық «Қазақстан флорасы» (1956-1966) деген кітапқа енген 5630 өсімдік түрлерінің 350-нің ғана қазақша атаулары келтірілгіп. Ал 1977 жылғы С.А.Арыстанғалиев пен Е.Р.Рамазановтың «Қазақстан өсімдіктері» атты кітабында республикада өсетін 126 тұқымдастың, 1024 туыстың және 5685 түрдің қазақ тіліндегі атаулары келтіріліп, 64 тұқымдастқа халық атаулары қабылданып, 25 тұқымдастқа жаңа атау ұсынылған. Одан кейін 2002 жылды С.А.Арыстанғалиев «Қазақстан өсімдіктерінің қазақша-орысша-латынша атаулары сөздігінде» гүлді өсімдіктердің 1022 туысы мен 5647 түрінің қазақ тіліндегі халықтық және ғылыми атаулары келтірілген. 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздікте», 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде», 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» және өзге де ғылыми еңбектерде өсімдіктердің қазақ тіліндегі атаулары біршама жүйеленген. Десе де бұл еңбектердің барлығында фитонимдердің денотативті мағыналары

негізге алынып, тек термин төнірегінде қарастырылған.

Жиде бір сөзben айтқанда көп жемістің бірі. Бірақ жазушы шығармасын осы өсімдіктің атымен атап, жиде ағашын жан-жақты көрсетіп, концепт деңгейінде дейін көтерген. 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жидеге мынадай анықтама береді:

1. Ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы. Өзен бойындағы жиде, тал, қамысты қойнауларға кіріп, көзден ғайып болды (І.Есенберлин, Жанталас). Қарауытқан бейне жиде ағашының тасасына сіңіп, лездे ғайып болды (Т.Бедияров, Солдат сыры).

2. Жиде ағашының сырты жылтыр, қызылт-қоңыр түсті сопақша жемісі. Көз жасы тамған жеріне, Қарақат өніп қаулаған, Аяғы тиген жеріне, Жиде болып жайнаған (Манас). Жиде жемісінен ішек-асқазан ауруларына шипа болатын тұнба дайындалады (қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. тамақ).

3. сөйлеу. Жейде. Жылқы жияр Қозыкем айғай салып, құрығына жидесін байлап салып (Қозы Қөрпеш-Баян сұлу).

4. Өсімдік <латын. elaeagnus> Жиде тұқымдастына жататын жапырақ тастайтын ағаш немесе бұта өсімдіктер туысы. Жиде өсімдігінің этимологиясын іздеу барысында мына бір деректі ұшырастырылғы: «Жиде атауының шығуын Усундардың сақал-шашиның жирен-қызғылт болуы және «усундар» өмір сүрген жерлерде үнемі жиде ағашының өсуі, «усун-дардың» қытайлық «чиди» атауының түркі тілдеріндегі нұсқасы – жиде атауының жемісі қызғылт түсті ағаштың атауына айналуымен



байланыстырады. Жиде фитониміне есімдерден қатыстық сын есім жасайтын «лі» өнімді жұрнағының жалғануынан, «жиедесі көп жер» мағынасын білдіретін «Жиделі» атауы пайда болса керек. чи – «қызыл» деген мағынаны білдіретін хун тайпасын құраған Ландықтар тіліндегі атау». Бұл көп болжамдардың бірі ғана.

«Бір шоқ жиде» шығармасында Тілеу қарт ешкімге жәбірі жоқ, қолынан келсе көмегін аямайтын, ұста, шебер адам. Өзінің қарапайым тіршілігінде адамдардан көп алғыс алған кісі. Сол Тілеу қарттың жалғыз ұлы соғыстан қайтпай, бәйбішесі екеуі үлкен қайғыға түскенде, әйелінің жеңгесі қырқынан шықпаған перзентін бауырларына салып береді. Ұлдың атын Тұяқ қойып, оны өмірінің соңына дейін тәрбиелеп, өсіреді, үйлендіріп, немерелі болғанда, риза кейіппен өмірден озады. Жазушы кейіпкердің өмірін асқан шеберлікпен, шығармаға реңк бере отырып, бейнелеп жеткізеді. Повест тақырыбының «Бір шоқ жиде» аталуында үлкен философиялық ой жатыр. Шығармада Тілеу қарттың өмірі жилемен салыстырмалы түрде көрініс алады. Яғни қазіргі ғылым тілімен айтқанда, космоцентризм зандалылығы бойынша адам мен табиғат бір-бірімен өте байланысты, тығыз қарым-қатынаста. Космоцентризм – адам, табиғат, жануарлар әлемі, өсімдіктер әлімі, бір сөзben айтқанда барша жандыжансыздың тығыз байланысы. Олардың барлығы бір айналыммен бір-біріне әсер етеді, бір зандалылыққа бағынады. Адам мен табиғат біртұтас нәрсе, бұл екі тіршіліктің өмір сұру зандалылығы да бірдей: өмірге келеді, өсіп-өнеді, артына

үрпак қалдырады, қартайып, өмірден озады. Қарттың өмір сүрген топырағында жиде ағашы өседі. Жиде де сол топырақтан өніп шықты, талай жыл адамдарға жемісін беріп, саясын төкті. «Ол кезде тек осы кішкене бұлақ басында ғана емес, орпасы мен ызасы қалың бұл төніректің қай жүлгесінде де шоқ-шоқ жиде көп өсіпті. Кейін азайып, осы кішкене жақпарға ғана тұяқ тірепті. Анау жылдары мұндағы ағаштың саны оннан асатын сияқты еді. Қазір бесеуі ғана қапты. Оның да біреуінің тамыры семіп, қуара бастаған». Сол секілді Тілеу қарттың ата-бабасының өз заманында біршама өсіп-өнгені, бірақ осы бірнеше атадан бері бұл әuletke бір қырсық жабысқандай, ары кетсе үш-төрт тұтіннен артпай келетіні айтылады. «Өтеу тұқымының мынау ұлан-асыр дүниеден иемденгені осы бір екі зират пен бір жұрт. Өтеудің өлі ауылдарының қарасы мол болғанымен тірі аулының қарасы ешқашан төрт-бес үйден асып көрген емес». Сол көп тұтіннің орнында қазір қарайған зираттардың қалуы соның бір көрінісі. Қазақ танымында концептілік деңгейге көтерілген өсімдіктер аз емес. Мысалы, «жусан», «қарағай», «бетеге», «көде» т.б. Жоғарыда айтып өткеніміздей жиде ағашы жалпы халықтық концепті емес, жеке авторлық концепті. Осыған көз жеткізу үшін қыркүйек-қазан айларында, лингвистика мамандығында оқытын 2-курс магистранттарынан, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлерінен, филология факультетінің 4-курс студенттерінен, бір сөзben айтқанда, қазақ тілді ортада өскен, қазақ тілінде білім алған, қазақытәрбиеалған 18-70 жасаралығындағы



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

50 адамнан, 2-5 минут аралығында қысқаша сауалнама алдық. Сауалнаманың шарты бойынша қатысушы өзінің аты-жөнін көрсетпейді, тек жасын көрсетеді. Сауалнама сұрақтары жоғарыда айтылған Карасиктің бейнелі, ұғымдық, құндылықолшемдерінесайқұрастырылған.

Бірінші сұрақ (ұғымдық) – Жиде дегеніміз ...?

Екінші сұрақ (құндылық): Қазақ үшін жиденің қандай пайдасы бар?

Үшінші сұрақ (бейнелі) – «Жиде» дегенде көз алдыңызға нені елестетесіз?

Нәтижесінде респондент 3%-ы жидені ер адамдардың көйлегімен шатастырды, 30%-ы бұл өсімдіктің тек атын естіген, 40%-ы құндылығын білетін болса (көшілігі дәрілік қасиетін көрсетіп, оны қайнатып ішетін болса, көп ауруға ем екендігін айтты), қалған 27% адам бұл өсімдіктің үш өлшемін, яғни құндылығын, бейнелілігін, ұғымдық жағын да білетін болып шықты (жиде дегенде кейір реципиенттердің көз алдына балалық шағы, тұған ауылы елестейді). Сауалнама нәтижесінде көз жеткізгеніміз жиделі жерде өскен адамдар бұл өсімдіктің өте жақсы біледі де, жиде өспейтін жердің адамдары тек атын естіген немесе суреттен көрген. Сонымен қатар танымдық деңгей адамның жас шамасына да байланысты болатынын аңғардық. Адамның жасы ұлғайған сайын, қоршаған ортаға деген көзқарасы біртіндеп өзгеріп, дүниенің бейнесі көз алдында өз құндылығын арттыратынын байқадық.

Әбіш Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде» повесіндегі «жиде» заттық ұғымды білдіреді, сондықтан оны ұғымдық

концептіге жатқызамыз. Жиде көктемде жапырақ жайып, гүлдеп, жемісін беріп, күзде қурап өзге өсімдіктер секілді тіршілік етеді. Оны қөзімізben көріп, қолымызben ұстай аламыз. Бұл ұғымдық жағы болса, оның өткен-кеткен жолаушыға саясын төгуі: «Анау жиделердің түбінде талай-талай қауқылдасқан мәслихат қызып, қарқылдасқан күлкі естіліп жатыпты. Заманында кеңдегі елде құқай көбейгенде Көтібар мен Арыстан жігіттері де осы маңайға жиналышты. Одан бергі Есет заманында да талай ереуілшіге бас сауға болған жиде тоғайлар келе-кеle азайған. Ол кезде тек осы кішкене бұлақ басындағана емес, орпасы мен ызысы қалың бұл төңіректің қай жүлгесінде де шоқ-шоқ жиде көп өсіпті», ағаштан түйін түйетін шеберлер үшін баға жетпес сапасы жиденің құндылығын көрсетеді: ««Жарықтық, жидеден жасалған домбыра даңғырлап кетпей, былпып жұмсақ шығушы еді-ау...». Жазушы үшін жиденің бейнелік жағы – көрілік (кураған жалғыз жиде), мұң, қайғы, жалғыздық (Қалған төртеуіндей төнірегі де қоқырысып жатқан жоқ. Баласыз үйдегі мұнтаздай боп жалтырап жатыр...). Оны Тілеу қарт домбыраға айналдырғанда бабасынан келе жатқан «Бебеу» күйді ұрпағына жеткізетін құнды мұра, бұтқіл қайғысын ұмыттыратын серігі: ««Бебеу күй» десе бебеу күй. Бабаулатып қолды-аяққа тұрғызар емес. Апрай, есіне неге бүгін түсті? Әлде ата-бабаның аян беріп жатқаны ма? Тарс айырылып жарылып кетуге қалған жүргегін қалай басудың жолын өздері мензегені ме? Әлде қара жердің тұнғылық құрсағындағы кәрі аруақ тұқымым ұзіліп, күйім ұмыттылғаны ма деп күйзеліп жата ма екен...».





*Aйдана МАХАМБЕТ*

*Қызылорда облысының  
ішкі саясат басқармасының  
«Қызылорда облысының  
тілдерді оқыту орталығы»  
КММ директорының  
орынбасары, гуманитарлық  
гылымдар магистрі*

## ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТИНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОД

Әлемде ұлттық мәдениетіміз орта немесе төмен дейтін халық жоқ. Барлығы да жоғары деп санайды, айтады, жазады. Біз де сондай халықпен, ұлттар қатарындамыз. Шын мәнінде, жоғары қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Жоғары қазақ мәдениетін көрсететін мұндай кодтардың бірі – біздің туысқандық қатынастарымызда жатыр. Туысқандық қатынастың көрініс табатын жері – салт-дәстүрімізде. Қазақтың салт-дәстүрі – ұлтымыздың мәдениетінің биік тұғыры. Осы салтпен, дәстүрмен ғасырлар бойы халқымыз «тал бесіктен жер бесікке дейін» өз ұрпағының саналы, мәнді, қызықты, философиялық мәні зор өмір сүріп келгенін бізге дейінгі әдеби, мәдени, ғылыми еңбектерден көреміз.

Елбасы Н.Ә. Назарбевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа түрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңдің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» дейді. Қазіргі кезде қазақтың ұлттық мәдениетін төмен санап, ескінің қалдығы деп, өзінікін қаңсық, өзгенікін таңсық көру әдеті жаңа буын өкілдерінде бар. Осы әдеттерден арылу мақсатында Елбасымыз аталған мақаласын жазды. Сондай-ақ тереннен үңіліп қарасақ, бұл мақаланың қазақ үшін маңызы ерекше. Себебі жаңа ғасырга қазақ өзінің ерекшелігін сақтап бару керектігін түсінгеннен, өз қазақтығын сақтап, дамудың қажеттілігін ұғынғаннан туындаған үндеу мақала болатын. Салт-санадағы



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

ұлттық брөнд болуға лайықты ұлттық кодтың халқымыздың өзегі, тіні болу қажеттігін ескере отырып, осы мақаламызда сөз қозғайтын боламыз.

Кез келген ғылым саласы әрбір заттың, құбылыстың өзіне тән ерекшелігі бар екенін дәлелдей алады. Ерекшеліктер сол затты өзгелерден даралап, оның жекелігін көрсетеді. Мәселен, адамзат үшін күн әлемге нұрын шашып, жарық, жылу сыйлайтынымен ортақ ұғымға ие. Сол сияқты ай да түнді жарық қылатынымен күннен ерекшеленеді. Болмаса, екеуі де аспанда (адамзат ұғымында), екеуі де сыртқы пішіндері домалақ екен деп, адамзат баласы екеуіне екі түрлі ат бермей, бір атаумен атай салмады ма? Дәл осында мысалды тұз бен қантқа байланысты да, қар мен жаңбырға, суға байланысты да айтуға болады. Міне, шекер мен тұздың тек өздеріне ғана тән ерекше дәмдері бар, сондықтан да олар өмір бойында, адамзат тарихында, оның ішінде қазақ тарихында, жеке-жеке тұз, шекер (қант) деп аталағы келе жатыр. Міне, дәл осы мысалдың талдануы да қазақ халқының өзіне ғана тән ұлттық, мәдени ерекшеліктерінің қажеттілігін, оның қазақпен бірге жасасатынын, осы салт-дәстүр мәдениеті қазақты әлем жүртшылығының алдында қазақ деп танытатынын ескеріп, ұлттық ерекше кодтарымызды жоғалтпай сақтауымыздың қажет екенін байқатады.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдан тарихи тәжірибе мен ұлттық

дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды».

Әрине, мұндай ұлттық кодтарымыздың әрқайсысы қазақтың қазақ екенін даралап тұрады. Ұлттық кодымызды даралаушы салт-дәстүріміздің бірден бір көрінісі – құдалық. Құдалықты өткізу мәдениетінде қазақтың ұлкен коды жатыр.

Қазақта туысқандық белгінің бірі – бір-біріне кез келген затты еш қайтарымсыз бере алу дәстүрі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, құдалық осы қатынастарды әйгілейтін туыстық қатынастардың бірі. Туыстық қатынастар құдалық церемониясындағы құда тұсу дәстүрінен басталады.

Құдалықтың басы – жайшылықта айттыру немесе құдандалық сөйлесумен басталса, кейде ұзақтан келетін бейтаныстардың құдалық жорасын түспалдай білдіретін «біз шашу» деп аталағын ғұрыппен де басталып жатады. Ондайда, «қонбайтын қонақ түсте келеді, қонатын қонақ кеште келеді» деген жосықты бұзып, түсте келген мұндай қонақтар ешкіммен ашылып сөйлеспей, аттарының ертоқымын бір жерге жиып қойып, түскі асын ішкен соң да кетпей жатып алады... Үй иесі қонақсына кешке мал сойып, бағып, күтеді. Келгендер көбіне шалдар болып, ертеңінде «сиыр түсте»



ұн-тұңсіз аттанып кетеді. Қонақтар кетісімен үйдегілер бұл сырдың жұмбағын шешкілері келіп, жапатармағай сырмақ қағуға кіріседі. Сол кезде сырмаққа шаншылған бізді көреді. Бұл – ұл ер жетті, қыз бой жетті, хас құлақ бала бізде бар, хас сұлу сізде бар, жекжат болайық дегені. Араға көп уақыт салмай, қыз жағы қайрақ сұратып кісі салмаса, әлгі шалдар және келіп құда түседі. Бұл жердегі ерекшелік – бізде. Біз – қазақта көбінесе ерлер қолданатын сайман. Ал наның-сенімдік тұрғыдан оның нышандық (символика) мәні – ер адамның өсіп-өну, өрбу мен күш-куатын меңзейтін астары бар. Қыздардікі – ине. Ол да әйел затының ісмер, шебер, ине сияқты епті болуын меңзейді. Сонда шалдардың сырмаққа біз шаншып кетуі – бізде ұл бар еді, ол осы шаңыраққа да ұл болса қалай қарайсыздар деген емеуіріні. Құдалықтың осы аталған және басқа тұрлерінің келесі сатысы жігіт жағынан бірнеше әйелдің (әдетте, жігіттің жеңгелері) келіп, сыбағалы асын жеп, түстеніп, сөз салып, құдалар жағының ауанын барлап қайту. Ертеректе мұндай адамдарды «тілші» деп те атаған.

Осы «біз шаншу» дәстүрі бүгінде жоқ. Дегенмен, бұл дәстүрді заманга лайықтап, сай етіп қолдануға да болар еді. Бірақ біз құралының маңызын ата-бабамыз жақсы түсіндіріп кеткен ғой. Оның негізгі тіні қалып, мазмұны да лайықты болғаны, заманауи тұрғыда жаңғырғаны ұлтымыз үшін маңызды болмақ.

Құдалықтың баянды болуы көп жағдайда қыз айттыратын жаушыға байланысты. Жаушы жөн-жосықты билетін, тіл-ауызды, әзілге жүйрік адам болуы тиіс. Жаушылар сырт белгісімен-ақ көзге бірден ерекшеленіп тұрады. Қызыл (бурыл) ат мінген, сәнді, жеңіл киінген, шалбардың бір балағын етік қонышына салып, келесі балағын шығарып киген жаушы қыз үйінің төрінен бір-ақ шығады. Қызын беруді үйғарған болса, мал сойылып, құрмет көрсетіледі. Сыбағалы табақ тартылып, ас ішіліп болған соң келген жаушы сөз алып, – «...Сізде бір лашын, бізде бір сұңқар бар. Сол лашынды сұңқарыма ілдірейін деп едім» дегендегі ниетін тұспалдай жеткізеді. Қызын ата-анасы жаушының өтінішін қабыл алған болса, соның белгісі ретінде, екі жақтың құдалығының берік болуын нышандап, жаушыға «шеге шапан» жабуы, тіпті, мырзалық танытса, жолына қарай «шеге ат» мінгізуі – жігіт жағының құдалыққа келе беруіне ниет білдіргені. Жаушы қайтып келген соң жігіт әкесі оған өз әлінше «бата аяқ» аталатын кәде жасайды. Енді жігіт жағының туыстары жиналып, құдалыққа баратын адамдардың құрамын, санын және бас құданы тағайындалап, белгіленген күні «құда тұсу тойына» аттанады. Бас құдаға көргені мен түйгені көп, салт-дәстүр, жөн-жобаны жақсы билетін, шешен, өнерлі адам тағайындалады. «Құданы құдайдай күт» деген бойынша қыз ауылы үйлер тігіп, құдаларды



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

салтанатпен қарсы алады. Құдалар өзара қалыңмал мөлшері, той малы, өлі-тірі, қыз беретін уақытты келісken соң, дәстүр бойынша құдалықты бұзбауға серттесетін салт – қанға қол батырып, ақ бата, қызыл қан шығарған құда болысуына арналып ақсарбас шалынады. Бұл ырым «қанға қан қосылды, енді туыс болдық» деген ишараны білдіретіндіктен, «құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық» деген бойынша, туыс-жекжаттықтың тамыры тереңге кеткендігін айғақтайды. Мал бауыздалғанда бата берген құда «бауыздау құда» деп аталады.

Қанға қол матырып, ант беріскеннен кейін мәні жағынан да, ғұрыптық жағынан да ерекше саналатын — құдаларға «құйрық-бауыр жегізу» салты атқарылады. Арнайы пісіріп, өзірлеген қойдың құйрық майы мен бауыры туралған табақтан қыз жағының адамдары

Құда, құда деселік,  
Құйрық-бауыр жеселік,  
Құйрық-бауыр жемесек,

Несіне құда деселік, – деп өлеңдете келіп, құдаларға, отырған адамдарға айнала құйрық-бауыр асатып шығады. Осы екі дәмнің үйлену салты кезіндегі ерекше сипатқа ие болуының астарлары халықтың дәстүрлі наным-сенімінде жатыр. Мәселен, мал бақсан көшпелі халықтарда май – молшылықтың, береке-байлықтың нышаны саналады. Жаңа түсken келін босаға аттаған соң есіктің екі босағасына май жағуы, үйге кірген соң ошақ басында отқа май құюы сияқты т.б. жосын-жоралғылары майдың

наным-сенімдік тұрғыдан туындастын ғұрыптық қызметтерін айғақтайды. Сондай-ақ, жайлы, жағымды, келісті, бай, ауқатты ұғымдарының синонимі ретінде қазақтар «майлы» сөзін де қолданатыны бар. Ал бауыр сөзі қазақ тілінде туыс, ағайын және іні деген ұғымдарды білдіреді. Бауырластық — туыстық, меймандастық ұғымдарына ұқсас түсініктер беретіні мәлім. Ет мүшелерінің ішінде бауырдың дәмділігі ерекше екені де белгілі. Сондықтан, бауырдай тату-тәтті болып, туыстасып, бауырласқанының белгісі реінде бауыр тартылады. Дүние, әлем, тіршіліктің жұп, қос негізді болатыны жөніндегі халық түсінігі бойынша (дуалистік ілім), осы ғұрып астарында да жақсылық-жамандық, қайырымдылық-зұлымдық, аспан-жер сияқты категорияларға сәйкес келетін ақ-қара символикалары да көрініс тапқан. Ендеше, адамдардың жақындастырылуын білдіретін, «бір табақтан ас ішкен» делінетін ежелгі салт бойынша май мен бауыр жесу арқылы жақсылық пен жамандықта бірге болып, туысқандық жүгін бірге көтерісуге серт беріскен магиялық мәнді ғұрып атқарылады. «Құдай» (уәде) дескен, құйрық бауыр жескен» мақал осыдан қалса керек. Бұл – ұлттық код. Кодымызды қазіргідей кейбіреулер айтып жүргендей қой етінің іісі болуымен, холестеринінің көптігімен, зияндылығымен шатастырмай, керісінше, ұлттық ерекше сипат ретінде, ұлттық код ретінде сақтай білуіміз де керек.

Тіршіліктің осы бір сарынынан қазақтың бүкіл салттық өмірін,



дәстүрін, мәдениетін көруімізге болады. Өміріне үлкен мән болып енгенін де соңғы «Құдай» (уәде) дескен, құйрық бауыр жескен» деген мәтелінен де көруімізге болады. Қазақтың бүкіл өмірі бір-біріне деген үлкен сенімнен тұратындығын, ол сенім уәде, сөз деген сөзге барып тірелетінін көреміз. Демек, айтылған сөз, атылған оқ деп қарайтын қазақ үшін уәделесу, сөзге тоқтау деген өте киелі саналып, оны бұзбау – өмірді бұзбаумен, мына сан-салалы, қым-қуыт тіршіліктің ұрыссыз, жанжалсыз бірыңғай сырғып өтуіне жағдай жасайтынын қазақ философиялық тұрғыдан тереңнен түсінгенін пайымдауымызға болар еді. Әйтпесе, мың құбылған, мың құбылатын сезім деген атша тулап жаткан нәпсінің жетегінде кете берсе, адамдар арасындағы үйлесімді байланыс бұзылған болар еді, ал адамдар арасындағы үйлесім бұзылса, өмір бұзылар еді. Осыны философиялық тұрғыдан тереңнен түсінген халқымыз адамдар арасындағы коммуникацияны реттеу мақсатында өте нәзік әрекеттермен қарым-қатынасқа түсken. Әрине, бүгінде біз шашшудың дәл өзін алмасақ та, сондағы негізгі идеяны алу керек. Сонда ғана қазақ мәдениетіндегі ұлттық код сақталатынына сенеміз.

Құда түсуден кейінгі керемет дәстүріміздің бірі – киіт кигізу. «Киіт кию» – «құда болдық» деген келісімнің белгісі. Киіт – құдалыққа әркімнің өзінің жолына қарай, яғни құдаға жақындығына қарай алатын сый-сияпат. Киітті әркім өзінің мүмкіншілігіне

қарай кигізеді. «Абай жолы» романы салт-дәстүріміздің энциклопедиясы деуге толық негіз бар. Біреулер «кит» деп ішік, манат кисе, Құнанбай, баласы Абайға Алшынбайдың Түсіп деген баласының Ділдә деген қызын айттыра келгенде «киіт» деп «тайтұяқ жамбы» алған.

Қазіргі кезде киіт кигізбей қоя салуды көздейтіндер де бар. Әрине, қазіргі заманға сай деп, бәрін осы заманға жаба салу онай-ақ. Дегенмен, салтымызды жасамасақ, қазақтығымызға сын болмай ма? Керісінше, киітті қазіргі заманға лайықтап кигізуді ойластырған жөн-ау. Қоғамда әртүрлі топтағы адамдар болатыны белгілі. Қазіргі өзіміз өмір сүріп жатқан капиталистік қоғамда бірнеше сатыдағы адамдар өмір суретіні ақиқат. Соған сәйкес киіт кигізу салты құдалардың «көрпесіне қарай» болғаны да жөн секілді. Киіт бірін-бірі еске алып отыруды, құдалар арасын жақыннатады деп ойлаймыз. «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген қазақ сөзі құдаларға берген киіттің көзден кетпей, көңілде тұrap еді деген ойға жетелейді. Демек, әрбір дәстүрімізді жоғалтпай заманаға лайықтап, қолдана білу ұлттық кодымызды сақтауга, сол арқылы ұлттық болымысымызды қадірлеуге жетелейді.

Ілу – есік көре барған күйеудің әке-шешесінің құдаларына әкелген сыйы. Ілу – киітке орай болады. Бірақ Құнанбай досы Алшынбаймен есептеспей «тайтұяқ жамбының» орнына одан үлкен «Бесік жамбы» алып



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

барған. Бұл – ілудің басы. Құдалықтағы қыздың қарғы бауы «қырық жетісі» — деген салт-жоралғы, ол «ілуден» бөлек рәсім. Күйеудің қайын жұртына алғаш келуін «Есік көре келу», «Қайыннату», «Ұрын келу» немесе кей жерлерде «жыртыс сала келу» деп те атайды.

«...өзі Арғынға белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алшынбайы. Бұл атырапта қазақтың одан үлкен аруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайыннату, әсіресе ұрын жіберу осал қам емес. Малдұниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек деген сөз» — дей келіп автор: «Үй ішінің бұл жөніндегі сөздері қалай да болса аз болған жоқ, ұзақ болған... Баратын қара малды айтқанда: жетпіс жылқы, отыз түйе аталды. Алшынбай ауылынан аяры жоқ. ... жылқы ішінен бір құла айғыр, бір жириен айғырдың үйірі кірген. Басы осы болсын дескен. Осыдан арғы үлкен өзірлікті тілейтін – жыртыстың пұл матасы» — деп суреттейді жазушы. Сонда ілу басы – бесік жамбы болғанда, ілу – екі үйір жылқы, отыз түйе, ал жыртыс – батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи секілді келінге жасау тігілетін мата. Яғни, келінге жасау тігілетін матаны қайын жұрты алып келген. Осындаған бай дәстүрді мактан етіп көрсетпей, керісінше дәстүрдің тозығы деп қарастау – өзімізге жасаған қиянат емес пе? Мәселен, түріктің тарихи фильмдері «Сүлеймен сұлтан», «Көсем дәуірі» т.б. көргенде, бүкіл байлықты, тазалықты бескіншілік көреміз. Ал тарихи шындық басқаша сөйлейді ғой. Біз неге қазақтың осынша байлығын,

қымбат киімі мен бекзат болмысын тарихи фильмдерде көрсете алмаймыз?.. Бізде де қалалар болып еді. Мінекей, соңымызға бір қайырылып, рухани жаңғыратын уақытымыз жетті деп санаймыз.

Осы бір үзіндінің өзінен қазақтың бай дәстүрі көрінеді. Тағы да қайталап айтуымызға тұра келеді. Қазақтың байлығын емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастың реттелуіне қызмет ететін салт-дәстүр болды деуімізге толық негіз бар.

Бұған қоса, қазақтың ырымы көп деп емес, әрқайсысына берілген атауды сақтап, сол салтты, дәстүрді сақтап, ұлттымызға, тілімізге құрмет көрсеткен жөн. Себебі ұлттың ұлт болып қалуы тікелей тілге байланысты.

«Ұлжан Алшынбайдікіне көп қазына әкелді. Келген жылқы, түйеден басқа, жыртыстың бұл – матасының өзі екі үлкен атанға артылып келіп еді. Оның ішінде келінге жасау тігілетін батсайы, мақпал, манат, дүрия, шағи бөлек салынған. Бірер сандық осы қымбаттарға толы болса, өзге тендері құдақұдағилар сыбағасы. Шапан, камзол, көйлек, шаршы. Және толып жатқан ырымдар бойынша төленетін сый-сияптар. Қалыңмал басы Алшынбайдың өзіне арналған кесек күміс – бесік жамбы. Бұл ілу деп аталып еді. Екі жаққа да мәлім, ілу – киітке орай. Осыдан он жыл бұрын Алшынбай аулына Құнанбай кеп құда түсіп, Ділдәні Абайға айттырған уақытта, бас құда Құнанбайға киіт деп, Алшынбай аулы күміс тартқан. Ол күмістің аты – тай түяк,



мына бесік жамбыдан кіші еді. Тегінде, есептесіп келсе, әдет бойынша, ілу мен киіт күн жағынан қарайлас болатын. Бірақ Құнанбай оны есептемей, Алшынбайға өз бергенінің дәл өзін жібермепті».

Міне, қазіргі қазақтың қызды сата ма, сатып бермеймін, бақытты болса, болды деген сөздердің осы дәстүрден кейін бекер екеніне көз жеткіземіз. Себебі апарған заттарын қайтадан қызына жасау ретінде дайындал береді. Бұл екі жастың өмір сүруіне қажетті мал-мұлік, дүние деуімізге болады.

Осы дәстүрімізді ескі демей, қазақ баласының жақсы өмір сүруі үшін қажет деп, сананы жаңғыртар болсак, ұрпақ материалдық жағынан қиналмай өмір сүруіне болар еді деп ойлаймыз. Сонымен қатар қолдарында бар болған соң ғана олардың бір-бірімен ұрыспай өмір сүруіне мұрындық болар еді деп ойлаймыз. Бір сұқбатында Асқар Жұмаділдаев қазіргі жастардың жақсы өмір сүруі үшін тұрақты жұмыс, қаржы керек. Сонда олардың махаббаттары мәңгілік болады деген болатын. Міне, осы сөзге тоқтай отырып, қалың мал

беру – қазақтың ескілігі, қызды сату деп қарамай, керісінше, қазақтың жастарына деген ата-ананың қамқорлығы деп жаңғыртуымызға болады.

«Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» деген Елбасы мақаласындағы осы қағида біздің сөзіміздің айқын дәлелі бола алады.

«...ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды».

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді қазақ. Дәстүрдің озығының да, тозығының да қазақ халқының өмірінде маңызы бар болғанын атап өткіміз келеді. Ұлтымыздың әлеуметтік өмірінен хабар береді. Сонымен қатар, қазақтың өміріне, тәртібіне, тәрбиесіне белгілі бір дәрежеде үлесін қосты. Сондықтан да оны тозық демей, қастерлеп, жаңғыртып қолданған жөн деп санаймыз.



## Aidana Mahambet

### *Qyzylorda oblysynyń ishki saiasat basqarmasynyń «Qyzylorda oblysynyń tilderdi oqytý ortalıǵy» KMM direkторының орынбасары, гýманitarlyq ǵylymdar magistri*

## QAZAQ MÁDENIETİNDEĞİ ULTTYQ KOD

Álemde ulttyq mádenietimiz orta nemese tómen deitin halyq joq. Barlyǵy da jogary dep sanaidy, aitady, jazady. Biz de sondai halyqpyz, ulttarqataryndamyz. Shynmáninde, jogary qazaq mádenietiniń ulttyq sıpatyn ulttyq kod dep ataýǵa bolady. Joǵary qazaq mádenietin kórsetetin mundai kodtardyń biri – bizdiń týysqandyq qatynastarymyzdä jatyr. Týysqandyq qatynastyń kórinis tabatyn jeri – salt-dástúrimizde. Qazaqtyń salt-dástúri – ultymyzdyń mádenietiniń biik tuǵyry. Osy saltpen, dástúrmen ǵasyrlar boıy halqymyz «tal besikten jer besikke deiin» óz urpaǵynyń sanaly, mändi, qzyqty, filosofialyq máni zor ómir súrip kelgenin bizge deiingi ádebi, mádeni, ǵylymi eńbekterden kóremiz.

Elbasy N.Á. Nazarbevtyń «Bolashaqqabaǵdar: rýhanı jańgyrý» atty maqalasynda: «Jańa turpatty jańgyrýdyń eń basty sharty – sol ulttyq kodyńdy saqtai bily. Onsyz jańgyrý degenińizdiń kur jańgyryqqa ainalýy opońai» deidi. Qazirgi kezde qazaqtyń ulttyq mádenietin tómen sanap, eskiniń qaldyǵy dep, ózinikin qańsyq, ózgenikin tańsyq kóry ádeti jańa býyn ókilderinde bar. Osy ádetterden arylý maqsatynda Elbasymyz atalǵan maqalasyn jazdy. Sondai-aq tereńnen únilip qarasaq, bul maqalanyń qazaq úshin mańzyzy erekshes. Sebebi jańa ǵasyrǵa qazaq óziniń ereksheligin saqtap barý kerektilig

túsingennen, óz qazaqtyǵyn saqtap, damýdyń qajettiligin uǵynǵannan týyndaǵan úndeý maqala bolatyn. Salt-sanadaǵy ulttyq brend bolýǵa laiyqty ulttyq kodtyń halqymyzdyń ózegi, tini bolý qajettigin eskere otyryp, osy maqalamyzda sóz qozǵaityn bolamyz.

Kez kelgen ǵylym salasy árbir zattyń, qubylystyń ózine tán ereksheligi bar ekenin dáleldei alady. Erekshelikter sol zatty ózgelerden daralap, onyń jekeligin kórsetedi. Máselen, adamzat úshin kún álemge nuryn shashyp, jaryq, jylý syilaıtynymen ortaq uǵymǵa ie. Sol siaqty aı da túndi jaryq qylatynymenkúnnenerekshelenedi. Bolmasa, ekeyi de aspanda (adamzat uǵymynda), ekeyi de syrtqy pishinderi domalaq eken dep, adamzat balasy ekeyine eki túrli at bermei, bir ataýmen ataı salmady ma? Dál osyndai mysaldy tuz ben qantqa baılanysty da, qar men jańbyrǵa, sýǵa baılanysty da aitýǵa bolady. Mine, sheker men tuzdyń tek ózderine ǵana tán erekshes dámderi bar, sondyqtan da olar ómir boıynda, adamzat tarıhynda, onyń ishinde qazaq tarıhynda, jeke-jeke tuz, sheker (qant) dep atalyp kele jatyr. Mine, dál osy mysaldyń taldanýy da qazaq halqynyń ózine ǵana tán ulttyq, mádeni erekshelikteriniń qajettiligin, onyń qazaqpen birge jasasatynyn, osy salt-dástúr mádeneti qazaqty álem jurtshylyǵynyń aldynda qazaq



dep tanytatynyn eskerip, ulttyq erekshे kodtarymyzdy joǵaltpаı saqtaýymyzdyń qajet ekenin baiqatady.

«Jańgyrý ataýly burynǵydaı tarihi tájiribe men ulttyq dástúrlerge shekeden qaramaýǵa tiis. Kerisinshe, zamana synynan súrinbei ótken ozyq dástúrlerde tabysty jańgyrýdyń mańyzdy alǵysharttaryna ainaldyra bilý qajet. Eger jańgyrý eldiń ulttyq-rýhanı tamyrynan nár ala almasa, ol adasýǵa bastaıdy».

Árine, mundai ulttyq kodtarymyzdyń árqaisysy qazaqtyń qazaq ekenin daralap turady. Ulttyq kodymyzdy daralaýshy salt-dástúrimizdiń birden bir kórinisi – qudalyq. Qudalyqty ótkizý mádenietinde qazaqtyń úlken kody jatyr.

Qazaqta týysqandyq belginiń biri – bir-birine kez kelgen zatty esh qaıtarymsyz bere alý dástúri. Joǵaryda aityp ótkenimizdei, qudalyq osy qatynastardy áigileitin týystyq qatynastardyń biri. Týystyq qatynastar qudalyq sermoniasyndaǵy quda túsý dástúrinen bastalady.

Qudalyqtyń basy – jaishylyqta aittyrý nemese qudandalyq sóilesýmen bastalsa, keide uzaqtan keletin beitanystardyń qudalyq jorasyn tuspaldai bildiretin «biz shanshý» dep atalatyn ǵuryppen de bastalyp jatady. Ondaıda, «qonbaityn qonaq túste keledi, qonatyn qonaq keshte keledi» degen josyqty buzyp, túste kelgen mundai qonaqtar eshkimmen ashylýp sóilespeı, attarynyň er-toqymyn bir jerge jiyp qoıyp, túski asyn ishken soń da ketpei jatyp alady... Úı iesi qonaqasyna keshke mal soıyp, baǵyp, kútedi. Kelgender kóbine shaldar bolyp, erteńinde «sıyr túste» ún-túnsız attanyp ketedi. Qonaqtar ketisimen úidegiler bul syrdyń jumbaǵyn sheshkileri kelip, japatarmaǵai

syrmaq qaǵýǵa kirisedi. Sol kezde syrmaqqa shanshylǵan bizdi kóredi. Bul – ul er jetti, qyz boı jetti, has qulaq bala bizde bar, has sulý sizde bar, jekjat bolaiyq degeni. Araǵa kóp ýaqyt salmai, qyz jaǵy qairaq suratyp kisi salmasa, álgı shaldar jáne kelip quda túsedи. Bul jerdegi erekshelik – bizde. Biz – qazaqta kóbinese erler qoldanatyn saıman. Al nanym-senimdirik turǵydan onyń nyshandyq (símvolika) máni – er adamnyń ósip-óný, órbý men kúsh-qýyatyn meńzeitin astary bar. Qy whole page is decorated with a traditional floral pattern in gold and blue on the left and right sides.

Osy «biz shanshý» dástúri búginde joq. Degenmen, bul dástúrdi zamanga laıyqtap, saı etip qoldanýǵa da bolar edi. Biraq biz quralynyń mańyzyn ata-babamyz jaqsy túsindirip ketken góı. Onyń negizgi tini qalyp, mazmuny da laıyqty bolǵany, zamanaýı turǵyda jańgyrgany ultymyz úshin mańyzdy bolmaq.

Qudalyqtyń baiandy bolýy kóp jaǵdaıda qyz aittyratyn jaýshyǵa bailanysty. Jaýshy jón-josyqty biletin, til-aýyzdy, ázilge júrik adam bolýy tiis. Jaýshylar syrt belgisimenaq kózge birden erekshelenip turady. Qyzyl (býryl) at mingen, sándı, jeńil kiingen, shalbardyń bir balaǵyn etik qonyshyna salyp, kelesi balaǵyn shyǵaryp kigen jaýshy qyz úiniń tórinen bir-aq shyǵady. Qyzyn



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

berýdi uiğarǵan bolsa, mal soiylyp, qurmet kórsetiledi. Sybaǵaly tabaq tartylyp, as ishilip bolǵan soń kelgen jaýshy sóz alyp, – «...Sizde bir lashyn, bizde bir suńqar bar. Sol lashyndy suńqaryma ildireiin dep edim» degendei nietin tuspaldai jetkizedi. Qyzdyń ata-anasy jaýshynyń ótinishin qabyl algan bolsa, sonyń belgisi retinde, eki jaqtyń qudalyǵynyń berik bolýyn nyshandap, jaýshyǵa «shege shapan» jabýy, tipti, myrzalyq tanytsa, jolyna qaraı «shege at» mingizýi – jigit jaǵynyń qudalyqqa kele berýine niet bildirgeni. Jaýshy qaityp kelgen soń jigit ákesi oǵan óz álinshe «bata aiaq» atalatyn káde jasaıdy. Endi jigit jaǵynyń týystary jinalyp, qudalyqqa baratyn adamdardyń quramyn, sanyn jáne bas qudany taǵaiyndap, belgilengen kúni «quda túsy toıyna» attanady. Bas qudaǵa kórgeni men túgeni kóp, salt-dástür, jón-jobany jaqsy biletin, sheshen, ónerli adam taǵaiyndalady. «Qudany qudaıdai kút» degen boıynsha qyz aýyly úiler tigip, qudalardy saltanatpen qarsy alady. Qudalar ózara qalyńmal mólsher, toı maly, ólı-tiri, qyz beretin ýaqytty kelisken soń, dástür boıynsha qudalyqty buzbaýǵa serttesetin salt – qanǵa qol batyryp, aq bata, qyzyl qan shygarǵan quda bolysýyna arnalyp aqsarbas shalynady. Bul yrym «qanǵa qan qosyldy, endi týs boldyq» degen ısharany bildiretindikten, «quda myń jyldyq, kúieý júz jyldyq» degen boıynsha, týs-jekjattyqtyń tamyrı tereńge ketkendigin aǐgaqtaiды. Mal baýyzaǵanda bata bergen quda «baýyzdaý quda» dep atalady.

Qanǵa qol matyryp, ant beriskennen keiń máni jaǵynan da, ýuryptyq jaǵynan da erekshen sanalatyn — qudalarǵa «quıryq-baýyr jegizý» salty atqarylady. Arnaiy pisirip,

ázirlegen qoıdyń quiryq maiy men baýyry týralǵan tabaqtan qyz jaǵynyń adamdary

Quda, quda deselik,  
Quiryq-baýyr jeselik,  
Quiryq-baýyr jemesek,

Nesine quda deselik, – dep óleńdete kelip, qudalarǵa, otyrǵan adamdarǵa aınala quıryq-baýyr asatyp shyǵady. Osy eki dámniń úlený salty kezindegı erekshen sıpataq ıe bolýynyń astarlary halyqtyń dástúrlı nanym-seniminde jatyr. Máselen, mal baqqan kóshpeli halyqtarda mai – molshylyqtyń, bereke-bailyqtyń nyshany sanalady. Jańa túskenn kelin bosaǵa attaǵan soń esikiń eki bosaǵasyna mai jaǵýy, úige kirgen soń oshaq basynda otqa mai quiýy siaqty t.b. josyn-joralǵylary maídýń nanym-senimdir turǵydan týyndaıtyń ýuryptyq qyzmetterin aǐgaqtaiды. Sondai-aq, jaıly, jaǵymdy, kelisti, bai, aýqatty uǵymdarynyń sinonımı retinde qazaqtar «maily» sózin de qoldanatyny bar. Al baýyr sózi qazaq tilinde týys, aǵaiyn jáne ini degen uǵymdardy bildiredi. Baýyrlastyq — týystyq, meimandostyq uǵymdaryna uqsas túsinikter beretini málím. Et müşheleriniń ishinde baýyrdyń dámđiliği erekshen ekeni de belgili. Sondyqtan, baýyrdai tatý-tátti bolyp, týystasyp, baýyrlasqanynyń belgisi reinde baýyr tartylady. Dúnie, álem, tirshiliktiń jup, qos negizdi bolatyny jónindegi halyq túsinigi boıynsha (dýalistik ilim), osy ýuryp astarynda da jaqsylyq-jamandyq, qaiyrymdylyq-zulymdyq, aspan-jer siaqty kategorialarǵa sáikes keletin aq-qara simvolikalary da kórinis tapqan. Endeshe, adamdardyń jaqyndasqandyǵyn bildiretin, «bir tabaqtan as ishken» delinetin ejelgi salt boıynsha mai men baýyr jesý arqyly jaqsylyq pen jamandyqta birge bolyp, týysqandyq



júgin birge kóterisýge sert berisken magıalyq mändi góryp atqarylady. «Qudai» (ýáde) desken, quiryq baýyr jesken» maqla osydan qalsa kerek. Bul – ulttyq kod. Kodymyzdy qazirgidei keibireýler aityp júrgendei qoı etiniń iisi bolýymen, holesterininiń kóptigimen, ziandylygýmen shatastyrmal, kerisinshe, ulttyq erekshesipat retinde, ultyq kod retinde saqtai bilýimiz de kerek.

Tirshiliktiń osy bir sarynnan qazaqtyń búkil salttyq ómirin, dástúrin, mádenietin kórýimizge bolady. Ómirine úlken mán bolyp engenin de sońgy «Qudai» (ýáde) desken, quiryq baýyr jesken» degen mátelinen de kórýimizge bolady. Qazaqtyń búkil ómiri bir-birine degen úlken senimnen turatyndyǵyn, ol senim ýáde, sóz degen sózge baryp tireletinin kóremiz. Demek, aitylgan sóz, atylǵan oq dep qaraityn qazaq úshin ýádelesý, sózge toqtaý degen óte kieli sanalyp, ony buzbaý – ómirdi buzbaýmen, myna san-salaly, qym-qýyt tirshiliktiń uryssyz, janjalsyz biryńǵai syrǵyp ótýine jaǵdai jasaitynyn qazaq filosofialyq turǵydan tereńnen túsingenin paıymdaýymyzǵa bolar edi. Áıtpese, myń qubylǵan, myń qubylatyn sezim degen atsha týlap jatqan nápsiniń jeteginde kete berse, adamdar arasyndaǵy úilesimdi baılanys buzylǵan bolar edi, al adamdar arasyndaǵy úilesim buzylsa, ómir buzylar edi. Osyny filosofialyq turǵydan tereńnen túsingen halqymyz adamdar arasyndaǵy komýníkasıany retteý maqsatynда óte názik árekettermen qarym-qatynasqa túskен. Árine, búginde biz shanshýdyń dál ózin almasaq ta, sondaǵy negizgi ıdeiany alý kerek. Sonda ǵana qazaq mádenietindegi ulttyq kod saqtalatynyna senemiz.

Quda túsyden keiringi keremet dástúrimizdiń biri – kiit kígızý. «Kiit kiý» – «quda boldyq» degen kelisimniń belgisi. Kiit – qudalyqqá árkimniń óziniń jolyna qaraı, iaǵní qudaǵa jaqyndyǵyna qaraı alatyn syı-sıapat. Kiitti árkim óziniń mümkinshilige qaraı kígizedi. «Abaı joly» romany salt-dástúrimizdiń ensiklopediasy deýge tolyq negiz bar. Bireýler «kit» dep ishik, manat kíse, Qunanbai, balasy Abaiǵa Alshynbaídýn Túsip degen balasynyń Dildá degen qyzyn aittyra kelgende «kiit» dep «taıtuaq jamby» alǵan.

Qazirgi kezde kiit kígizbeı qoıa salýdy kózdeıtinder de bar. Árine, qazirgi zamanga sai dep, bárın osy zamanga jaba salý ońai-aq. Degenmen, saltymyzdy jasamasaq, qazaqtyǵymyzǵa syn bolmai ma? Kerisinshe, kiitti qazirgi zamanga laıyqtap kígizdi oılastyrǵan jón-aý. Qoǵamda ártúrlı toptaǵy adamdarbolatyny belgili. Qazirgi ózimizómir súrip jatqan kapitalistik qoǵamda birneshe satydaǵy adamdar ómir súretini aqıqat. Soǵan sáıkes kiit kígizý salty qudalardyń «kórpesine qaraı» bolǵany da jón sekildi. Kiit birin-biri eske alyp otyrýdy, qudalar arasyn jaqyndatady dep oılaımyz. «Kózden ketse, kónilden ketedi» degen qazaq sózi qudalarǵa bergen kiittiń kózden ketpeı, kónilde turar edi degen oıǵa jeteleıdi. Demek, árbir dástúrimizdi joǵaltpai zamanaǵa laıyqtap, qoldana bilý ulttyq kodymyzdy saqtaýǵa, sol arqyly ulttyq bolymysymyzdy qadirleyge jeteleıdi.

Ílý – esik kóre bargan kúieýdiń áke-sheshesiniń qudalaryna ákelgen syıy. Ílý – kiitke orayı bolady. Biraq Qunanbai dosy Alshynbaımen eseptespeı «taıtuaq jambynyń» ornyna odan úlken «Besik



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

jamby» alyp barǵan. Bul – ilýdiń basy. Qudalyqtaǵy qyzdyń qarǵy baýy «qyryq jetisi» — degen salt-joralǵy, ol «ilýden» bólek rásim. Kúieýdiń qaiyn jurtyna alǵash kelýin «Esik kóre kelý», «Qaiyndatý», «Uryn kelý» nemese kei jerlerde «jyrtyssala kelý» dep te ataídý.

«...ózi Arǵynǵa belgili Qazybek, Tilenshiniń Alshynbaıy. Bul atyrapta qazaqtyń odan úlken arýaǵy joq. Sondaı aýylǵa bala qaiyndatý, ásirese urynejberý osal qam emes. Mal-dúnieniń barlyǵynan da kóp úles, mol shyǵyn shyǵarý kerek degen sóz» — deı kelip avtor: «Úı ishiniń bul jónindegi sózderi qalai da bolsa az bolǵan joq, uzaq bolǵan... Baratyn qara maldy aitqanda: jetpis jylqy, otyz túie ataldy. Alshynbaı aýylynan aıary joq. ... jylqy ishinen bir qula aıǵyr, bir jiren aıǵyrdayn úiiri kirgen. Basy osy bolsyn desken. Osydan arǵy úlken ázirlikti tileitín — jyrystyń pul matasy» — dep sýretteidi jazýshy. Sonda ilý basy — besik jamby bolǵanda, ilý — eki úiir jylqy, otyz túie, al jyrtyssalaı, maqpal, manat, dúria, shaǵı sekildi kelinge jasaý tigiletin mata. Iaǵní, kelinge jasaý tigiletin matany qaiyn juryt alyp kelgen. Osyndaı bai dástúrdi maqtan etip kórsetpeı, kerisinshe dástúrdiń tozyǵy dep qaraý — ózimizge jasaǵan qianat emes pe? Máselen, túriktiń tarıhi filmderi «Súleimen sultan», «Kósem dáýiri» t.b. kórgende, búkil bailyqty, tazalyqty bekzattyqty kóremiz. Altarıhi shyndyq basqasha sóileidi góı. Biz nege qazaqtyń osynsha bailyǵyn, qymbat kiumi men bekzat bolmysyn tarıhi filmderde kórsete almaimyz?.. Bizde de qalalar bolyp edi. Minekeı, soýmyzǵa bir qaiyrylyp, rýhani jańgyratyn ýaqytymyz jetti dep sanaimyz.

Osy bir úzindiniń ózinен qazaqtyń bai dástúri kórinedi. Taǵy da qaitalap aitýymyzǵa týra keledi. Qazaqtyń bailyǵyn emes, adamdar arasyndaǵy qarym-qatynastyń rettelýine qyzmet etetin salt-dástúr boldy deýimizge tolyq negiz bar.

Buǵan qosa, qazaqtyń yrymy kóp dep emes, árqaisysyna berilgen ataýdy saqtap, sol saltyy, dástúrdi saqtap, ultymyzǵa, tilimizge qurmet kórsetken jón. Sebebi ulttyń ult bolyp qalyy tikelei tilge baiłanysty.

«Uljan Alshynbaıdikine kóp qazyna ákeldi. Kelgen jylqy, túieden basqa, jyrystyń bul — matasynyń ózi eki úlken atanga artylyp kelip edi. Onyń ishinde kelinge jasaý tigiletin batsayı, maqpal, manat, dúria, shaǵı bólek salynǵan. Birer sandyq osy qymbattarǵa toly bolsa, ózge teńderi qudaqudaǵılar sybaǵasy. Shapan, kamzol, kóilek, sharshy. Jáne tolyp jatqan yrymdar boıynsha tólenetin syı-sıapat. Qalyńmal basy Alshynbaıdyń ózine arnalǵan kesek kúmis — besik jamby. Bul ilý dep atalyp edi. Eki jaqqa da málim, ilý — kütke orai. Osydan on jyl buryn Alshynbaı aýlyna Qunanbaı kep quda túsip, Dildáni Abaıǵa aittyrǵan ýaqytta, bas quda Qunanbaıǵa kiit dep, Alshynbaı aýly kúmis tartqan. Ol kúmistin aty — tai tuıaq, myna besik jambydan kishi edi. Teginde, eseptesip kelse, ádet boıynsha, ilý men kiit kún jaǵynan qarailas bolatyn. Biraq Qunanbaı ony eseptemeı, Alshynbaıǵa óz bergeniniń dál ózin jibermepti».

Mine, qazirgi qazaqtyń qyzdy sata ma, satyp bermeim, baqytty bolsa, boldy degen sózderdiń osy dástúrden keiin beker ekenine kóz jetkizemiz. Sebebi aparǵan zattaryn qaitadan qyzyna jasaý retinde daiyndap sanaimyz.



## ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

beredi. Bul eki jastyń ómir súryine qajetti mal-múlik, dúnie deýimizge bolady.

Osy dástúrimizdi eski demei, qazaq balasynyń jaqsy ómir súrýi úshin qajet dep, sanany jańgyrtar bolsaq, urpaq materialdyq jaǵynan qınalmaı ómir súryine bolar edi dep oılaimyz. Sonymen qatar qoldarynda bar bolǵan soń ǵana olardyń bir-birimen uryspai ómir súryine muryndyq bolar edi dep oılaimyz. Bir suqbatynda Asqar Jumadildaev qazirgi jastardyń jaqsy ómir súrýi úshin turaqty jumys, qarjy kerek. Sonda olardyń mahabbattary mángilik bolady degen bolatyn. Mine, osy sózge toqtai otyryp, qalyń mal berý – qazaqtyń eskiligi, qyzdy satý dep qaramai, kerisinshe, qazaqtyń jastaryna degen ata-ananyń qamqorlyǵy dep jańgyrtýymyzǵa bolady.

«Biraq ulttyq kodymdy saqtaimyn dep boıýndaǵy jaqsy men jamannyń bárın, iaǵní

bolashaqqa senimdi nyǵaityp, algá bastaıtyn qasietterdi de, kejegesi keri tartyp turatyn, aiaqtan shalatyn ádetterdi de ulttyq sananyń aıasynда súrlep qoýǵa bolmaityny aıdan anyq» degen Elbasy maqalasyndaǵy osy qaǵıda bizdiń sózimizdiń aıqyn dáleli bola alady.

«...ulttyq kod, ulttyq mádeniet saqtalmasa, eshqandaı jańgyrý bolmaıdy».

«Dástúrdıń ozyǵy bar, tozyǵy bar» deidi qazaq. Dástúrdıń ozygynyń da, tozygynyń da qazaq halqynyń ómirinde mańzy bar bolǵanyn atap ótkimiz keledi. Ultymyzyń áleýmettik ómirinen habar beredi. Sonymen qatar, qazaqtyń ómirine, tártibine, tárbiesine belgili bir dárejede úlesin qosty. Sondyqtan da ony tozyq demei, qasterlep, jańgyrtyp qoldanǵan jón dep sanaimyz.



**РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ:**

Авторлардың стилі, орфография қақы сакталады.  
Мақалалар редакцияның көзқарасын білдірмейді.

# **ТУҒАН ТІЛ**

Мемлекеттік тілді дамыту институтының  
компьютер орталығында теріліп, беттелді.

**КОРРЕКТОРЫ:**

**Аягүл Омарова**

**ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:**

**Жазира Бексейтова**

Теруге жіберілген күні 01.09.2021 ж.

Басуға қол қойылған күні 17.09.2021 ж.

Шартты баспа табағы 12,7.

Пішімі 60x90 1/8

Таралымы 100 дана

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы

Қазақстан Республикасы, 050010,

Алматы қ., Құрманғазы, 40, бөл. 42

[tugantil2019@mail.ru](mailto:tugantil2019@mail.ru)